BAITEREK

DAMU

КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМЫТУ ҚОРЫ

# 2015 «ДАМУ» КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМЫТУ ҚОРЫ» АҚ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ



DAMU

КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМЫТУ ҚОРЫ

# «ДАМУ» КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМЫТУ ҚОРЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ 2015 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

BAITEREK

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА
МИНИСТРЛІГІ

# МАЗМҰНЫ


| | | |
|---|---|---|
| | 2015 жылдың қорытындысы бойынша қызметтің негізгі көрсеткіштері | 6 |
| | Жылдың негізгі оқиғалары | 7 |
| | Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі | 8 |
| | Басқарма Төрағасының үндеуі | 10 |
| 1 | **Қор туралы ақпарат** | 12 |
| 2 | **Қор миссиясы, көрінісі. 2023 ж. дейін Қордың стратегиялық бағыттары, мақсаттары мен міндеттері** | 16 |
| 3 | **Қазақстандағы ШОК талдау. 2016 жылға Қазақстандағы ШОК және экономиканың даму келешегі** | 22 |
| 4 | **Қызметтің негізгі бағыттары** | 30 |
| 5 | **Қызмет нәтижелерін бағалау** | 37 |
| 6 | **Ақпараттық белсенділік және маркетингтік қызмет** | 42 |
| 7 | **Болашақтағы кезеңге қойылатын жоспарлар туралы жалпы ақпарат** | 46 |
| 8 | **Тәуекелдерді басқару жүйесі туралы жалпы ақпарат** | 48 |
| 9 | **Корпоративтік басқару жүйесі туралы ақпарат** | 52 |
| 10 | **Директорлар кеңесі және Директорлар кеңесі комитеттерінің қызметі туралы есептер** | 68 |
| 11 | **Басқарма қызметі туралы есеп** | 75 |
| 12 | **Басқарма және Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы тағайындаудың негізгі қағидалары** | 78 |
| 13 | **Қордың тұрақты дамуы** | 80 |
| 14 | **Жылдық қаржылық есептілік және аудиторлық қорытынды** | 86 |
| | Мекен-жайлар мен байланыстар | 92 |

## Қызметтің корпоративтік көрсеткіштері

| № | ҚКК атауы | Дерек | | | 2015 жыл | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 2012 жыл | 2013 жыл | 2014 жыл | Жоспар | Дерек | Жоспардың орынд.% |
| 1 | Қаржы бағдарламалары бойынша кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған қаражаттар көлемі, млрд. теңге | 331,1 | 295,4 | 439,4 | 469,6 | 523,7 | 112% |
| 2 | Құрылған жұмыс орындарының саны, дана. | 3 443 | 14 901 | 24 836 | 25 697 | 25 900 | 101% |
| 3 | Нарықтағы ШОБ белсенді субъектілерінің жалпы санындағы қолдау көрсетілген ШОБ субъектілерінің үлесі, % | 1,7% | 4,5% | 7,5% | 5,0% | 6,4% | 128% |
| 4 | Оқыту бойынша бағдарламаларға қатысушылардың саны, адам | 18 148 | 22 198 | 24 557 | 22 875 | 27 916 | 122% |
| 6 | Қашықтан көрсетілетін қызметтерді алған клиенттердің саны, адам | - | - | 38 251 | 45 625 | 59 705 | 131% |

## Тиімділілік көрсеткіштері

### ROA, активтердің пайдалылығы




### Таза кіріс, мың теңгемен




## Баланс көрсеткіштері (млн. теңгемен)




### ROA капиталдың пайдалылығы








# 2015 жылғы негізгі корпоративтік оқиғалар:

1. 2015-2018 жылдарға кәсіпкерлік құзыретін арттырудың бірыңғай бағдарламасы бекітілді.

2. Орал қаласында жаңа Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы ашылды, ол тегін заңгерлік көмек, сондай-ақ бухгалтерлік, салықтық, маркетингтік мәселелер бойынша көмек көрсетеді және қызметкерлер құрамын іріктеу бойынша кеңес беруді жүргізеді.

3. Қордың кепілдігі негізінде Еуропалық Қайта Құру және Даму Банкі «БанкЦентрКредит» АҚ-на 8,61 млрд.теңге мөлшерінде қаражаттар бөлді (оның ішінде 1,86 млрд.теңге «Бизнестегі әйелдер» бағдарламасына, 6,75 млрд. теңге ШОБ қолдауға).

4. Әзірбайжан, Қырғызстан, Қазақстан Республикаларының экономика министрліктерінің өкілдерінің, сондай-ақ Түркияның шағын және орта бизнесті дамыту ұйымы мен Қордың арасында Түркі кеңесі мүше елдерінің шағын және орта кәсіпкерлік саласындағы өзара түсіністік туралы Меморандумға қол қойылды.

5. Өңдеу өнеркәсібі саласында жұмыс істейтін ШОКС кейінгі несие беру үшін 50 млрд.теңге мөлшерінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Қорының 3-ші траншын орналастыру туралы ЕДБ Несие келісімдеріне қол қойылды.

6. Алматы қ. Әкімдігімен ШОКС өңірлік қаржыландыру бағдарламасын іске асыру шеңберіндегі ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды, 2 млрд.теңге мөлшерінде бюджеттік қаражаттар тартылды.

7. Азия Даму банкінен 62,8 млрд. теңге мөлшерінде 3-ші транш қарыз қаражаттары тартылды, қаражаттар 4 ЕДБ-де орналастырылды.

8. VIII Астаналық экономикалық форумның шеңберінде «P4D: Кәсіпкерлер үшін жаңа мүмкіндіктер» тақырыбына жинақтамалы сессия өткізілді. Сессияға 235 адам қатысты.

9. Алматы қаласының Әкімімен бірлесіп «Қазақстанда жасалған» Қазақстандық өндірушілер форумы өткізілді, форумға Қазақстанның барлық аймақтарынан 300 адам қатысты. Форум шеңберінде 80 экспоненттерге көрме өткізілді.

10. «KazFranch-2015» үшінші Форумы өткізілді, оған 300 адам қатысты. Форум шеңберінде Қазақстанның аймақтарынан 20 франчайзерлер қатысқан көрме өткізілді.

11. Астана қаласы Әкімдігімен Астана қаласының шағын және орта бизнес жобаларын қаржыландыру бағдарламасына қаражаттарды бөлу туралы Несие шартына қол қойылды. 800 млн.теңге мөлшерінде бюджет қаражаттары тартылды (оның ішінде 500 млн.теңге ШОБ қаржыландыруға, 300 млн.теңге жас жаңа бастаған кәсіпкерлерді қаржыландыруға бөлінген).

12. Жастар кәсіпкерлігінің Республикалық форумы өткізілді, оған 307 адам қатысты.



*Премьер-Министрдің Бірінші Орынбасарының - Директорлар кеңесінің Төрағасының алғы сөзі*

## Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту кез келген елдің экономикасының негізі болып табылады. Дамыған елдердің тәжірибелері шағын және орта кәсіпкерлікті қалыптастыру мен дамытудың экономиканы сауықтыру үшін қолайлы жағдай жасайтындығын көрсетеді: бәсекелес орта қалыптасады және дамиды, салалық және аймақтық монополизмді жеңіп шығады, нарықты молықтыру жүзеге асады, экспорттық әлеует артады, жұмыс орындары құрылады және орта буын табы қалыптасады.

Қазақстанда ШОБ қолдау Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевпен жүргізіліп отырған мемлекеттік экономикалық даму саясатының басым бағыттарының бірі болып табылады.

Бұл міндетті іске асыруда «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-на маңызды орын берілген.

Қорға, оның 2014-2023 жылдарға даму стратегиясына сәйкес келесі мақсаттар қойылған: шағын және орта кәсіпкерлікке қаржылық қолдау көлемдерін арттыру, қаржы институттарымен бірлесіп ШОБ субъектілерін қаржыландыру тетіктері мен ынтымақтастық бағыттарын кеңейту, қосымша қорландыруды тарту, кәсіпкерлерді оқыту және біліктіліктерін көтеру, кеңес беру қызметтерінің инфрақұрылымын дамыту, шағын және орта бизнес үшін бірыңғай ақпараттық аланды ендіру.

Қазақстанда кәсіпкерлікке кешенді қолдау көрсетудің тиімді құралы «Бизнестің жол картасы 2020» Бірыңғай бағдарламасы болып табылады.

Аталған бағдарламаның шеңберінде кәсіпкерлер несиелер/лизингтік мәмілелер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау, несиелерге ішінара кепілдік беру, оқыту, бизнесті жүргізуге сервистік қолдау көрсету, шетелдік тағылымдамалар және т.б. түрінде қолдауды ала алады.

Қаржы ресурстарының қол жетімділігін арттыру үшін кепілдік берудің балама бағдарламасы ендірілетін болады, жобаның Қорда ары қарай қайталама сараптамасын болдырмайтын барлық серіктес-банктерде несие жобаларын қарастырудың бірыңғай технологиясы әзірленді және т.б.

Қордың тарапынан жаңа бастаған және әрекет етуші кәсіпкерлерді қолдау көрсетумен қамтуды кеңейту үшін франчайзингтік және факторингтік мәмілелерді ары қарай қаржыландыру үшін банктер немесе басқа қаржы ұйымдары арқылы қаражаттарды шартты орналастыру құралдарын пайдалану мәселелері пысықталатын болады.

2016 жылы микроқаржы ұйымдарына қолдау көрсетудің жеке бағдарламаларын іске қосу жоспарланып отыр. Оның негізгі мақсаты қол жетімді қаржыландырудың жетіспеушілігі сезілетін аудандарда кәсіпкерлерді қамту болып табылады.

***Қазақстанда ШОБ қолдау Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевпен жүргізіліп отырған мемлекеттік экономикалық даму саясатының басым бағыттарының бірі болып табылады.***

Сонымен қатар, Қор Қазақстанның аймақтарында және экономиканың басым секторларында мақсатты аймақтық және салалық бағдарламаларды іске қосу есебінен жеке қаржы институттарының ШОБ-ті қаржыландыруын кеңейтуіне ынталандыруға ұмтылатын болады.

Алға қойылған міндеттер Қазақстанның мықты кәсіпкерлік секторын ары қарай қалыптастыруға ықпалын тигізетіндігіне сенімдімін.

*Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші Орынбасары,*
*Директорлар кеңесінің Төрағасы*

***Б.Ә.Сағынтаев***



*«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқарма Төрағасының алғы сөзі*

## Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Өткен 2015 жыл біздің Қор үшін өнімді жыл болды, біз өз қызметімізде белгілі бір табыстарға қол жеткіздік, шағын және орта кәсіпкерлікке қолдау көрсету бойынша ауқымды жұмыс жүргізілді.

2015 жылы қол жеткізілген нәтижелер мен болашақ жылдарға жоспарлар туралы қысқаша айтып өткім келеді.

**«Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы**

2015 жылғы 31 наурызда қаржылық агенті Қор болып табылатын «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы (бұдан былай - Бірыңғай бағдарлама) бекітілді. Бірыңғай бағдарлама 4 жаңа бағытты қарастырады: 1) ауылдық елді мекендер, шағын қалалар мен моноқалалар кәсіпкерлерінің жаңа бизнес-бастамаларын қолдау; 2) қызметін экономиканың басым салаларында және өңдеу өнеркәсібі салаларында жүзеге асыратын кәсіпкерлерді салалық қолдау; 3) кәсіпкерлердің валюталық тәуекелдерін төмендету; 4) кәсіпкерлікті қолдаудың қаржылай емес шараларын ұсыну.

Бірыңғай бағдарлама шеңберінде 2015 жылы сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау түрінде 1 595 жоба (жоспардан 106%) қолдау алды. Сондай-ақ 2015 жылы кәсіпкерлерге арналған интернет-портал іске қосылды, оның көмегімен қатысушылар онлайн-режимде субсидиялау жөніндегі қажетті ақпараттарды ала алады.

2015 жылы 941 жобаға кепіл берілді, бұл 2014 жылға қарағанда 2 есе көп. 2015 жылы ЕДБ Қор кепілдігімен берген несиетер сомасы 27 млрд. теңгені құрады.

2015 жылы Бірыңғай бағдарлама бойынша Қордан қолдау алған кәсіпкерлер 1 680 млрд. теңгеге өнім өткізді, бұл 2014 жылмен салыстырғанда 20%-ға көп, 115,1 млрд. теңгені құрайтын  салық төледі (2014 жылмен салыстырғанда 5%-ға өсті), 8,7 мың жұмыс орнын жасады (2014 жылмен салыстырғанда 8%-ға өсті).

**Қазақстан Республикасының Ұлттық Қорының Қаражаттары**

2015 жылдың наурызында Қорға Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 50 млрд. теңге мөлшерінде үшінші транш берілді, оны 2016 жылдың наурызында игеру жоспарлануда. 2015 жылғы желтоқсанда 50 млрд. теңге мөлшерінде екінші транш толығымен игерілді.

Нәтижесінде 2016 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша екінші транш бойынша жалпы сомасы 64 млрд. теңгені құрайтын 298 жоба қаржыландырылды, соның ішінде айналым қаражатын толтыру (бұдан былай - АҚТ) мақсатында - сомасы 34,5 млрд. теңгені құрайтын 152 жоба, азық-түлік саласындағы АҚТ - сомасы 24,5 млрд. теңгені құрайтын 88 жоба. 2016 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша үшінші транш бойынша жалпы сомасы 43 млрд. теңгені құрайтын 333 жоба қаржыландырылды, соның ішінде қайта қаржыландырылғаны - сомасы 12 млрд. теңгені құрайтын 84 жоба, АҚТ – 109 жоба (12,5 млрд. теңге), азық-түлік саласындағы АҚТ – 123 жоба (15,5 млрд. теңге).

2015 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының қаражаты есебінен Қор қолдауын алған кәсіпкерлер 480 млрд. теңгеге өнімдер өткізді, бұл 2014 жылмен салыстырғанда 118%-ға көп, 26,6 млрд. теңге салық төледі (2014 жылмен салыстырғанда 4%-ға өсті), 9,2 жұмыс орнын жасады (2014 жылмен салыстырғанда 106%-ға өсті).

**Халықаралық қаржы ұйымдарынан қаражаттарды тарту**

Қор ЕДБ арқылы шағын және орта бизнесті (бұдан былай – ШОБ) қаржыландыру үшін халықаралық қаржы институттарының қаражаттарын тартады. 2015 жылы Қор Азия Даму Банкінен мемлекет кепілдігімен алынған $500 млн қарыздың үшінші траншын тартуды аяқтады. 2015 жылғы қазанда қаражат екінші деңгейлі банктерге $228 млн немесе 62,8 млрд. теңге көлемінде орналастырылды. Бұл бағдарламаның ерекшелігі мұнда салалық шектеулердің болмауы, сыйақы мөлшерлемесі 14-16% шегінде.

2015 жылы алғаш рет Қор кепілімен Европалық Қайта құру және даму банкі «БанкЦентрКредит» АҚ-на 8,61 млрд. теңге мөлшерінде қарыздық қаражат ұсынды (с.і. 1,86 млрд. теңге «Бизнестегі әйелдер» бағдарламасына, 6,75 млрд. теңге ШОБ қолдауға).

2015 жылы Халықаралық Қаржы Ұйымдарынан берілген қаражат есебінен 59 млрд. теңге сомаға 953 қарыз алушы қаржыландырылды. 2 081 жұмыс орны жасалды.

**Әкімдіктердің қаражаттарын тарту**

2015 жылы Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін (бұдан былай – ШОБС) аймақтық қаржыландыру бағдарламасы шеңберінде жергілікті атқарушы органдардан - Астана қаласы мен Алматы қаласының әкімдіктерінен 2,8 млрд. теңге мөлшерінде қаражат тартылды.

Қаржыландырудың жалпы пұлы Қормен бірлесіп 6,1 млрд. теңгені құрады. Қаражат Астана қаласында ШОБ және «Astana – ZhasStarT» және Алматы қаласында «Жібек жолы» қаржыландыру бағдарламалары шеңберінде бөлінді.

**Қаржылай емес қолдау**

Қор оқыту және консалтинг нысанында қаржылай емес қолдау көрсетеді.

2015 жылы Қордың Директорлар кеңесі «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ «2015-2018 жылдарға арналған кәсіпкерлік құзыретін арттырудың бірыңғай бағдарламасын» бекітті, осы бағдарлама шеңберінде жаңадан бастаған, сондай-ақ әрекет етуші бизнеске қаржылай емес қолдау көрсетіледі.

Қордың Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтарында (ККҚО) 2015 жылы 58,9 мың клиентке қызмет көрсетілді, оларға 117,1 мың кеңес берілді. Бұл 2014 жылға қарағанда шамамен 26%-ға көп. Мобильді ККҚО аймақтарда 12 790 клиентке қызмет көрсетті 18 481 жуық кеңес берілді.

**Қаржылық нәтиже**

2015 жылғы қызмет нәтижелері бойынша Қор оң қаржылық нәтижеге қол жеткізді. Таза табыс 15,6 млрд. теңгені құрады.

**2016 жылға жоспарлар**

2016 жылы Қор бірқатар жеке бағдарламаларын іске қосуды жоспарлауда. Олардың арасында микроқаржыландыру, франчайзинг, факторинг, кәсіпкерлерді қолдау жөніндегі оқыту бағдарламалары, Қор бағдарламаларына қатысатын қаржы институттарының жұмыскерлерін оқыту және т.б. бар. 2015 жылы 180 миллион теңгеге дейінгі несиелер бойынша «Бизнестің жол картасы 2020»  бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде жеке кәсіпкерлік субъектілеріне берілетін несиелер бойынша кепілдіктер ұсыну» мемлекеттік қызметін автоматтандыру бойынша жұмыстар басталды, 2016 жылы оны «электронды үкіметтің» веб-порталына www.egov.kz орналастыру жоспарлануда  .

2016 жылы Қор Әкімдіктердің және Азия даму банкі, Европалық қайта құру және даму банкісі сияқты халықаралық қаржылық уйымдарының қаржысын тарту бойынша белсенді жұмыстарын жалғастырады.

Алға қойылған мақсаттарды іске асыру Қазақстан Республикасы экономикасының қаржынды дамуында негізгі рөлді атқаратын ШОБ дамытуға елеулі үлес қосуға мүмкіндік береді.

*Басқарма Төрағасы**

***Ибрагимова Л.Е.***

**2011 жылдың қаңтарынан бастап  2016 жылдың қаңтарына дейін*






# 1 ҚОР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ (бұдан әрі — Қор) – ұлттық даму институты, мемлекет активтерін басқару бойынша оператор. Негізгі мақсаты - Қазақстан Республикасында ШОБС қалыптасуын және экономикалық дамуын ынталандыру, мемлекеттің ШОБ қолдауға бағытталған қаржылық құралдарды қолдану тиімділігін арттыру.
Қор кәсіпкерлерге арналған өнімдер мен қызметтердің ауқымды спектрін ұсынады: екінші деңгейлі банктер арқылы несие беру бағдарламалары, лизингтік мәмілелерді қаржыландыру, пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау, кепілдік беру, бизнес негіздеріне оқыту, консультациялық қолдау, ақпараттық-аналитикалық материалдарды тарату.

**Қордың бизнес-үлгісі**

**Шағын және орта бизнесті қолдау**

- Қаржылық қолдау
  - Қаражатты шартты орналастыру
  - Сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау
  - Кепілдендіру
- Қаржылық емес қолдау
  - Кәсіпкерлердің құзыретін жоғарылату (оқыту, консалтинг)

| Қаражатты шартты орналастыру | Сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау | Кепілдендіру | Кәсіпкерлердің құзыретін жоғарылату (оқыту, консалтинг) |
|---|---|---|---|
| Несиелерінің жалпы сомасы **236,6** **млрд. теңгені** құрайтын **3 650** қарыз алушы қаржыландырылды | Несиелерінің жалпы сомасы **260,13** **млрд. теңгені** құрайтын **1 595** жобаға қол қойылды | Несиелерінің жалпы сомасы **27** **млрд. теңгені** құрайтын **941** кепіл беру шартына қол қойылды | ҚҚКО және ҚҚМО **71 786** клиент кеңес алды |

# ҚОРДЫҢ ТАРИХЫ

**1997** Қорды құру (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 26 сәуірдегі №665 «Шағын кәсіпкерлікті дамыту қорын құру туралы» қаулысы»[1])

**1997-2001** Отандық тауар өндірушілерді қолдау шараларының бағдарламасы бойынша мемлекет бюджетінің қаражаттарын, сонымен қатар Еуропа Қайта құру және даму банкінің және Азия Даму банкінің кредиттік желілері бойынша қаражаттарын есепке алу және қолданылуын бақылау агенті функцияларын жүзеге асыру.

**2002-2007** Шағын бизнеске жеке қаражаты есебінен несие беру. Қор «Республика бюджеті қаражатынан шағын кәсіпкерлік субъектілеріне несие беру бағдарламасын» және «2004-2006 жылдарда шағын қалаларды дамыту бағдарламасын» іске асырды.

**2005-2007** Жобалық қаржыландыру және лизинг бағдарламаларын, Қазақстанда микро несие беру жүйесін дамыту бағдарламаларын, екінші деңгейлі банктерден алынатын ШК субъектілерінің несиелерін кепілдендіру бағдарламаларын іске асыру арқылы шағын кәсіпкерлікті қолдауды жүзеге асыру.

**2007** –қазіргі уақытқа дейін. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Тұрақтандыру бағдарламасының қаражаттарын шартты орналастыру бойынша оператор функциясын жүзеге асыру.

**2010** –қазіргі уақытқа дейін. Қор кәсіпкерлердің несиелері / лизингтік мәмілелері бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялаудың және кәсіпкерлердің банк/лизингтік компаниялар алдындағы несиелерін кепілдендіру қаржылық агенті болып табылады, сонымен қатар «Бизнестің жол картасы 2020» мемлекеттік бағдарламасы (бұдан былай – «БЖК 2020» бағдарламасы) шеңберінде оқыту және кеңес беру бағдарламалары операторының функцияларын орындайды

**2013** –қазіргі уақытқа дейін. Жалғыз акционер – «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ

[1]*Қордың бұрынғы атауы: «Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ.*





# ҚОР ҚЫЗМЕТІНІҢ ГЕОГРАФИЯСЫ

Қор Қазақстанның барлық аумақтарында ұсынылған. Аймақтық желіні барлық облыс орталықтарындағы, сонымен қатар Астана және Алматы қалаларындағы 16 филиал құрайды. Оның үстіне, кәсіпкерлерді қолдау инфрақұрылымы 18 Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтарымен, 14 мобильді Кәсіпкерлікті қолдау орталықтарымен ұсынылған. Оқыту және кеңес беру бағдарламалары шеңберінде Қор Қазақстанның барлық 209 қалалары мен аудандарындағы аудиторияны қамтуды қамтамасыз етеді.




- Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтары
- Моноқалаларда, аудан орталықтарында және шағын қалаларда кәсіпкерлікті қолдау орталықтары
- Мобильді кәсіпкерлікті қолдаудың орталықтары





# 2 ҚОРДЫҢ МИССИЯСЫ, КӨРІНІСІ

## Қордың миссиясы

Қордың миссиясы — құзыретті дамыту бойынша қаржы құралдары мен бағдарламалардың кең спектрінен тұратын кешенді қолдау арқылы Қазақстанның ШОБ сапалы дамуына көмектесу.

## Қордың көрінісі

2022 жылға Қордың көрінісі — ШОБ қолдау және дамыту бойынша мемлекет саясатын іске асырушы тиімді ұлттық институт.

Қордың миссиясы, көрінісі

## 2023 жылға дейінгі қордың стартегиялық бағыттары, мақсаттары мен міндеттері

Өз миссиясын және көрінісін іске асыру мақсатында Қор келесі дамытудың стратегиялық бағыттары бойынша жұмыс жүргізеді:

| № | Стратегиялық бағыттары | Стратегиялық мақсаттары | Стратегиялық міндеттері | Қызметінің ҚКК: ҚКК атауы | 2015 жоспар | 2015 дерек | 2016 жоспар | 2023 дерек |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | ШОБ субъектілеріне қаржылық қолдау көрсетуді қамтамасыз ету | ШОБ арналған несиелік ресурстардың қолжетімділігін арт-тыру | 1.1. ШОБ қаржылық қолдау көлемін ұлғайту | Несие қоржыны | 234 млрд теңге | 247 млрд теңге | 259 млрд теңге | жылғы С 206 млрд. теңгеден 2023 жылы 869 млрд. теңгеге дейін 2023г |
| | | | | Нарықтағы ШОБ белсенді субъектілерінің жалпы санындағы қолдау көрсетілген ШОБ субъектілерінің үлесі | 5,0% | 6,4% | 4,1% | 2023 жылы 11,2% дейін |
| | | | | Қаржылық бағдарламалар бойынша кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған қаражат көлемі | 469,6 млрд теңге | 523,7 млрд теңге | 451,0 млрд теңге | 2014 жылғы 328 млрд. теңгеден 2023 жылғы 583 млрд. теңгеге дейін |
| | | | 1.2. Қаржы институттарымен бірлесіп серіктестік бағыттарын және ШОБ қаржыландыру / қосалқы қаржыландыру механизмдерін кеңейту | Шартты қаржыландыру бағдарламасымен берілген несиелер бойынша ЕДБ тарабынан ШОБ субъектілерін қосалқы қаржыландыру мультипликаторы | - | - | - | 2023 жылы 1:2 |
| | | | 1.3. ШОБ қаржыландыру көлемін ұлғайту үшін ішкі және сыртқы нарықтарында қосымша қорландыруды тарту | Бюджеттен тыс негіздерден ШОБ субъектілерін қаржыландыруға қаражат тарту үлесі | 22,0% | 27,0% | 49% | 2023 жылы 20%-дан 40%-ға дейін |
| 2 | ШОБ субъектілерінің құзыретін дамыту | ШОБ субъектілерінің кәсіпқойлығын арт-тыру және халықты кәсіпкерлікке тарту | 2.1. Кәсіпкерлер үшін кеңес беру қызметтерінің инфрақұрылымын дамыту | Кәсіпкерлер құзыреті орталықтарының клиенттерінің саны | 41 210 адам | 71 786 адам | 4 780 адам | 2014 жылы 33,2 мың ШОБ субъектілерінен 2023 жылы 188 мың ШОБ субъектілеріне дейін |
| | | | 2.2. Кәсіпкерлерді оқыту және құзыретін жоғарылату | Оқыту бағдарламаларына қатысушылар саны | 22 875 адам | 27 916 адам | - | 2014 жылы 22,5 мың адамнан 2023 жылы 25,5 мың адамға дейін |
| | | | | Бизнес ашқан оқыту бағдарламасына қатысушылардың үлесі | 11,0% | 12,0% | 12,0% | 2014 жылы 10%-дан 2023 жылы 25%-ға дейін |
| | | | | Кәсіпкерлердің жүргізілген оқытуға қанағаттану дәрежесі | кемінде 80% | 93% | кемінде 80% | 2014 жылы кемінде 80%-дан 2023 жылы кемінде 85%-ға дейін |
| | | | 2.3. ШОБ арналған бірыңғай ақпараттық алаңдарды енгізу және қашықтықтағы консалтингтің басқа да нысандарын дамыту | Қашықтықтан басқарылатын қызметтер алған клиенттер саны | 45 625 адам | 59 705 адам | 54 750 адам | 36,5 мың адамнан 2023 жылы 146 мың адамға дейін |

## КЛИЕНТ:

# ЖК «AEGIS»




## *Ерлердің сұлулық салоны*

ЖК «AEGIS» жобасының мақсаты «OLD BOY» ресейлік франшизасы бойынша «Барбершоп» ерлердің сұлулық салонын ашу болды.

Жобаны іске асыру үшін алматылық Алан Цой Қордың жаңа бастаған жас кәсіпкерлерге арналған Қордың ішінара кепілдік беру өнімін тарта алады, мұнда қауіпті ұстарамен қырыну да бар, әртүрлі күрделіліктегі татуировкаларды да жасауға болады, сондай-ақ шаш пен сақал күтімі бойынша кәсіби құралдарды сатып алуға болады.

Алан Цой салонның басымдылықтарының арасында несиелерге ішінара кепілдік беру өнімі бар, онда жаңа бастаған жас кәсіпкерлер үшін несие бойынша кепілдік қамтамасыз ету түрінде 85% дейін Қордың кепілдемесі беріледі, сондай-ақ жеңілдікті қаржыландырумен (жылдық 7% көп емес) «Жібек Жолы» Бағдарламасы бар. Міне,







***Жобаны іске асыру үшін алматылық Алан Цой Қордың жаңа бастаған жас кәсіпкерлерге арналған Қордың ішінара кепілдік беру өнімін тарта отырып, «Bank RBK» АҚ-на «Жібек Жолы» бағдарламасы бойынша 5 711000 теңге мөлшерінде қаржыландыру үшін өтініш білдірді.***

отырып, «Bank RBK» АҚ-на «Жібек Жолы» бағдарламасы бойынша 5 711000 теңге мөлшерінде қаржыландыру үшін өтініш білдірді.

«Барбершоп» клиенттері, тек қана ер адамдар, олар шаштараз қызметтері, маникюр және педикюр қызметтерін пайдалана мұқият іріктеуден өткен кәсіпқой шеберлер мен жоғары деңгейдегі сервисті атап өтті. Мұнда тегін салқын сусындарды ұсынады, олар шаш алу құнына кіреді, күту залында ойын приставкасы орнатылған.

«Бизнестің жол картасы -2020» бағдарламасының аясында осы өнімдердің арқасында менің жобам ең төменгі шығындармен іске асырылды»- деп атап өтті Алан Цой.

Бүгінгі күнге «OLD BOY» ерлер салоны Алматы қаласында кеңінен танымал болып отыр.



## КЛИЕНТ:

# «Таткрафт-Инвест» ЖШС




## *Бөлшек сауда*

Петропавловскіде «Таткрафт-Инвест» ЖШС-нің бірінші «Семейный» сауда-ойын сауық кешені салынды. Компания АТФБанкінде несие бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау түрінде «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасының шеңберінде жүзеге асырылуда.«Бизнестің жол картасы 2020» көмегімен «Таткрафт-Инвест» ЖШС банктің пайыздық мөлшерлемесін жылдық 7 % дейін арзандатты.

«Семейный» сауда-ойын сауық кешенінде гипермаркет, өнеркәсіптік тауарлар аймағы, көп, гипермаркетте ұсынылған өнімнің ассортименті 50 мың атаудан асады. «Kinder-land» балалар ойын-сауық орталығында 3 жастан бастап балаларға арналған атракциондар ұсынылған. Жоба бойынша шамамен 250 жұмыс орындары құрылды.



*Сауда кешенінің жалпы аумағы*

**14 861**

*ш. метрден көп*



***Несие қаражаттарына компаниямен бірнеше жобалар табысты іске асырылып отыр, негізінен негізгі құралдарды сатып алуға және «Семейный» сауда-ойын сауық орталығын қайта құрылымдау және «Kinderland» балалардың ойын-сауық орталығын ұйымдастыру жүзеге асырылуда.***

мемлекеттік қолдауды алады.

Несие қаражаттарына компаниямен бірнеше жобалар табысты іске асырылып отыр, негізінен негізгі құралдарды сатып алуға және «Семейный» сауда-ойын сауық орталығын қайта құрылымдау және «Kinder-land» балалардың ойын-сауық орталығын ұйымдастыру балалардың ойын-сауық орталығы, мейрамхана кешені, өндіріс цехтары орналасқан. Компания «Қазақстанда жасалған» республикалық акциясын белсенді қолдайды – кешеннің сауда желісінде солтүстік қазақстандық өндірушілердің өнімі кеңінен ұсынылған. Сауда кешенінің жалпы аумағы 14 861 ш.метрден

«Сауатты мемлекеттік саясаттың арқасында Қазақстанда бизнес дамып келеді. Біздің қалаларамыз түрленіп отыр, біз жаңа жұмыс орындарын құрамыз, бюджетке салықтық түсімдерді қамтамасыз етеміз» - деп атап өтті «Таткрафт-Инвест» ЖШС басшысы Андрей Исаков.








# 3 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ШОК ТАЛДАУ. ДАМУ КЕЛЕШЕГІ

## *Қазақстанда ШОК даму көрсеткіштері*

Еліміздегі экономикалық жағдайды есепке ала отырып, 2015 жылы Қазақстанда тіркелген ШОК субъектілері санының 1 530 мың бірлікке дейін 7%-ға төмендегендігі анықталды. Бұл ретте олардың еліміздегі шаруашылық субъектілердің жалпы санындағы үлесі 2014 жылғы деңгейде сақталып қалды – 96%. Салалық бөлікте 2015 жылы сәл ғана өсім білім беру, құрылыс, сумен қамту және тау-кен өндіру өнеркәсібі салаларында байқалды. ШОК тіркелген субъектілерінің санының азаюы сауда, ауыл шаруашылығы, көлік және қоймада сақтау салаларында байқалды.

**Тіркелген ШОК субъектілерінің санының динамикасы**




ШОК тіркелген субъектілері, мың бірлік.

Шаруашылық субъектілерінің жалпы санындағы ШОК субъектілерінің үлесі, % (оң жақ ось)

*Дереккөз: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитеті (www.stat.gov.kz)., *шұғыл деректер*

Өткен жылдардағы сияқты 2015 жылы Қазақстан экономикасында жұмыспен қамтылған халық саны артқандығы байқалады. Алдын ала деректер бойынша 2015 жылдың соңында жұмыспен қамтылған халық – 8 624 мың адам. Бұл ретте 2016 жылғы 1 қаңтарда ШОК жұмыс істейтіндер саны 3 147 мың адамды (барлық жұмыспен қамтылғандардың 36%) құрады.

## Жұмыспен қамтылған халық санының динамикасы




Экономикада жұмыспен қамтылған халық, мың адам

ШОК жұмыспен қамтылған халық, мың адам

ШОК жұмыспен қамтылған халық үлесі, % (оң жақ ось)

*Дереккөз: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитеті (www.stat.gov.kz), * шұғыл деректер*

Соңғы төрт жыл ішінде Қазақстандағы ЖІӨ нақты көріністе өсуін көрсетті. 2015 жылы көршілес Ресей Федерациясының экономикасының даму қарқынының төмендеуі (-3,7%[2]) жағдайында және шикізат секторының табысының азаюына қарамастан, Қазақстанның ЖІӨ 1,2%-ға артып, 40 761 млрд. теңгені құрады. Тауарлар өндірісі ЖІӨ 36,3% қалыптастырады (олардың ішінде 25,5% – бұл өнеркәсіптік өндіріс), қызметтер көрсету – 56,8%, өнімдерге салынатын салықтар – 6,9%.

2015 жылы ШОК өнім шығаруы 15 858 млрд. теңгені құрады. Өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда бұл көрсеткіш (салыстырылған бағада) 1,8%-ға өсті. 2015 жылы ШОК өнімдері көлемінің 63,9% шағын кәсіпорындар шығарған, 20,9% – орта кәсіпорындар және тағы 15,2% - жеке кәсіпкерлер мен шаруа қожалықтары. ШОК ЖІӨ-ге жаппай қосылған құнының үлесі 2015 жылы 25,6%-ға бағаланады.

## ЖІӨ және ШОК өнімдерін шығару динамикасы




ЖІӨ, млрд. теңге

ШОК өнімдер шығаруы, млрд. теңге

ЖІӨ-гі ШОК ЖҚҚ үлесі, % (оң жақ ось)

*Дереккөз: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитеті (www.stat.gov.kz), * шұғыл деректер*

[2]*IMF "World Economic Outlook", 2016 жылғы сәуір*





# Кәсіпкерлікті несиелендіру көрсеткіштері және Қордың несиелендірудегі үлесі

2015 жылы банктердің несиелендіру көлемі 9,3 трлн. теңгеге дейін 11,8%-ға төмендеді. Жалпы алғанда кәсіпкерлік мақсатына берілетін несие мөлшерінің азаюы 8,7% құрады. Дегенмен, шағын кәсіпкерлікті несиелендіру бір жылда 6,8%-ға ұлғайып, 1,2 трлн. теңгеден асты.

Банктердің несие беруінің төмендеуінің себептерінің бірі девальвациялық күтулерге байланысты екінші деңгейлі банктердегі теңгелік өтімділігінің, яғни депозиттердің азаюы болып табылады.

## Экономиканы және шағын кәсіпкерлікті несиелендірудің жыл сайынғы көлемдері




Экономикаға берілген несиелер, млрд. теңге

Кәсіпкерлік мақсатында берілген несиелер, млрд. теңге

Шағын кәсіпкерлікке берілген несиелер, млрд. теңге

Кәсіпкерлік мақсаттағы несиелер үлесі, % (оң жақ ось)

Шағын кәсіпкерлікке берілген несиелер үлесі, % (оң жақ ось)

*Дереккөз: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (www.nationalbank.kz).*

Қормен 2015 жылы ЕДБ-ге қаражатты шартты орналастыру, кәсіпкерлердің несиелерінің сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау және несиелерді кепілдендіру бағдарламаларының іске асыруы жалғастырылды. Өңдеуші өнеркәсіп саласындағы ШОК жеңілдікті несиелендірудің көлемін ұлғайту мақсатына 2015 жылғы наурызда Қазақстан Республикасының Ұлттық Қорынан сомасы 50 млрд. теңгені құрайтын қосымша (үшінші) транш бөлінді, 2015 жылы екінші транш қаражатын (50 млрд. теңге) негізгі игеру жүргізілді. Сондай-ақ Қор халықаралық қаржы ұйымдарын және жергілікті атқару органдарының қаражатын белсенді тартуды жалғастыруда. 2015 жылы «БЖК 2020» бағдарламасының базасында «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы (бұдан былай – Бірыңғай бағдарлама) іске қосылды (Үкіметтің 2015 жылғы 31 наурыздағы №168 қаулысымен бекітілді).

Жалпы алғанда Қор бағдарламаларына қатысу арқылы өткен жылы жеке кәсіпкерлік субъектілері 524 млрд. теңге сомасы көлемінде несие алды. Кәсіпкерлік мақсатына берілетін банк несиелерінің жалпы сомасындағы Қор бағдарламасының қатысушыларына берілген несиелер үлесі 7% құрады. Төмен үлестің туындауы Қор бағдарламалары бойынша несиелендіру экономиканың басым секторларымен шектелуімен және оларға ЕДБ несиелерінің шамамен 50% құрайтын сауда және құрылыс салалары кірмеумен байланысты. Қор салымдарын қарастыру кезінде экономиканың басым секторларын қаржыландыруға назар сала отырып, 15,1% дейін жоғарылау байқалады, бұл өткен жылдың көрсеткішінен 2,1-тармаққа жоғары.

## Экономиканың басым бағыттарындағы жобаларға несие беру динамикасы




- Экономиканың басым секторларында ЕДБ берілген несиелер, млрд. теңге
- Экономиканың басым секторларында «Даму» қоры бағдарламалары бойынша берілген несиелер, млрд. теңге
- Экономиканың басым секторларында «Даму» қоры бағдарламалары бойынша берілген несиелердің үлесі, % (оң жақ ось)

*Дереккөз: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (www.nationalbank.kz), «ПКБ» ЖШС, Қор (www.damu.kz).*

Бұл ретте, Қор бағдарламалары бойынша өңдеу өнеркәсібіндегі несиелер сомасының өсуіне қарамастан 2015 жылы (+18 млрд. теңге) өңдеу өнеркәсібіндегі Қор несиелерінің үлесі 24%-дан 16%-ға дейін төмендеді. Үлестің төмендеуі 2015 жылы нарықта қысқа мерзімді несиелер көлемінің артуына (+543 млрд. теңге) негізделген деп болжаймыз, ал Қор бағдарламалары бойынша негізінен тек қысқа мерзімді несиелер ғана беріледі. Сондай-ақ девальвация нәтижесінде (қыркүйек-желтоқсанда 82%-ға) валюталық несиелердің теңгелік эквиваленті жоғарылады, бұл нарықтық статистиканы біраз өзгертті.

## Өңдеу өнеркәсібіндегі жобаларға несие беру динамикасы




- Өңдеу өнеркәсібіне ЕДБ берген несиелер, млрд. теңге
- Өңдеу өнеркәсібіне «Даму» қоры бағдарламалары бойынша берілген несиелер, млрд. теңге
- Өңдеу өнеркәсібіне «Даму» қоры бағдарламалары бойынша берілген несиелердің үлесі, % (оң жақ ось)

*Дереккөз: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (www.nationalbank.kz), «ПКБ» ЖШС, Қор (www.damu.kz).*





ЕДБ қарыз алушыларының құрылымында Қор клиенттерінің саны бойынша үлесі 16% құрады.

ШОК және кәсіпкерлік бастамасы бар тұлғаларды ақпараттық-консультациялық қолдаумен қамту

Қаржылық қолдау бағдарламаларымен қатар 2015 жылы Қор кәсіпкерлерді оқыту және консультациялық қолдау бағдарламаларын іске асыру бойынша жұмыстарды жалғастырды. Жылдың соңында Бірыңғай бағдарлама шеңберінде іске асырылатын «ШОК топ-менеджментін оқыту» жобасы шеңберінде тыңдармандар саны 1 683 кәсіпкерді құрады, соның ішінде 2015 жылы 420 адам оқытылды. 2016 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша «Іскерлік байланыстар» құралының 1-кезеңі шеңберінде 2 794 адам оқытылды, оның ішінде 542 адам – жобаның 2015 жылғы тыңдармандары. «Іскерлік байланыстар» бағдарламасын іске асыру барысында 166 кәсіпкер АҚШ-та және 195 кәсіпкер Германияда тағылымдамадан өтті, соның ішінде 37 адам 2015 жылы Германияда тағылымдамадан өтті. 2016 жылғы 1 қаңтарда «Аға сеньорлар» компоненті бойынша 94 миссия жүзеге асырылды, оның ішінде 2015 жылы – 32 миссия.

18 Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтарына 2015 жылы 58,9 мың клиент жүгінді, оларға 117,1 мыңнан астам кеңес берілді. Аудандар деңгейінде 14 облыста Кәсіпкерлікті қолдаудың мобильді орталықтары жұмыс жасайды. Осы орталықтарға 12,8 мыңға жуық клиент жүгінді, оларға шамамен 18,5 мың кеңес берілді.

## 2016 жылға қазақстандағы шок және экономиканың даму келешегі

2016-2020 жылдары экономиканың даму қарқыны Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің болжамдары бойынша 2,1-3,6% құрайды, бірақ әлемдік экономиканың дамуына және шикізат тауарларының бағасына сұранысты қалпына келтіруге тікелей тәуелді болады. Нарығы қалыптасқан көптеген ірі елдердің экономикасының даму қарқынының бір уақытта төмендеуі, сонымен қатар энергия тасымалдағыштар мен металлдар бағасының жоғары құбылмалдылығы әлемдік масштабта халықтың әл-ауқатының деңгейін жоғарылатуға қауіп төндіретін негізгі факторлар болып табылады.

Сонымен қатар Қазақстанда көбінесе мемлекеттік масштабта инфрақұрылымға инвестиция салудың жоғарылауы мен халықтың тұтынуын өсіруін ынталандыру бойынша белсенді шаралар жүргізудің арқасында экономиканың тұрақты және шамалы өсу динамикасы күтулуде. Мемлекеттік инвестициялар еліміздің экономикалық дамуын ұстап тұруға мүмкіндік беретін маңызды құрал болады. Осы инвестициялардың негізгі бөлігі ірі индустриалды және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға бағытталатын болады, осы жобаларды іске асыру ішкі сұраныстың артуына септігін тигізетін болады. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің болжамдарына сәйкес 2016-2020 жылдары сыртқы сұраныстың қысқаруы әкелетін әлемдік экономикада дағдарыс құбылыстарының күшеюі ықтималдығынан экономиканың дамуы ішкі сұранысқа негізделіп, орташа есеппен жылына 3%-ға өсіп отыратын болады.

Қазақстанда қысқа және орташа мерзімдік кезеңде әлеуметтік-экономикалық дамудың басымдықтарын іске асыруға бағытталған шараларды енгізу жалғастырылатын болады. Осылайша, мемлекеттік қызметкерлердің жалақыларын өсіру, азаматтық қызметкерлердің жалақысын төлеуді жаңа үлгілерін енгізу, стипендияларды, зейнетақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді өсіру жоспарланады. Халықтың осы бөлігінің табысын арттыру өз кезегінде ішкі сұранысты қосымша ынталандырады, бұл көбінесе ішкі нарыққа бағытталған ШОК секторын дамытуға оң әсер беретін болады.

Еліміздің инфрақұрылымдық және инновациялық дамуын көздейтін түрлі мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру да екінші деңгейлі банктердің қаржыландыруымен нығайтылатын ШОК секторын дамытуға оң әсер беретін болады. Осылайша, ЕДБ несие беру қарқынының орташа жылдық өсуі 2016-2020 жылдары 8,9% деңгейде күтіледі.

ШОК секторын дамытуға әсер ететін маңызды фактор болып тұрақты ақша-несие саясаты қала береді. Қазақстанда ШОК дамып жатқан секторының ерекшелігі болып импортқа тәуелділік және сәйкесінше, ұлттық валютаның шетелдік серіктестермен есептесулер жүргізілетін басқа елдердің валюталарына қатысты айырбастау бағамының ауытқуына сезімталдығы табылады.

КЛИЕНТ:

# ЖК «Адамбаев»




## *Жиһаз құрастыру шеберханасы*

Алматы облысында бастауыш кәсіпкер жиһаз құрастыру шеберханасын ашты

Қазбек Адамбаев үшіндостарының кеңесімен олардың қолдауы өз бизнесінашуға негіз болды. Осыдан бір жыл бұрын, өз кәсібін әрі қарай дамытуда.

Таяуда, жаңа жабдықтарды сатып алу мақсатында кәсіпкер Сбербанкке өз бизнес-жобасын ұсынып, Алматы облысы әкімдігінің қолдауымен облыстық бюджет есебінен және «Даму» қорының Аймақтарды күні қосымша тағыда 2 адам жұмыс істеуде. Мемлекеттің қолдауымен, менің кәсібім әрі қарай дамуда. Қыркүйек айында жиһаз құрастыру шеберханасыніске қосамыз, мұнда қосымша 3 адамды жұмыспен қамтуды жоспарлап







***Алматы облысы әкімдігінің қолдауымен облыстық бюджет есебінен және «Даму» қорының Аймақтарды дамыту бағдарламасы аясында 6,5 % құрайтын – 4 млн. теңге жеңілдетілген несие алды.***

жұмысын жоғалтып, үмітсіз жағдайға тап болған Қазбек, достарының көмегімен және олардың ұсынған жиһаз құрастыру кәсібін қолға алған. Бастапқыда, Казбекке кәсібінің орналасу жерімен жабдықтарды іздеуге оның достары ат салысқан. Міне бір жылдың ішінде жобасын іске асырып, өз дамыту бағдарламасы аясында 6,5 % құрайтын – 4 млн. теңге жеңілдетілген несие алды. Несие қаражатына. Казбек өз ісіне қажетті құрал-жабдықтар алып, заманауи деңгейге сәйкес өнім шығаруға мүмкіндік алды.

«Алғашында осы кәсіпте 2 жұмыс орны болған, бүгінгі отырмын» - дейді Қазбек Адамбаев.

Бүгінгі таңда, Аймақтарды дамыту бағдарламасы аясында 22 кәсіпкер 600 млн. теңгеден астам жеңілдетілген несиеге қол жеткізді.



КЛИЕНТ:

# «Союз оконных технологий» ЖШС




## *Пластик терезелерді шығару*

Евгений Родичев өзінің туған бауыры Вадиммен бірге өз еңбек жолдарын шағын жеке фирмада жұмыс істеуден бастады, ол фирма пластик терезелерді орнатумен айналысқан. 2 жылдан кейін компания жабылып қалған, ал ағайындылар болса өздерінің жекеменшік бизнесін және бизнесті кеңейту туралы мәселе көтерілді. 2014 жылы Родичев Евгений таныстарынан «Даму» Қоры туралы біледі.

Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығына хабарласа отырып, Евгений шағын және орта бизнесті қолдау бойынша Несие бойынша ақша цех ретінде ғимаратты және пластик терезеледі шығару бойынша автоматтандырылған желіні сатып алуға жұмсалды.

Бүгінгі күні «Союз оконных технологий» ЖШС фирмасы жас, қарқынды дамып отырған, 10 адамнан астам штаттағы



*бір ауысымда*

**20**

*терезе*



***«Мемлекетіміздің және «Даму» Қорының көмегінің арқасында біз өз арманымызға және ертеңгі күнімізге деген сенімділікке қол жеткізе алдық»***

ұйымдастыруға бел шешеді. Ол уақытқа олардың қарамағында ескі «Газель» және құралдар жиынтығы ғана болған. Жеке фирмада жұмыс істеген уақыт ішінде жинақталған аз емес білім мен тәжірибе қорына ие бола отырып, ағайынды Родичевтер аз уақыт ішінде өздерін өз істерін білетін және өздері көрсететін қызметтің сапасы үшін жауап беретін кәсіпқойлар ретінде көрсете алды. Уақыт өте тапсырыстар да көбейе түсті, жұмыс көлемі артты қолданыстағы мемлекеттік бағдарламалар туралы толық ақпаратты алды. «Бизнес Кеңесші» жобасы бойынша оқудан өте отырып, ағайынды Родичевтер бизнес-жоспарды жасауға өтініш берген және бір апта өткеннен кейін банкке барады. Бір айдан кейін, «Даму» Қорының кепілдігінің арқасында жігіттер 20 млн. теңге мөлшерінде көптен күткен несиені алды, онда пайыздық мөлшерлеменің жартысы мемлекетпен субсидияланған. жұмыскерлерімен және бір ауысымда 20 терезеге дейін шығарылатын өнім көлемімен кәсіпорын. Сонымен қатар, компания Қазақстандағы «Or-tex» инновациялық 6- камералық бейінінің эксклюзивті өкілі болып табылады.

«Мемлекетіміздің және «Даму» Қорының көмегінің арқасында біз өз арманымызға және ертеңгі күнімізге деген сенімділікке қол жеткізе алдық»- деп атап өтеді Евгений Родичев.



*2015 жыл үшін сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау құралы бойынша*

**1 595** *жобаға қол қойылды*

**260,13** *млрд теңге*

*несиелердің жалпы сомасына*





# 4 ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Қор ШОК бизнесін қолдау және дамыту мақсатында өз серіктестерімен бірлесіп қаржылық және қаржылай емес қолдауды жүзеге асырады, яғни жекелегенде кәсіпкерлерге қаржыландыру алуға, құзыреті мен басқару дағдыларын жоғарылатуға, тегін консультациялық қолдауға, сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау есебінен шығындарды азайтуға, несиелерді кепілдендіру септігін тигізеді.

Қор қызметінің негізгі бағыттары:

1) ШОК субъектілерін қаржылық қолдаумен қамтамасыз ету;

2) ШОК субъектілерінің құзыретін дамыту.

Бірінші стратегиялық бағыт шеңберінде ЕДБ, лизингтік компаниялар (бұдан былай – ЛК), микроқаржылық ұйымдар (бұдан былай – МҚҰ) арқылы ШОБ субъектілерін қаржыландыру, Бірыңғай бағдарлама шеңберінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидилау және несиелерді кепілдендіру жүзеге асырылады.

Екінші стратегиялық бағыт ШОБ субъектілерінің құзыретін жоғарылатуға бағытталған бағдарламалардан тұрады, оларға кәсіпкерлердің құзыретін дамыту, кәсіпкерлердің тиімділігін жоғарлату, іскерлік байланыстарды кеңейту және кәсіпкерлікті ақпараттық-аналитикалық қамтамасыз ету (Бірыңғай бағдарламаның 4-бағыты «Кәсіпкерлікті қолдаудың қаржылай емес шаралары»), Кәсіпкерлер құзыреті орталықтарын, Бизнес-порталдарды, Call-орталықтарды дамыту және түрлі ақпараттық-аналитикалық материалдар шығару кіреді.

## *ШОБ субъектілерін қаржылай қолдау: қаржыландыру, субсидиялау, кепілдендіру*

2015 жылы қаражатты ЕДБ және ЛК шартты орналастыру бағдарламалары бойынша несиелерінің жалпы сомасы 236,6 млрд. теңгені құрайтын 3 650 қарыз алушы қаржыландырылды.

2015 жылы Азия Даму банкінің мемлекеттік кепілдігімен сомасы 228 млн.АҚШ долларын немесе 62,8 млрд.теңгені (тартылым күнінің курсы бойынша) құрайтын 3 траншы тартылды. Европалық Қайта құру және даму банкінен Қор кепілдігімен 1,86 млрд. теңге (жалпы $200 млн. қарыздан тұратын 2-транш) және 6,75 млрд. теңге (жалпы $200 млн. қарыздан тұратын 3-транш) мөлшерінде қаражат тартылды.

2015 жылы сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау құралы бойынша несиелердің жалпы сомасы 260,13 млрд. теңгені құрайтын 1 595 жобаға қол қойылды. Несиелерді кепілдендіру құралы бойынша несиелердің жалпы сомасы 27 млрд. теңгені құрайтын 941 шартқа қол қойылды. 2015 жылы кепілдіктер 2014 жылға қарағанда 2 есе көп берілді.

| | Дерек 2012 жыл | Дерек 2013 жыл | Дерек 2014 жыл | Жоспар 2015 жыл | Дерек 2015 жыл | Орын. жоспар % |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Қаражатты шартты орналастыру арқылы кәсіпкерлерді қаржыландыру** | | | | | | |
| Қатысушылар саны, бірлік | 2 022 | 2 159 | 3 271 | 3 343 | 3 650 | 109% |
| Қаржыландыру сомасы, млн. теңге | 79 212 | 104 766 | 182 288 | 185 900 | 236 629 | 127% |
| **Сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау** | | | | | | |
| Қатысушылар саны, бірлік | 1 451 | 1 455 | 1 814 | 1500 | 1595 | 106% |
| Несиелер сомасы, млн. теңге | 240 876 | 183 563 | 241 016 | 273 700 | 260 131 | 95% |
| **Несиелерді кепілдендіру** | | | | | | |
| Қатысушылар саны, бірлік | 87 | 148 | 446 | 218 | 941 | 432% |
| Несиелер сомасы, млн. теңге | 10 991 | 7 090 | 16 097 | 10 000 | 27 029 | 270% |

## Қаржылық бағдарламаларының мониторингісі

| Мониторинг атауы | Үдемелі нәтижемен, 31/12/15 жылғы жағдай бойынша бағдарлама шеңберінде жобалардың жалпы саны | 2015 жылға жоспарлы мониторинг | Дерек 2015 жыл | Орындау % | Ескертпелер саны / 2015 жылғы құқық бұзулар |
|---|---|---|---|---|---|
| Қор қаражатын шартты орналастыру бағдарламасы шеңберінде жобалардың мониторингісі (с.і. Ұлттық қор бағдарламалары) | 20 050 | 1 782 | 1 782 | 100% | 62 |
| БЖК 2020 ББ шеңберінде субсидияланатын жобалардың мониторингісі | 6 778 | 1 795 | 1 795 | 100% | 101 |
| БЖК 2020 ББ шеңберінде кепілдік берілген жобалардың мониторингісі | 1 641 | 440 | 440 | 100% | 18 |
| БЖК 2020 ББ және 2012-2020 жылдарға арналған Моноқалаларды дамыту бағдарламалары шеңберінде гранттардың мониторингісі | 875 | 191 | 191 | 100% | 71 |
| БАРЛЫҒЫ: | 29 344 | 4 208 | 4 208 | | 252 |

## *2015 жылғы мониторинг нәтижелері:*

- Банктер қаражатты мақсатымен қолданбағаны үшін 14 жоба бойынша 174,7 млн. теңге айыппұл төледі (с.і. 170,93 млн. теңге сомаға 13 жоба бойынша ҚР ҰҚ қаражаттары).
- Банктермен жеке қаражаттарына 59 жоба бойынша 15,1 млрд. теңге сомасында қаражат ауыстырып, кейіннен соңғы қарыз алушыларды қаржыландыруға жіберілді (с.і 15,08 млрд. теңге сомаға 57 жоба бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының қаражаттары)
- 3 жоба бойынша Қор шаралар қабылдамауды шешті - 101 жоба бойынша субсидиялау тоқтатылды.
- 18 жоба бойынша кепілдіктердің күші жойылды.

Мониторинг нәтижелері бойынша Қормен:

1) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының қаражаттарын мақсатымен пайдалануын бақылауды жоғарлату мақсатында құқық қорғау органдарының аумақтық бөлімшелерінің (Бас прокуратура және Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кіріс комитеті) қатысуымен мониторинг механизмі әзірленді және «Бәйтерек» ұлттық басқару холдингі» АҚ (бұдан былай – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ), Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінген қаражаттарды шығындауды бақылау жөніндегі комиссиясымен (2015 жылғы 7 қазандағы №8 хаттама) келісілді;

2) өңдеу өнеркәсібі саласында жұмыс жасайтын ШОБ қолдау бағдарламасы шеңберінде (Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының қаражаттары) қаражаттың мақсатты қолданылуын бақылауды жоғарлату мақсатында ЕДБ кредиттік келісім жасауға өзгерістер енгізілді.





## *Бағдарламалардың тиімділік мониторингісі*

«Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кіріс комитетінің (бұдан былай - Комитет) деректері бойынша 2016 жылдың 1 қаңтарына Бірыңғай бағдарламаға қатысатын кәсіпорындар мен кәсіпкерлердің өнім шығару көлемі 5,1 млрд. теңге деңгейінде бағаланды, соның ішінде, алдын ала бағалау бойынша 2015 жылы – 1,68 трлн. теңге.

Бірыңғай бағдарлама шеңберінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау және несиелерді кепілдендіру кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштерін жақсартуға септігін тигізеді, бұл қазіргі экономикалық жағдайда аса өзекті. Өз кезегінде кәсіпорын қызметіндегі жетілдірулер есебінен бюджетке түсімдердің көбеюі байқалады, бағдарламаның бюджеттік әсері және оның экономикалық негізділігі жақсарады. Комитет деректері бойынша 2016 жылғы 1 қаңтарда Бірыңғай бағдарлама қатысушылары төлеген салықтардың жалпы сомасы 412 млрд. теңгені құрады, соның ішінде 2015 жылы 115 млрд. теңге.

### Өнімдер шығару, млрд. теңге




### Төленген салықтар, млрд. теңге




Бірыңғай бағдарламаның кәсіпкерлік секторын кеңінен қамтуы және ШОК субъектілері тарабынан бағдарламаға деген қызығушылықтың артуы оны іске асырудан болатын әлеуметтік әсерді бағалауға мүмкіндік береді, ол халықты жұмыс орындарымен қамтамасыз етуден көрінеді. Осылайша, Бірыңғай бағдарламаның қатысушылары 2016 жылғы 1 қаңтарда 216,8 мыңға жуық жұмыс орнын сақтап қалды және 67,4 мыңнан астам жаңа жұмыс орындары ашылды.

## Ашқан және сақталған жұмыс орындарының саны, бір.



**Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты есебінен Өңдеу өнеркәсібіндегі ШОК қолдау бағдарламасы (бұдан былай – Бағдарлама)**

Ағымдағы сәтте 2014 жылға арналған Бағдарлама шеңберінде қаржыландыруға қол жеткізген кәсіпорындардың түсімдері бойынша ең өзекті болып табылатын деректер - 220 229 млн. теңге. 2013 жылғы түсім көрсеткіштерімен салыстырғанда өсім 25,8% құрайды.

Салық төлемдері бойынша 2014 және 2015 жылдары жиналған деректер бойынша 25 508 млн. теңге және 26 635 млн. теңге. 2014 жылы салық төлемдерінің артуы 30,9%, 2015 жылы 1,4% құрады. Бұл ретте, 2015 жылғы деректер бағалаушы болып табылады және Комитетпен нақтылануы мумкін.

ЕДБ деректері бойынша Ұлттық қор қаражаты есебінен қаржыландыруға қол жеткізген кәсіпкерлер 12,5 мың жаңа жұмыс орындарын ашты және/немесе жоспарлауда, бұл орташа есеппен бір кәсіпорында 10 жұмыс орнын құрайды.

## *Тікелей қаржыландыру қоржыны бойынша мәселелі борышты өндіру*

2015 жылғы 1 қаңтар және 2016 жылғы 1 қаңтар аралығындағы Тікелей қаржыландыру қоржынынның динамикасы:

- негізгі борыш (бұдан былай - НБ) қалдығы 512 млн. теңгеге азайды (6%);
- борышкерлер саны 63 бірлікке азайды (7%);
- баланстағы провизиялар 418 млн. теңгеге (14%) азайды.




| Көрсеткіш | 01.01.2012 жылға | 01.01.2013 жылға | 01.01.2014 жылға | 01.01.2015 жылға | 01.01.2016 жылға |
|---|---|---|---|---|---|
| Тікелей қаржыландырудың несие қоржыны (НБ сомасы), млн. теңге | 11 592 | 9 845 | 9 274 | 8 633 | 8 121 |
| **Проблемалы берешек үлесі, %** | 89% | 99% | 100% | 100% | 100% |
| Провизиялар (ХҚЕС), млн. теңге | 4 096 | 3 564 | 3 335 | 3 015 | 2 597 |
| **Борышкерлер саны, бір.** | 1 459 | 1 179 | 1 059 | 959 | 896 |
| Бір кезеңдегі ақшамен өтелгендердің барлығы (НБ, %, өсімпұл), млн. теңге | 3 743 | 2 242 | 510 | 672 | 840 |
| **Шегерілген берешек (НБ сомасы), млн. теңге** | - | - | - | 82 | - |
| Бір кезеңдегі НБ азайту, млн. теңге | | - 1 747 | - 571 | - 641 | -512 |





## *ШОБ субъектілерірінің және кәсіпкерлік бастамасы бар халықтың құзыретін дамыту*

2015 жылы оқу бағдарламалары бойынша қатысушылар саны 27 916 адамды құрады, с.і.:

- «Іскерлік байланыстар» құралы бойынша - 542 адам;
- «ШОК топ-менеджментін оқыту» компоненті бойынша - 420 адам;
- Жастардың старт-ап жобаларын қолдау бағдарламасы бойынша (с.і. «Startup-Bolashak» жобасы) оқығандар – 401 адам;
- әйелдер кәсіпкерлігін дамытуды қолдау бойынша 995 әйел кәсіпкер оқытылды;
- ҚҚКО базасында өткізілетін мастер-класстар, тренингтер, семинарлар шеңберінде оқыту бойынша – 8 512 тыңдарман;
- КҮП «Бизнес - Кеңесші» – 15 486 адам, «Бизнес Даму» – 1 012 адам және «Жобалық оқыту» – 548 адам жобалары бойынша.

«Оқыту бойынша бағдарламалардың қатысушыларының саны» көрсеткішінің 2013 жылы сол кезде Қор іске асыратын «Бизнес - Кеңесші», «Бизнес-Даму» жобаларды, «Жас кәсіпкер мектебі» құралын, «ШОК топ-менеджментін оқыту», «Іскерлік байланыстар» компоненттерін және «Аға сеньорлар» компонентін есепке ала отырып қалыптастырылғандығын есепке алу қажет. Бірыңғай бағдарламаға сәйкес «Бизнес - Кеңесші», «Бизнес-Даму», «Жас кәсіпкер мектебі» жобалары 2015 жылдан бастап Кәсіпкерлердің ұлттық палатасына (бұдан былай – КҮП) берілді, ал «Іскерлік байланыстар» құралы мен «Аға сеньорлар» компоненті КҮП-на 2016 жылдан бастап беріледі. «ШОК топ-менеджментін оқыту» компоненті шеңберінде Қор қызмет көрсетулерге және кәсіпкерлерден өтініштер қабылдауға мониторинг жүргізеді, ал кәсіпкерлерді оқыту «Назарбаев Университеті» АОО өтеді, осылайша Қор осы жобаның қатысушыларының санына әсер ету мүмкіндігіне ие емес. Оқыту бағдарламалары бойынша оқығандардың негізгі ағыны «Бизнес - Кеңесші» жобасына сай келді, өйткені осы жоба шеңберінде кәсіпкерлік бастамасы бар халықты және әрекет етуші кәсіпкерлерді қандай да бір шектеулерсіз оқыту қарастырылған болатын. 2013-2014 жылдардағы кезеңде «Бизнес - Кеңесші» жобасы шеңберінде жыл сайын 19 мыңға жуық адам оқыды.

2015 жылы Кәсіпкерлер құзыреті орталығы және Кәсіпкерлікті қолдаудың мобильді орталықтары арқылы тікелей кеңес беру шеңберінде 71 786 клиентке қызмет көрсетілді, с.і.:

- Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтары – 58 996 клиент;
- Мобильді ККО – 12 790 клиент;

2015 жылы кәсіпкерлерге арналған «Бизнес аумағы» бизнес-порталы (business.gov.kz) арқылы қашықтықтан 14 730 онлайн-кеңес көрсетілді.

Жастар кәсіпкерлігін қаржылай емес қолдау бойынша функцияларды үздіксіз жүзеге асыру мақсатында Қор жастардың старт-ап-жобаларын кешенді оқыту және тәжірибелік қолдау жүйелерін жасау, ШОБС санын көбейту, жаңа жұмыс орындарын жасау арқылы жастардың инновациялық және кәсіпкерлік потенциалын ашуға көмектесуге негізделген Жастардың старт-ап-жобаларын қолдау бағдарламасы (бұдан былай – Бағдарлама) әзірленді және іске асырылды. Осы Бағдарлама шеңберінде 2015 жылдың шілдесінде-қарашасында «Startup «Bolashak» стартап-жобалар байқауы» жастар кәсіпкерлігін қолдау жөніндегі жоба іске асырылды. Жастардың старт-ап-жобаларын қолдау бағдарламасын 2015 жылы іске асыру нәтижелері:

- оқығандар саны – 401 адам,
- қолдаған старт-ап-жобалар саны – 177,
- ұсынылған гранттар саны – 18,
- гранттардың жалпы сомасы – 32,45 млн. теңге,
- жеке кәсіпкерліктің жасалған субъектілерінің саны – 48.

**«Даму-Көмек» бағдарламасы** мүмкіндіктері шектеулі халық пен кәсіпкерлерге www.damu-komek.kz. арнайы сайты арқылы олардың мәселелері және оларға қажетті ресурстар (қаржылық көмек, мүлік, консультациялық қолдау, басқа да қызметтер) туралы ақпараттандыру дәрежесін жоғарылату арқылы көмек көрсетуге бағытталған. Бұл ретте Қор қаржыландырмайды, бірақ мүмкіндіктері шектеулі кәсіпкерлер мен әлеуетті демеушілер мен кредиторлар арасындағы байланыстырушы түйін болады. 2015 жылы Бағдарлама сайтына 255 өтініш қалдырылған, 316 мүгедек кәсіпкерлерге демеушілік және қайырымдылық көмегі көрсетілді. Сонымен қатар, 2015 жылы Қор «Қазкоммерцбанк» АҚ-мен бірлесіп «Жұлдыздарға қара» – «Посмотри на звезды» жобасы шеңберінде кезекті байқау өткізілді. Жобаның жалпы бюджеті 16,3 млн. теңгені құрады, бір грант сомасы жобаға байланысты 100 мың теңгеден 300 мың теңгеге дейін құрады. Байқау нәтижелері бойынша гранттарды мүгедектігі бар 71 адам алды.

| Бірыңғай бағдарламаның Жобалары/ Компоненттері/Құралдары | 2012 жыл | 2013 жыл | 2014 жыл | 2015 жыл |
|---|---|---|---|---|
| «Бизнес - Кеңесші» жобасы | 17 142 | 19 274 | 19 236 | - |
| **«Бизнес - Кеңесші-II» жобасы** | - | - | 3 236 | - |
| «Жас кәсіпкер мектебі» жобасы | 400 | 632 | 1 077 | - |
| **«ШОК топ-менеджментін оқыту» компоненті** | 210 | 420 | 423 | 420 |
| «Іскерлік байланыстар» құралы | 622 | 544 | 585 | 542 |
| **«Жастардың старт-ап-жобаларын қолдау» жобасы (с.і. «Startup-Bolashak» жобасы)** | - | - | - | 401 |
| Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтары (18 орталық) | 2043 | 8 874 | 60 535 | 58 996 |
| **Моноқалалардағы кәсіпкерлікті қолдау орталықтары (27 орталық)** | 540 | 13 153 | 14 844 | - |
| Кәсіпкерлікті қолдаудың мобильді орталықтары (14 облыста) | 540 | 6 714 | 9 759 | 12 790 |
| **Аудан орталықтары мен шағын қалаларда кәсіпкерлікті қолдау орталықтары (161 орталық)** | - | - | 42 835 | - |
| Call-орталық | 7 523 | 8 725 | 14 304 | 38 370 |
| **Бизнес-портал** | - | - | 23 947 | 14 730 |

## *Қорда ақпараттық технологияларды дамыту*

2015 жылы Қор Басқармасының шешімімен «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ 2015-2018 жылдарға арналған ақпараттық технологияларды дамыту стратегиясы (бұдан былай – ИТ-стратегия) бекітілді. ИТ-стратегияда көзделген ИТ бастамаларды іске асыру бойынша шаралар жоспары толық көлемде орындалды.

2015 жылдың маусым-желтоқсан кезеңдерінде Бірыңғай бағдарлама шеңберінде жеке кәсіпкерлік субъектілерінің несиелері бойынша кепілдік алуға өтінішті қарастырудың бизнес-процесін автоматтандыру және «Электронды үкімет» порталында egov.kz (бұдан былай – ЭҮП) порталында мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру бойынша ірі ИТ жоба іске асырылды.

2015 жылғы 18 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Инвестиция және даму жөніндегі министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде және «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-да Жұмыс тобы Бірыңғай бағдарлама шеңберінде ЭҮП-да «Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің несиелерін кепілдендіру» мемлекеттік қызметін автоматтандыруды көрсетті.

ЭҮП қызметтер орналастырылған өнімді ортасын «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ 2015 жылғы 30 желтоқсанда жаңартты. Мемлекеттік қызметке www.egov.kz сілтемесі бойынша Бизнес – Бизнесті тіркеу және дамыту – Бизнесті қолдау – онлайн режиміндегі мемлекеттік қызмет бөлімінде қолжетімді.

ЭҮП-мен интеграциялауға дайындау шеңберінде Қор аттестаттауға дайындау бойынша алдын ала жұмыстар жүргізді және «bpm'onlinesales» қорының ақпараттық жүйесінің Қазақстан Республикасы аумағында қабылданған ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкес келуіне аттестаттау процедурасы сәтті өтті.

Оның үстіне, 2015 жылы есептілік пакетін автоматты түрде жасау және интеграциялаудың келісілген периметріне сәйкес «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ басқару есептілігі жүйесімен интеграциялау бойынша жоба іске асырылды.





# 5 ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ

Алға қойылған мақсаттарға, тапсырмаларға және Қордың 2014-2018 жылдары даму жоспарының қызметінің тиімділігінің негізгі көрсеткіштеріне (бұдан былай – ҚНК) сәйкес 2015 жылы Қор келесі нәтижелерге қол жеткізді:

| № | ҚНК атауы | Өлш. бір. | Дерек | | | 2015 жыл | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 2012 жыл | 2013 жыл | 2014 жыл | Жоспар | Дерек | Жоспар-ды орын. % |
| 1 | Қаржылық бағдарламалар бойынша кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған қаражаттар көлемі | млрд теңге | 331,1 | 295,4 | 439,4 | 469,6 | 523,7 | 112% |
| 2 | **Ашылған жұмыс орындарының саны** | человек | 3 443 | 14 901 | 24 836 | 25 697 | 25 900 | 101% |
| 3 | Қолдау көрсетілген ШОБ субъектілерінің нарықтағы ШОБ белсенді субъектілерінің жалпы санындағы үлесі | % | 1,7% | 4,5% | 7,5% | 5,0% | 6,4% | 128% |
| 4 | **«БЖК 2020» қолдаған салалардағы ШОБС қамту үлесі** | % | 1,5% | 1,5% | 2,0% | 1,7% | 1,7% | 100% |
| 5 | Өңдеу өнеркәсібіндегі ШОБС қамту үлесі | % | 5,2% | 6,9% | 13,1% | 7,3% | 8,4% | 115% |
| 6 | **Кәсіпкерлер құзыреті орталығының клиенттерінің саны** | человек | 3 123 | 28 741 | 127 973 | 41 210 | 71 786 | 174% |
| 7 | Қашықтықтан басқарылатын қызметтерді алған клиенттер саны | человек | - | - | 38 251 | 45 625 | 59 705 | 131% |
| 8 | **Оқыту бойынша бағдарламалардың қатысушыларының саны** | человек | 18 148 | 22 198 | 24 557 | 22 875 | 27 916 | 122% |

2015 жылы қаржылай және қаржылай емес қолдау көрсетілген ШОБ субъектілерінің саны 157 391 бірлікті құрады (жоспардан 140%), бұл қаржылық бағдарламалар, және оқыту және кеңес беру бағдарламалары шеңберінде (шартты орналастыру, субсидиялау, кепілдендіру) ШОБ субъектілеріне көрсетілетін қолдау санының жоспардан асып кетуіне байланысты. Бұл ретте қаражатты шартты орналастыру, сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау және несиелерді кепілдендіру бағдарламаларын іске асыру есебінен қаржылық қолдау көлемі 523,7 млрд. теңгені (жоспардан 112%) құрады. Көрсеткіштің көбейуі Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөленген қаражатты тарту және белсенді игеру, сонымен қатар Азия Даму банкінен, Еуропалық Қайта құру және даму банкінен ШОК қолдауға қаражат тарту есебінен орын алды.

Қордың іске асыратын бағдарламалары тек экономикалық ғана емес, сондай-ақ нақты әлеуметтік бағытқа да ие. 2015 жылдың нәтижелері бойынша жеке кәсіпкерлік секторындағы қаржылай қолдау есебінен 25 900 жұмыс орны ашылды (жоспардан 101%).

«Қолдау көрсетілген өңдеу өнеркәсібіндегі ШОК субъектілерін қамту үлесі», «Қолдау көрсетілген ШОБ субъектілерінің нарықтағы ШОБ белсенді субъектілерінің жалпы санына үлесі» ҚКК бойынша орындау жоспардан асып кетеді, бұл Қор қаржылық бағдарламалар және құзыреттілікті жоғарылату бағдарламалары бойынша қолдау көрсеткен ШОБ субъектілерін көбейтуге байланысты.

«Кәсіпкерлердің құзырет орталықтары клиенттерінің саны» ҚКК бойынша орындау жоспардан 74%-ға асып кетті, ҚҚКО және ҚҚМО клиенттерінің санының артуы ҚҚКО және ҚҚМО консультанттары санының артуына, сонымен қатар CRM жүйесі арқылы клиенттерді есепке алу процесінің автоматтандырылуына байланысты, бұл есепке алу дәлдігін арттырды.

«Оқу бағдарламаларының қатысушылар саны» ҚКК бойынша орындау жоспардан 22%-ға асып кетті. Оқыту бағдарламаларына қатысушылар саны 2015 жылы 2014 жылмен салыстырғанда 22%-ға артты, бұл жастардың старт-ап жобаларын қолдау бойынша жаңа бағдарламаларды іске қосуға, Қордың кәсіпкерлердің құзыретін арттыруға бағытталған мастер-класстар, семинарлар және басқа да шаралар өткізу бойынша белсенді жұмыстарына, сонымен қатар Кәсіпкерлерің ұлттық палатасының Қордың ҚҚКО базасында «Бизнес - Кеңесші», «Бизнес Даму» жобаларын өткізуіне байланысты.

## *Активтерді тиімді басқару*

Активтерді басқару шеңберінде Қордың негізгі жұмысы тікелей несиелендірудің есебінен құрылған несие қоржыны бойынша қызмет көрсетуден, шартты орналастыру бағдарламалары шеңберінде ЕДБ орналастырылған қаражаттарды басқарудан, сонымен қатар уақытша бос қаражатты (бұдан былай - УБҚ) тиімді орналастырудан тұрады. Активтерді басқаруда Қордың негізгі міндеті болып УБҚ сақталуын, ағымдағы міндеттемелер бойынша төлем төлеу қабілетін, туындаған инвестициялық мүмкіндіктерді қаржыландыру қабілетін қамтамасыз ету және УБҚ қабылданатын тәуекел деңгейінде табыстылығының жеткілікті деңгейін қамтамасыз ету табылады.

Активтерді басқару процесінде Қор инвестициялық капиталдың сақталуына, өтімділікті, табыстылықты, инвестициялар мен диверсификацияның мерзімін қамтамасыз етуге және қолдауға қойылатын талаптарды басшылыққа алады. Қаржылық активтер қоржынын диверсификациялау Қордың инвестициялық қоржынында белгілі бір класс инвестициялар немесе белгілі бір эмитетент, белгілі бір мерзімі бар қаржы активтерінің шоғырлануы нәтижесінде туындайтын шығын тәуекелдерінің алдын алу мақсатында жүргізіледі.

Активтер мен пассивтерді басқару бойынша орта мерзімді және ұзақ мерзімді саясатты әзірлеу, баланстың оңтайлы құрылымын анықтау, Қордың қаржылық жағдайының, табыстылық көрсеткіштерінің мониторингісі және табысты максималдандыру және УБҚ орналастыру операциялары бойынша тәуекелдерді шектеу және қажетті түзету шараларын қабылдау Қор Басқармасының Активтер мен пассивтерді басқару комитетімен жүзеге асырылады.

2016 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қор балансы 355,3 млрд. теңгені құрады. Есептік кезеңде Қор активтері жылдың басымен салыстырғанда 132,2 млрд. теңгеге немесе 59%-ға артты. Қор активтерінің 69% несие қоржыны құрайды. Ақша қаражатының орташа салмағы жиынтық активтердің 9,4% құрайды. Қорың бағалы қағаздары балансқа нарықтық құны бойынша есепке алынады, олардың үлесі 2,5% құрайды.





## *Қаржылық нәтижелер*

2015 жылдың қорытындылары бойынша Қор 3 743 млн. теңге жоспарды көрсеткіш кезінде 15 655 млн. теңге таза табыс алды. Таза табыстың жоспарланған көрсеткішін орындау 418% құрады.

Негізгі және негізгі емес қызметтен табыс 18 047 млн. теңге жоспар кезінде, 64 300 млн. теңгені құрады. Табыстар бойынша жоспарды орындау 356% құрады.

Қордың 2015 жылғы жалпы шығындары 13 366,4 млн. теңге жоспар кезінде 44 642,9 млн. теңгені құрады. Орындау 334% құрады.

Есептік кезеңде СВОП-ты жоспарланбаған қайта бағалаудан, ақшалай емес 44,05 млрд. теңге табыс және бағам айырмасы бойынша 32,3 млрд. теңге шығын мойындалды.

Осы баптарды есепке алмай, қаржылық нәтиже 5,8 млрд. теңгені құрады.

2016 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қордың жеке капиталы 95 173 млн. теңгені құрады.

УБҚ орташа есеппен алынған табыстылығы 10,59% құрады.

### Қызмет рентабелділігінің көрсеткіштері

| Атауы | 2013жыл (дерек) | 2014жыл (дерек) | 2015жыл (жоспар) | 2016жыл (дерек) |
|---|---|---|---|---|
| ROA, активтер рентабелділігі | 2,0% | 1,9% | 1,6% | 5,4% |
| **ROE, капитал рентабелділігі** | 4,5% | 5,0% | 4,5% | 17,6% |
| УБҚ орташа есеппен алынған табыстылығы | 6,42% | 6,59% | 6% | 10,59% |
| **Қызметінің рентабелділігі** | 39,3% | 38,0% | 28,0% | 35,1% |
| NI margin | 30,0% | 28,0% | 22,5% | 25,5% |

2015 жылдың жоспарлы көрсеткішінен асып кететін оң таза табыс алуға байланысты қызмет рентабелділігі көрсеткіштерінің жоспарынан асып кету байқалды.

## *Маңызды мәмілелер туралы ақпарат*

Қызығушылық тудырған мәмілелер, ірі мәмілелер туралы және Қор 2015 жылы байланысты тараптармен жасаған операциялар туралы ақпарат 1-қосымшада берілген.

## КЛИЕНТ:

Маңғыстау облысы



# «Eco Construction Company» ЖШС

## *Жарақат салу қаупі жоқ резеңке тас төсеуіштер мен плиткалардың өндірісі*

«EcoConstructionCompany» ЖШС, жарақат салу қаупі жоқ резеңке тас төсеуіштер мен плиткаларды, сондай-ақ әртүрлі түстік гаммадағы жапсарсыз резеңке жабындарды өндіру бойынша жобаны іске асырды. Шағын зауыт Маңғыстау облысының қала ортасын құру, Маңғыстау облысында спорт және балалар алаңдарының жарақат салу қаупі жоқ жабындарының сапасын жақсарту.

Қазіргі уақытта шикізатты (резеңке үгінділерін) Ресейден сатып алады, алайда кейіннен түрінде мемлекеттік қолдауды алды. Кәсіпорынның ауылдық жерде орналасқанын ескере отырып, «Даму» Қорымен субсидиялау пайызы 10% құрайды. Нәтижесінде Компания несиені бар жоғы жылдық 4% өтеу мүмкіндігін алды, қалғанын



*«Даму» Қоры» АҚ несие сомасынан*

**85%**

*кепілдік беруді қамтамасыз етті*



## *...«Даму» Қорымен субсидиялау пайызы 10% құрайды.*

Мұнайлы ауданының Басқұдық ауылында өнеркәсіптік аймақта орналасқан.

Жарақат салу қаупі жоқ резеңке плиткалар мен тас төсеуіштерді балалар және спорт алаңдары, ойын аймақтары, аттракциондар үшін, яғни жарақат алу қаупі жоғары алаңдар үшін пайдалануға болады. Плиткалардың басымдылықтары –жарақат салу қаупі жоқ, иілімді, соққыны жұту, ортопедиялық әсер, сырғанаудың болмауы, құлау кезінде қорғау және т.б. сонымен қатар ол сынбайды.

Бизнестің мақсаты - жаңа сапалы кәсіпкерлер өндірісті кеңейтуді, автомобиль шиналарын қайта өңдеу бойынша жабдықты сатып алуды жоспарлап отыр. Бұл қоқыс орындарын резеңке доңғалақ тыстарынан босатады, ал резеңке доңғалақ тыстарын өртеу (бұл тұрақты болып тұрады) қоршаған ортаға зиянды әсер береді.

Бұл жобаны іске қосу үшін «Банк Центр Кредит» АҚ-да 14 жылдық 14%пайыз мөлшерлемесі несие тартылған.Старттық бизнеске қарыз беру мүмкіндігін беру үшін «Даму» Қоры» АҚ несие сомасынан 85% кепілдік беруді қамтамасыз етті, сонымен қатар Компания субсидиялау мемлекет өз мойнына алды.

Алынған қаражаттардың шамамен 90% жарақат салу қаупі жоқ резеңке тас төсеуіштер мен плиткаларды, сондай-ақ жапсарсыз резеңке жабындарды өндіруге арналған жабдық жиынтығын сатып алуға бағытталған. Ал қалған бөлігіне өнімді өндіруге арналған шикізат сатылып алынған. Өнім міндетті сапа бақылауынан өтеді. Жылына 6 000 м2 резеңке плитка шығару жоспарланып отыр. Қазіргі уақытта Маңғыстау облысында мұндай жобаға ұқсас жобалар жоқ. Қазақстан бойынша резеңке плиткалардың өндірісімен үш кәсіпорын айналысады. Компаниямен 5 жұмыс орны құрылған.



## КЛИЕНТ:

Көкшетау



# «Айналайын» шағын орталығы

## *Балабақша*

Статистика бойынша Қазақстанда жастар кәсіпкерлігі нашар дамыған. Жас адамдар, бизнестерін ашқылары келетін болса да, шағыннан бастайды. Бұл бірақ Еділ Кенжеғалиевке қатысты емес. Ол өзінің 23 жасында 170 балаларға арналған «Айналайын» шағын орталығының құрылтайшысы болды.

«Кеңес дәуірінде мұнда «Алтын кілт» типтік балабақша орналасқан болатын», - деп атап өтті Еділ Кенжеғалиева. – Одақ ыдырағаннан кейін – стандарттар бойынша жүргізіледі: «Біз мектепке барамыз», «Алғашқықадам», «Зерек бала». Шағын орталықтың штатында 30 адам бар, олардың ішінде: кәсіпқой психолог, логопед, хореография мұғалімі де бар. Каратэ және вокал үйірмелері бар.

«Қазір біз үшін ең бастысы – оңтайлы оқыту әдістемесін әзірлеу болып табылады», деп түсіндірді «Айналайын» шағын-орталығының директоры Тұтқышева Айгүл Төлетайқызы. –Мен







## *Шағын орталықтың штатында 30 адам бар...*

«Роза» ЖШС жүн басу комбинаты болды, ал содан кейін – ғимарат ұзақ уақыт бойына бос тұрды. Инфрақұрылымы құлдырады, ғимараттың сыртқы түрі нашарлап кетті. Күрделі жөндеу қажет болды, және де ғимараттың өзі де арзан тұрмады. Мен несие алу үшін өтініш берген «БанкЦентрКредит» АҚ-да маған бірден «Бизнестің жол картасы 2020» Бағдарламасының шеңберінде мемлекеттік қолдауды пайдалануды ұсынды, мен өзімді сынап көруді шештім».

Жөндеу 6 айға созылды. Міне ашылған шағын-орталыққа мемлекеттік тілде оқытумен балалардың 6 тобы жиналды. Барлық балалар - «Балапан» мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеумен және оқытумен қамтамасыз ету мемлекеттік бағдарламасы бойынша.

Шағын-орталық жақында ғана ашылды, ал басшылықты ондағы білім берудің тиісті деңгейде екендігі қуантады. Оқу мемлекеттік қаладағы кейбір балабақшаның «Монтессори» инновациялық әдістемесін қолданатындарын білемін, біз де ресейлік балабақшалардың тәжірибелерін пайдаланғымыз келеді, және бұл салада белсенді жұмыстарды жүргізіп отырмыз. Мысалы, 24 шілдеде Астана қаласында «Туған жерге тағзым» акциясын іске асыру шеңберінде«Қазақстандық мемлекеттік-жекешелік әріптестік орталығы» АҚ ұйымдастырылған дөңгелек үстелге қатыстық, онда ұқсас бизнесте жұмыс істейтін кәсіпкерлермен жаңа таныстықтарды жалғастырдық».

«Шағын-орталықты тіркеу кезінде өзім үшін күтпеген жерден бизнестің әлеуметтік түрі ретінде шағын-орталықтың КТС және ҚҚС секілді салықтардан босатылатыны туралы білдім- деп әңгімеледі Еділ Кенжеғалиев. – Бұл факт бизнесті бастауды елеулі жеңілдетті, және кейіннен шағын-орталық жоғары пайдалылықты көрсетті. Сол себепті бұл салада жұмысты жалғастыруға бел будым». Нәтижесінде 120 адамға қазақ және орыс тілдерінде оқытумен «Балапан» екінші балалар орталығы ашылды.



***Танымалдылықты арттырудың маңызды факторларының бірі бағдарламаларды насихаттау құралдарының, сондай-ақ Қордың фронт-офистерінің визуалды бүтіндігі болып табылады.***





# 6 АҚПАРАТТЫҚ БЕЛСЕНДІЛІК ЖӘНЕ МАРКЕТИНГТІК ҚЫЗМЕТ

Қоғамның даму институттары қызметіне қызығушылығының жоғары деңгейін назарға ала отырып, Қор мемлекеттік бағдарламаларды, сонымен қатар стейкхолдерлердің назарын аудартатын жекелеген ішкі процедураларды іске асыру бөлігінде қабылданатын шешімдердің айқындығын қамтамасыз етуге аса назар аударады (сатып алулар, жұмысқа қабылдау, қолдаудың қаржылай және қаржылай емес құралдарын ұсыну).

Қордың маркетингтік қызметі нарықтағы жағдайды, мақсатты аудиториялардың қажеттіліктерін талдау негізінде өзекті тенденцияларға сәйкес жүзеге асырылады, қоғамның Қорға сенімділігін арттыруға, жағымсыз құбылыстарды анықтауға септігін тигізеді, дағдарысқа қарсы коммуникацияларды ұйымдастырудағы алдын ала ескерту шараларын қабылдауға ұласады.

Клиенттердің қажеттіліктерін, олардың қанағаттанбау ықтималдығының себептерін, бұқаралық ақпарат құралдарының (бұдан былай – БАҚ) сұраныстарын және Қор қызметі туралы басқа да стейкхолдерлерді талдау позитивті бренд жасауда аса маңызды.

Клиенттерді бағыттау деңгейін жетілдіру бойынша жұмыстар үшін Қорда жыл сайын фронт-офистердің, Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтарының және Call-орталықтардың жұмыскерлеріне арналған тренингтер өтеді, ақпараттарды жүйелі түрде жинау, соның ішінде әлеуметтік зерттеулерді қолданып жинау жүргізіледі.

Қордың жауапты бөлімшесі Қор қызметі туралы ақпаратты орналастыру уақыты мен орнының оңтайлы параметрлерін, жас шамасы, жынысы, кәсіпкерлік белсенділігі және т.б. бойынша мақсатты топтарға бағытталған жарнама науқандарын жүргізу масштабтары мен мерзімдерін анықтау мақсатында медиа-нарыққа зерттеу жүргізіледі.

***Қордың маркетингтік қызметі нарықтағы жағдайды, мақсатты аудиториялардың қажеттіліктерін талдау негізінде өзекті тенденцияларға сәйкес жүзеге асырылады, қоғамның Қорға сенімділігін арттыруға, жағымсыз құбылыстарды анықтауға септігін тигізеді, дағдарысқа қарсы коммуникацияларды ұйымдастырудағы алдын ала ескерту шараларын қабылдауға ұласады.***

Мақсатты аудиторияның Қорға сенім арту деңгейін жоғарылату және стейкхолдерлермен тиісті коммуникациялар орнату мақсатында Қор оның қызметі туралы ақпараттың көрнекілігінің, қолжетімділігін, қоғамдық мораль нормаларын, бәсекелес күрес ережелерін сақтауды қамтамасыз етеді.

Қордың оң имиджін нығайтудағы маңызды рөлді ақпараттық хабарлардың мазмұнының негізгі сипатын, позитивті тасымалдағыштарын анықтау, клиенттермен, серіктестермен және стейкхолдерлердің басқа да топтарымен екі тарапты байланысты қамтамасыз ету, БАҚ, мемлекеттік және қоғамдық құрылымдармен тұрақты байланысты ұйымдастыру және қолдау атқарады.

Танымалдылық және қызметіне сенімділік деңгейін арттыру үшін Қор құрылымдық бөлімшелердің ішкі байланысын, сонымен қатар Қордың жарнамалық шараларды әзірлеу және өткізу процесінде Жалғыз акционермен байланысты қолдауды жүзеге асырады. Сонымен қатар жарнамаға қатысуға қоғамдық пікір көшбасшылары, Қор бағдарламаларына қатысатын жемісті кәсіпкерлер шақырылады, Қордың стратегиялық міндеттерін шешуге сыртқы консультанттар мен коммуникация саласындағы сарапшылар тартылады. Танымалдылықты арттырудың маңызды факторларының бірі болып бағдарламаларды насихаттау құралдарының, сондай-ақ Қордың фронт-офистерінің визуалды бүтіндігі табылады. 2015 жылы Қорың фронт-офисін, соның ішінде аймақтық филиалдарын, Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтарын, Кәсіпкерлікті қолдаудың мобильді орталықтарын брендтеудің бірыңғай концепциясын іске асыру бойынша жұмыстар аяқталды.

Транспаренттіліктің жоғары деңгейін қамтамасыз ету мақсатында Қор жүйелі негізде пресс-конференциялар, брифингтер, пресс-турлар, Қор басқарушыларының БАҚ сұхбаттарын өткізіп отырады. Осылайша, 2015 жылы БАҚ кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау механизмдері туралы 4 237 материал жарияланды, соның ішінде орталық БАҚ - 1 572 материал, аймақтық БАҚ – 2 665 материал. Қазақстанның түрлі аймақтарында кәсіпкерлікті қолдау бағдарламасы бойынша қаржыландырылған ШОК сәтті іске асырылған жобалары бойынша 48 пресс-тур өткізілді. «БЖК-2020» бағдарламасын іске асыру барысын айқындау мақсатында республикалық және аймақтық телеарналардың эфирлерінде 317 сұхбат жүргізілді.

Кәсіпкерлер мен халықтың Қордың қызмет көрсету тәртібі туралы ақпараттану деңгейін жоғарылату мақсатында ақпараттық технологиялар қолданылады, олар арқылы қалаған адам кәсіпкерлікті қолдаудың қолданыстағы бағдарламалары, оларды іске асыру механизмдері мен шарттары, мемлекеттік қызметтер ұсыну тәртібі және басқа да ақпараттарға қатынай алады.

Бұқаралық коммуникацияның маңызды құралдарының бірі болып Қордың корпоративтік сайты (www.damu.kz) табылады, ол кәсіпкерлер мен халыққа қызметінің нәтижелері, қабылданған өзгерістер немесе Қор іске асыратын қолдаудың жаңа бағдарламалары туралы тез хабарлауға, сонымен қатар ең өзекті мәселелер бойынша кері байланыс алуға мүмкіндік береді. Қордың мақсатты аудиториясын ақпараттандыру республикалық және жергілікті телеарналарда, радио және баспа басылымдарында толық ақпарат орналастыру арқылы да жүзеге асырылады. 2015 жылы Қордың веб-сайтын қарау саны 3,5 миллионнан асты. Бұл бірінші кезекте интернет-аудитория арасында сайттың, сондай-ақ онда ұсынылған ақпараттың қажеттілігін (танымалдығын) куәландырады.

2013 жылғы желтоқсанда Индустриаландыру күнінде Қор Қазақстан Республикасының Президенті Н.А.Назарбаевтың тапсырысы бойынша жасалған Қазақстан кәсіпкерлеріне





***Қордың веб-сайтын қарау саны***

**3,5**

***миллионнан асты***

арналған «Бизнес аумағы» жаңа бірыңғай бизнес-порталы (business.gov.kz) ұсынылды. Business.gov.kz бизнес-порталы – бұл кәсіпкерлікті қолдаудың барлық шаралары туралы ең жақсы ақпараттық ресурстар, жаңалықтар мен аналитикалық Мақалар, оқыту материалдары мен кейстер, маркетингтік зерттеулер және шолулар, жоспарлар және мемлекеттік ұйымдар мен ұлттық компаниялардың сатып алу туралы хабарландырулар интегралданған Қазақстан кәсіпкерлеріне арналған бірыңғай ақпараттық алаң. 2015 жылы www.business.gov.kz сайтын қарау саны 4 775 204 бірлікті; кірушілер саны 1 084 339 бірлікті; онлайн-консультациялар саны 14 730 бірлікті құрады.

Жеке кәсіпкерлік субъектілері мен халықты ақпараттандыру және кәсібилік деңгейін жоғарылату мақсатында 2011 жылдың наурызынан бастап Қорда мамандандырылған Call-орталық жұмыс жасайды. Қордың Call-орталығы – бұл өтінімдерді орталықтан қабылдау және қоңырауларды өңдеу үшін жасалған «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ компаниялар тобының кәсіпкерлікті қолдау бағдарламалары туралы толық ақпарат алуға арналған ақпараттық-анықтамалық қызмет. Call-орталық белгілі бір мақсатты аудиторияға әсер ету арқылы мекенжайлық жұмыс жүргізуге мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда Call-орталық көптеген тапсырмаларды шешуге қабілетті: азаматтардың өтінімдерін автоматтандырылған өңдеуден өнімдерді насихаттауға, жарнамаға және нарыққа маркетингтік зерттеу жүргізуге дейін.

Телефон қоңырауларымен қатар интернеттің кез келген пайдаланушысы Қордың корпоративтік сайтында (www.damu.kz) Call-орталық консультанттарымен online-диалог жүргізу арқылы кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау мәселелері бойынша алғашқы консультациялар алу мүмкіндігіне ие, сонымен қатар электронды пошта, интерактивті онлайн-чат, веб-сайт арқылы тегін қоңырау алу және/немесе кері телефон байланысына тапсырыс беру арқылы сұрақ қоя алады. Сонымен қатар, Қорда жеке кәсіпкерлік субъектілеріне смс-ақпараттандыру қызметі енгізілген.

2015 жылы қашықтықтан консалтинг шеңберінде Call-орталық арқылы клиенттердің 38 мыңнан астам өтінімдері өңделді, олардың ішінде Қордың интернет-ресурстары арқылы 14,7 мың өтінім келіп түсті. Кәсіпкерлер мен халық қызықтыратын сұрақтардың барлығы дерлік  Қордың жеке кәсіпкерлікті дамыту бойынша бағдарламаларын іске асыруға қатысты. Сондай-ақ 2015 жылы Қор елдің қалың тобына мемлекеттік қолдау және осы Бағдарламаны іске асыру тиімділігін жоғарылату, сонымен қатар кәсіпкерлік идеяларын дәріптеу шараларын түсіндіру мақсатында «БЖК 2020» бағдарламасы бойынша ақпараттық-түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Кіру рейтингінің объективті көрінісін алу үшін Қордың Интернет-ресурстарына кіру санағыштары орналастырылды. Бүгінгі таңда Қор сайты қазақстандық zero.kz кіру рейтингінде «Қаржы» категориясында тіркелген 120 ресурстың ішінен 5-8 орындарды алады.

Қордың маркетингтік қызметінде тиімді коммуникациялар мен стейкхолдерлермен кері байланыс жасау процесі арқылы Қордың позитивті репутациясы мен имиджін жасауға екпін қойылды. Маркетингтік қызметтің тиімділігінің мониторингі мақсатында Қор келесі шараларды жүзеге асырады:

- қызметінің жалпы стратегиялық бағыттарына сәйкес Қордың коммуникациялық стратегиясы әзірленді;
- Қордың келесі имидждік сипаттамалары бойынша арнайы коммуникациялық шаралар кешені жүзеге асырылады: кәсіби, ашық, көмек көрсетуге дайын, ШОБ мәселелері бойынша негізгі сарапшы;
- мақсатты аудиторияға Қор қызметі, кәсіпкерлікті қолдаудың қолданыстағы бағдарламалары туралы ақпаратты жеткізу тиімділігін жоғарылату бойынша ұсыныстарды талдау және өңдеу жүргізіледі;
- мақсатты аудиторияның Қор бренді туралы ақпараттану дәрежесін жоғарылату бойынша ұсыныстарды талдау және өңдеу жүргізіледі;
- жыл сайын «Болашақтағы оқиғалар күнтізбесі» және «PR-шаралар жоспары» шеңберінде әрекеттерден тұратын шаралар жоспары әзірленеді.

# 7 БОЛАШАҚТАҒЫ КЕЗЕҢГЕ ҚОЙЫЛАТЫН МАҚСАТТАР ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

***2015 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан өңдеу өнеркәсібіндегі ШОК қолдау үшін өңдеу сектор кәсіпкерлерін қаржылық қолдауға жалпы сомасы 50 млрд. теңгені құрайтын 3 транш бөлінді, оны 100% игеруді 2016 жылғы наурызда аяқтау жоспарлануда.***

Қордың 2014-2023 жыларға арналған даму стратегиясына сәйкес Қордың негізгі міндеттері: ШОБС қаржылық қолдау көлемін арттыру, серіктестік бағыттарын және шағын және орта кәсіпкерлікті (бұдан былай – ШОК) қаржыландыру / қосалқы қаржыландыру механизмдерін қаржы институттарымен бірлесіп кеңейту, қосымша қорландыруды тарту, кәсіпкерлерді оқыту және құзыретін жоғарылату, кәсіпкерлерге арналған консультациялық қызметтер инфрақұрылымын дамыту, ШОК арналған бірыңғай ақпараттық алаңды енгізу.

Алға қойылған тапсырмаларды орындау мақсатында Қорға келесілер қажет:

**Біріншіден,** халықаралық қаржы ұйымдарынан қаражат тарту. ШОБ орташа мерзімді қаржыландыруды ұсыну оның өндіргіштігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін маңызды. Осыған байланысты Қор жыл сайын халықаралық қаржы ұйымдарынан қаражат тарту бойынша жұмыстар жүргізеді.

Алға қойылған тапсырмаларға сәйкес 2016 жылы Еуропалық қайта құру және даму банкісінен 26,61 млн. АҚШ доллары (9,6 млрд.тенге эквиваленті), Азия Даму банкісінен – 7,2 млн. АҚШ доллары (2,6 млрд.тенге эквиваленті) қаражат тарту жоспарланып отыр. Осы қаражат тартылуы мүмкін, егер осы халықаралық қаржы ұйымдары тарабынан своп талаптары мен екінші деңгейлі банктерге арналған қорландырудың тиімді құны бекітілген жағдайда.

**Екіншіден,** экономиканың басым секторларындағы кәсіпкерлікті қаржыландыру көлемін ұлғайту мақсатында Қор 2010 жылдан бастап несиелер / лизингтік мәмілелер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау және Бірыңғай бағдарлама шеңберінде несиелерді кепілдендіру бойынша қаржылық агенттік функцияларын орындайды.

Сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау бөлігінде 2016 жылы бөлінген қаражатты 40,4 млрд. теңге мөлшерінде игеру жоспарлануда(Қазақстан Республикасының Республикалық бюджетінен 33,2 млрд. теңге бөлінеді, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан айналым қаражатын толтыруға арналған несиелерін субсидиялау үшін 7,2 млрд. теңге бөлінеді).

2015 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан өңдеу өнеркәсібіндегі ШОК қолдау үшін өңдеу сектор кәсіпкерлерін қаржылық қолдауға





***Қойылған тапсырмаларға сәйкес 2016 жылы қаражат тарту жоспарланған:***

| *Еуропалық қайта құру және даму банкі* | *Азия Даму банкі* |
|---|---|
| ~26,61 *млн АҚШ доллары* | ~7,2 *млн АҚШ доллары* |

жалпы сомасы 50 млрд. теңгені құрайтын 3 транш бөлінді, оны 100% игеруді 2016 жылғы наурызда аяқтау жоспарлануда.

**Үшіншіден,** 2016 жылы Қор франчайзинг, факторинг схемаларын; негізгі мақсаты облыс орталықтарынан тыс орналасқан аймақтардағы кәсіпкерлерді қамту болып табылатын, өйткені оларда қолжетімді қаржыландырудың жетіспеушілігі бар, МҚҰ қолдаудың жеке бағдарламасын; бағдарламаларын қолдана отырып, ШОБ одан ары қаржыландыру үшін ЕДБ-ге және басқа да қаржы ұйымдарына қаражатты шартты орналастыруға негізделген бірқатар жеке бағдарламаларын іске қосуды, кәсіпкерлерді қолдау, Қор бағдарламаларына қатысатын қаржы институттарының жұмыскерлерін оқыту бойынша оқыту бағдарламаларын іске асыру және т.б. жоспарлауда.

2016 жылы жергілікті атқарушы органдардан қаражат тарту бойынша жұмыстар да жалғастырылады.

2015 жылы 180 миллион теңгеге дейінгі несиелер бойынша «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде жеке кәсіпкерлік субъектілеріне берілетін несиелерді кепілдендіру» мемлекеттік қызметтерін автоматтандыру бойынша жұмыстар басталды, 2016 жылы оны «электронды үкіметтің» веб-порталына  www.egov.kz. орналастыру жоспарлануда.

**Төртіншіден,** Қор өз қызметінде бірқатар шектелген топтарды ерекшелейді: әйел-кәсіпкерлер, жас кәсіпкерлер, мүмкіндігі шектеулі кәсіпкерлер. 2015 жылы Астана қаласының Әкімдігімен бірге ШОБС аймақтық қаржыландыру қоры бағдарламасы шеңберінде «Astana – Zhas-StarT» жастар кәсіпкерлігін дамыту бойынша жаңа құрал іске қосылды. Осы құралды іске асыруға Қор мен Астана қаласының әкімдігі 300 млн. теңге бөлді. Бағдарламаға өз жобаларын Астана қаласында іске асыруға ниетті 29 жасқа дейінгі жас кәсіпкерлер қатыса алды.

Жобалардың жекелеген қатары мүмкіндіктері шектеулі кәсіпкерлерді қолдауға бағытталған. Осылайша, «Мүгедек әйелдердің кәсіпкерлік дағдыларын дамыту» мүгедек әйелдерді  қолдау бағдарламасы шеңберінде Кәсіпкерлік құзыретін арттыру бірыңғай бағдарламасы «Шырақ» ҚБ бірлесіп 2015 жылы Алматы қаласы мен Алматы облыстарында мастер-кластар өткізілді, оларға 120 мүгедек әйел қатысты. Оның үстіне, Қазақстан

*Жергілікті атқарушы органдардан қаражаттарды тарту бойынша жұмыс жалғастырылатын болады.*

Республикасының барлық аумақтарынан 322 респондент қатысқан зерттеу жүргізілді. 2016 жылы осы Жобаны іске асыру жалғасады. Жоба келесілерді көздейді:

**1)** ішкі кедергілерді еңсеру және көшбасшылық қабілеттерін дамыту мақсатында мүгедек әйелдерге оқу курстарын өткізу;

**2)** талап етілетін және бейімделген мамандықтар бойынша кәсіби дайындау/қайта дайындау бойынша, сонымен қатар бизнес-жоспарлар жасау бойынша курстар өткізу;

**3)** мүгедек әйелдер үшін әрекет етуші кәсіпкерлермен және потенциалды жұмыс берушілермен диалогтік алаң жасау, консультациялық қызметтер көрсету;

**4)** мүгедек әйелдер үшін бизнес-коучинг жүйесін жасау және жұмыс орындарында машықтануды ұйымдастыру.

**Бесіншіден,** халықтың кәсіпкерлікке қызығушылығын арттыруды және кәсіпкерлер құзыретінің деңгейін жоғарылатуды қамтамасыз ету үшін Қор міндеті болып ШОБ субъектілерінің құзыретін дамыту бойынша құралдар енгізу табылады. 2015 жылы 2016-2018 жылдарға арналған Кәсіпкерлік құзыреттілігін жоғарылатудың бірыңғай бағдарламасы бекітілді. Оның шеңберінде кәсіпкерлерді оқыту бойынша жаңа бағыттар бекітілді. Келесі жылы стартаперлерді оқытуға көп көңіл бөлінетін болады.

# 8 ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Қор тәуекелдерін басқару жүйесі Қордың Атқарушы органы мен Басқару органының тәуекелдер және тәуекелдерді азайту бойынша шешімдер туралы уақытылы ақпараттандыруды қамтамасыз ететін процесстер мен процедуралар жүйесінен тұрады.

Есептік кезеңде тәуекелдерді басқару жүйесі ШОК жобаларын кепілдендіру бойынша бірыңғай бағдарлама шеңберінде несиелік тәуекелдерді кешенді талдау принциптерін іске асыруға бағытталған.

Бірыңғай бағдарламасы іске асыру маңыздылығын есепке ала отырып, Қор жыл сайын жобалық тәуекелдерді бағалау әдістемесін жетілдіреді, бұл ерте сатыда кредиттік тәуекелдерді барынша азайтуға мүмкіндік береді.

Кепілдендіру туралы немесе несие беруден тас тарту туралы шешім қабылдау барысында Қор кредиттік тәуекелдерді бағалаудың жеке кешенді әдістемесінің нәтижелерін қолданды. Осы әдістеме жобаның қаржылық көрсеткіштеріне жағымсыз әсер етуі және берілген кепілдіктер портфелі бойынша Қордың кредиттік тәуекелінің деңгейін ұлғайтуы мүмкін тәуекелдердің өзара байланысқан факторларын кешенді талдауға негізделеді.

Қаржы тәуекелдерін басқару кезінде 2015 жылы тәуекел факторларының үш аймағы ерекшеленді: шартты орналастыру, бағалы қағаздарға инвестициялар, УБК басқару. Оларды азайту үшін банк-контрагенттермен жасалатын белсенді операцияларды лимиттеу, ЕДБ, лизингтік компаниялардың және корпоративтік





*«Тәуекелдерді басқару процестерін ұйымдастыру» бағыты бойынша тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің тиімділік деңгейі Ішкі аудит қызметінің бағамдары бойынша 78,86% құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда (67,96%) 10,09 пайыздық пунктке көп.*

2014 жыл 67,96%

2015 жыл 78,86%

эмитенттердің кредиттік тәуекелдерін қашықтықтан талдау әдістемелері қолданылды.

Лимиттеу әдістемелерін қолдану қаржы тәуекелдерін басқарудың әдістемелік және техникалық базасын жетілдіру бойынша Тәуекел-менеджмент департаментін күшейту нәтижесінде мүмкін болды.

Тәуекелдерді басқару жүйесін ендіруді бастаған сәттен бастап Қорда тәуекелдерді басқару бойынша елеулі жұмыстар жасалды. Жекелегенде, орталықтандырылған шаралар шеңберінде «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ сыртқы консультант ПрайсУотерхаусКуперс (PWC) бірлесіп Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитетінің талаптарын есепке ала отырып, ең жақсы халықаралық тәжірибеге негізделген және тәуекелдердің барлық жекелеген түрлерін басқару мен бағалаудан (кредиттік, нарықтық, операциялық, бизнес тәуекелдер, жылжымайтын мүлік тәуекелі), қалыпты және стресстік жағдайларды есепке ала отырып, тәуекелдердің жиынтық мәнін анықтаудан, ішкі капиталдың жеткіліктілігін есептеуден және тәуекел-аппетитті (капиталдың жеткілікті болуы, табыстылық және өтімділік бөлігінде) есептеуден тұратын тәуекелдерді басқару жүйесі енгізілді.

Тәуекелдерді басқару саясатына сәйкес Қор Басқармасы тоқсан сайын Директорлар кеңесіне шоғырландырылған негізде негізгі тәуекелдерді, тәуекелдер бойынша лимиттерді сақтау жөніндегі ақпараттарды, сонымен қатар негізгі тәуекелдерді азайту бойынша жоспарлар мен бағдарламаларды іске асыру туралы мәліметтерді сипаттай және талдай отырып, Тәуекелдер жөніндегі есепті ұсынады.

2015 жылы операциялық тәуекелдерді басқару жұмыстары жалғастырылды. Осы бағыттағы жұмыстар бойынша Қордың барлық құрылымдық бөлімшелері тартылды, құжаттардың кешенді пакеті бекітілді, с.і.:

- Тәуекелдер регистрі мен картасы, тәуекелдерді басқару бойынша шаралар жоспары жаңартылды;
- Тәуекелдердің негізгі индикаторлары (ТНИ) бекітілді;
- Іске асырылған және потенциалды тәуекелдер бойынша базаның апта сайын жүргізу тәжірибесі енгізілді;
- Қор қызметінің үздіксіздігін басқару жүйесі шеңберінде Қордың қызметін қалпына келтіру, дағдарыстық басқару жоспарлары жасалды.

«Тәуекелдерді басқару процестерін ұйымдастыру» бағыты бойынша тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің тиімділік деңгейі Ішкі аудит қызметінің бағамдары бойынша 78,86% құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда (67,96%) 10,09 пайыздық пунктке көп. Бұл ретте Қордың 2017-2018 жылдарға арналған тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін дамыту стратегиясына сәйкес тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің тиімділік деңгейі 2018 жылы 75% деңгейінде болуы тиіс.

## КЛИЕНТ:

# «ROTO-PRIME» ЖШС




### *Полиграфические услуги*

Компанияның негізгі қызметі полиграфиялық қызметтерді көрсету және иілімді орам (с.і. затбелгілердің, пакеттердің және т.б.) өндірісі болып табылады. Компания 2010 жылы құрылған және заманауи өндірістік желілерде жұмыс істейді.

Шығарылатын өнім үшін қажетті шикізатты (бояуларды, полиэтиленді және басқа материалдарды) компания ресейлік өндірушілерден сатып алады. Өндірілетін орам үлбірі жоғары сапамен және қол жетімді бағасымен ерекшеленеді. Дайынөнім Қазақстанның барлық аймақтарына жеткізіледі. Компанияның тапсырыс берушілерінің арасында бар: «Алекс» ЖШС, «Корона» макарон фабрикасы» ЖШС, «Алтын Дән» ЖШС, «Балмұздак» ЖШС және басқалар.

Шикізатты сатып алу үшін 2015 жылдың наурыз айында компания «Даму» Қорының екінші деңгейдегі банктер арқылы іске асырылатын әйелдер кәсіпкерлігіне микронесиелер беру бойынша бағдарламаны пайдаланды. Және осы жылы компания 20,0 млн. теңге мөлшерінде жеңілдікті пайыздық мөлшерлемемен - 9,5%, 12 ай мерзімге қарыз қаражаттарын алды.

«Даму» Қорының желісінің шеңберінде жеңілдікті қаржыландырудың арқасында біз қажетті шикізат пен материалдарды сатып ала алдық, бұл бірінші кезекте біздің өнімнің және қызметтердің тұтынушылары үшін бағаны бұрынғы деңгейде сақтап қалуға, ал екіншіден, қарқын мен қуатты төмендетпей, жұмыс орындарын сақтай отырып, жұмыс істеуді жалғастыруға мүмкіндік берді», деп әңгімелеп өтті директордың орынбасары Дәулет Сүйінтаев.



**компания**
**20**
**млн. теңге мөлшерінде жеңілдікті пайыздық қарыз қаражаттарын алды**



***Компания 2010 жылы құрылған және заманауи өндірістік желілерде жұмыс істейді.***

***Өндірілетін орам үлбірі жоғары сапамен және қол жетімді бағасымен ерекшеленеді.***



## КЛИЕНТ:

# ЖК «Ниязбаев»




### *«Алладин» Балалардың ойын-сауық орталығы*

Қызылорда облысының Қармақшы ауданының Ақай ауылынан шыққан жеке кәсіпкер Серік Ниязбаев 2015 жылы шілде айында ауылдастарын бірінші «Алладин» балалардың ойын-сауық орталығын ашып, қуантты. Енді Ақай ауылы мен Байқоңыр қаласының тұрғындары отбасыларымен бірге өз бос уақыттарын осы орталықта өткізеді, бұл жерде үнемі ертегідегідей жағдай қалыптасқан.

«Алладин» балалардың ойын-сауық орталығы, жыл бойына жұмыс істейтіндігімен бірегей. Жазғы уақытта балаларды қауыздар мен алып батуттар қуантады, ал қыста аттракциондар мен электромобильдерде ойнайды. Жаңа орталық ойын-сауық және танымдық бағыттарды біріктіреді. Бұл аттракциондар (балалардың әткеншектері, пластиктен жасалған үйлер, балалардың қорғандары, үрлемелі батуттар, балалар лабиринті, брондалған кеудешелермен жақыннан атуға арналған кабиналар, машиналар, электромобильдер, балалар паравоздары және басқалар), 8 отырғызу орындарымен 7D форматындағы шағын кинотеатр, ең кішкентайларға арналған бөбектер аймағы, «танымдық ас үйімен» отбасылық кафе және тағы да басқалар. Серік Ниязбаев күн сайын өзінің қонақтары үшін әртүрлі шоуды ұйымдастырады, «Алладинде» өзінің «Веселинка» мерекелік театры да бар, ол тақырыптық мерекелерді ұйымдастырады.

«Біз «Алладин» ойын-сауық орталығын мақтан тұтамыз және отбасымызбен мұнда жыл бойына уақытты көңілді өткіземіз. Аниматорлар, клоундар, сиқыршылар, сабын көпіршігінің шоуы, музыкалық және би бағдарламалары біздің балалар үшін сөз жетпес қызықты әсерлер береді. Облыстың басқа аймақтарында мұндай ертегі орталығы әлі жоқ деп сеніммен айта аламын» – деп Ақай ауылының тұрғыны Айнұр Қарабалаева өзінің алған әсерлерімен бөлісті.

СерікНиязбаев – мемлекеттік қолдаудың шеңберінде өз бизнесін бастап қана қоймай, өзінің кешенін Қызылорда облысының үздік бос уақытты өткізу орталықтарының біріне айналдыра білген табысты стартаперлердің бірі. Қармақшы ауданының Ақай ауылдық округынан шыққан жаңа бастаған кәсіпкерге, Серік Ниязбаевқа «Даму» Қорының 12 600 000 теңге мөлшерінде несиеге «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы бойынша несиее сомасынан 70% кепілдік берілген.



**Серік Ниязбаевқа «Даму» Қорының**
**12,6**
**млн теңге мөлшерінде кепілдік берілген**



***Біз «Алладин» ойын-сауық орталығын мақтан тұтамыз және отбасымызбен мұнда жыл бойына уақытты көңілді өткіземіз.***



*Қордың жалғыз акционері «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ.*

# 9 КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Жарғыға сәйкес Қор органдарына келесілер жатады:

**1) жоғары орган – Жалғыз акционер;**

**2) басқару органы – Директорлар кеңесі;**

**3) атқарушы орган – Басқарма;**

**4) Қордың қаржылық-шаруашылық қызметіне бақылау жүргізетін орган – Ішкі аудит органы;**

**5) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің екінші деңгейлі банктерден және басқа да заңды тұлғалардан несие алуы кезінде оларға кепілдік беруге байланысты жұмыстарды жүзеге асыратын орган - Кредиттік комитет;**

**6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған басқа да органдар.**

## *Жалғыз акционер*

Қордың жалғыз акционері «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ.

Жалғыз акционердің ең маңызды функцияларының қатарына Жарғыны, Корпоративтік басқару кодексін бекіту, Директорлар кеңесі өкілдігінің құрамы мен мерзімін анықтау, сыртқы аудитті, жылдық қаржылық есептілікті және басқаларын бекіту.

## *Мәселені Жалғыз акционердің қарастыруына ұсыну процедурасы*

Мәселені Жалғыз акционердің қарастыруына ұсыну процедурасы бойынша Қор Жалғыз акционердің 2014 жылғы 24 желтоқсанда бекітілген №41/14 шешімімен бекітілген «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ «Директорлар кеңесінің, еншілес ұйымдар мен тәуелді акционерлік қоғамдардың бақылау кеңестерінің отырыстарының материалдарды қарастыру регламентін» басшылыққа алады. Осы регламент «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ директорлар кеңесінің қарастыруына ұсынылатын мәселелерді уақытылы және сапалы қарастыру арқылы Жалғыз акционер өкілдерінің еншілес ұйымдардың директорлар кеңесіндегі қызметінің тиімділігін ұйымдастыру мақсатында әзірленген.

### Жалғыз акционердің 2015 жылы қабылдаған негізгі шешімдері туралы ақпарат

| № | Мәселе атауы | Қабылданған шешімдер |
|---|---|---|
| 1 | Қордың директорлар кеңесі туралы ережені бекіту | Басқарма Холдингінің 09.02.2015 жылғы шешімі |
| 2 | **«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры АҚ 2014 жылға арналған жылдық қаржылық есебін, таза табысты тарату тәртібін, қарапайым акциялар бойынша дивидендтер төлеуді және бір қарапайым акция есебінде дивиденд мөлшерін бекітуді, акционерлердің Қор әрекеттеріне жүгінуін және Директорлар кеңесі мен Қор басқармасы мүшелерінің сыйақы мөлшерлемесі туралы ақпараттарды назарға алуды бекіту** | **Басқарма Холдингінің 20.05.2015 жылғы шешімі** |
| 3 | «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ғы тәуекелдерді орталықтандырылған басқару жүйесін енгізу шеңберінде әзірленген тәуекелдер бойынша ішкі құжаттарды бекіту туралы | Басқарма Холдингінің 25.05.2015 жылғы шешімі |
| 4 | **«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қаржылық активтері мен міндеттемелерін басқару регламентіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы** | **Басқарма Холдингінің 12.06.2015 жылғы шешімі** |
| 5 | Қордың 2014 жылға арналған Жылдық есебін бекіту | Басқарма Холдингінің 24.07.2015 жылғы шешімі |
| 6 | Қордың 2016-2018 жылдарға арналған аудиторлық ұйымын анықтау туралы | Басқарма Холдингінің 12.06.2015 жылғы шешімі |

Жарияланған және орналастырылған бағалы қағаздар (қарапайым акциялар) саны 27 462 244 бірлікті құрады.





# *Директорлар кеңесі*

Директорлар кеңесі Қор қызметіне жалпы басшылық етуді жүзеге асырады. Директорлар кеңесінің функциялары болып Қордың даму стратегиясын бекіту, кәсіпкерлікті қолдау бойынша бағдарламаларды бекіту, тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімді жұмысын қамтамасыз ету, Қордың қаржылық-шаруашылық қызметіне бақылау жүргізу және басқалары табылады.

Қордың Директорлар кеңесінің құрамында 8 мүше бар, олардың 3 – Тәуелсіз директорлар.

# Директорлар кеңесінің құрамы



**Директорлар кеңесінің Төрағасы**

## Сагинтаев
## Бакытжан Абдирович

(1963 ж.т., Директорлар кеңесіне сайлау күні – 2013 жылғы 15 сәуір)

С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін бітірген, экономика ғылымдарының кандидаты.

2007 – 2008 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Канцеляриясын басқарушы болып жұмыс жасады. 2008 жылғы 30 қыркүйектен бастап – Павлодар облысының әкімі. 2012 жылдың 20 қаңтарынан бастап – Қазақстан Республикасының Экономикалық даму және сауда министрі. 2012 жылғы 24 қыркүйектен бастап – «Нұр-Отан» ҰДП Бірінші орынбасары. 2013 жылғы 16 қаңтардан бастап осы күнге дейін Қазақстан Республикасының Бірінші вице-премьер.

«ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.



**Директорлар кеңесінің мүшесі**

## Джолдыбаева
## Галия Тагибердиевна

(1973 ж.т., Директорлар кеңесіне алғаш сайлау күні – 2012 жылғы 24 қыркүйек, Директорлар кеңесіне ағымдағы сайлау күні – 2013 жылғы 15 сәуір)

1996 жылы Е.А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін «Юриспруденция» мамандығы бойынша аяқтады.

2008 жылғы қыркүйектен бастап Тіреу қызметі және алғашқы көмек көрсету комитеті Төрағасының орынбасары болып жұмыс жасады; 2009 жылдың қазаны және 201 жылдың қыркүйегі аралығында – Павлодар облысының Әділет департаментінің Директоры. 2012 жылғы қыркүйекте Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің Кәсіпкерлікті дамыту комитетінің Төрағасы болып тағайындалды.  Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі департаментінің Директоры болып табылады.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.







**Директорлар кеңесінің мүшесі**

## Тулеушин
## Каныш Аманбаевич

(1983 ж.т., Директорлар кеңесіне сайлау күні – 2013 жылғы 26 маусым)

Қордың Жалғыз акционерінің өкілі.

Оксфорд Брукс университетін және Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетін аяқтады.

2008-2011 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Консультанты, сектор меңгерушісі, әлеуметтік-экономикалық мониторинг бөлімінің меңгерушісі болып жұмыс жасады. 2011-2013 жылдар аралығында – Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар Вице-Министрі. 2013 жылғы шілдеде «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының Басқарушы директоры-мүшесі болып тағайындалды.

«Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік» АҚ және «ҚазЭкспортГарант» ЭКСК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.



**Директорлар кеңесінің мүшесі**

## Ибрагимова
## Ляззат Еркеновна

(1972 ж.т., Директорлар кеңесіне сайлау күні – 2011 жылғы 14 қаңтар)

1994 жылы Ақмола ауылшаруашылығы институтын «АӨК салаларындағы экономика және басқару» мамандығы бойынша аяқтады; 2003 жылы – Еуразиялық гуманитарлық институтын «Юриспруденция» мамандығы бойынша аяқтады. Экономика ғылымдарының кандидаты.

2004 жылдан бастап Қордың даму, оқыту және консалтинг, корпоративтік даму стратегиялары және талдау департаментін басқарды. 2009 жылғы қаңтардан бастап «Самрұқ-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Қаржы институттары мен даму институттарын басқару жөніндегі дирекциясының арнайы бағдарламалар департаментінің бас менеджері болып жұмыс жасады; 2009 жылғы тамыздан бастап – Қордың Басқарма Төрағасының Орынбасары. 2011 жылғы қаңтардан бастап Қордың Басқарма Төрағасы болып жұмыс жасайды. Коммерциялық емес «Кәсіпқор» холдингі» АҚ Тәуелсіз директоры-Директорлар кеңесінің мүшесі, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның мүшесі.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.



**Директорлар кеңесінің мүшесі**

## Алдамберген
## Алина Өтемісқызы

(1973 ж.т., Директорлар кеңесіне сайлау күні – 2013 жылғы 26 маусым)

Қордың Жалғыз акционерінің өкілі.

1995 жылы Қазақ Мемлекеттік Басқару академиясын «Қаржы және кредит» мамандығы бойынша аяқтады. 1997 жылы Рочестер Университеті, Уиль Е. Саймон атындағы Іскерлік Әкімшілік ету мектебін аяқтады, Іскерлік әкімшілік ету магистрі дәрежесіне ие.

2008-2011 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі агенттігінің Бірінші Төрағасы болып жұмыс жасады. 2011-2013 жылдар аралығында – Бас директордың орынбасары, «Самұрқ-Қазына Финанс» ЖШС Бас директоры (2012 жылғы 24 қаңтардан бастап).

2013 жылғы шілдеде «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары және Басқарма мүшесі болып тағайындалды.

Түрлі жылдары «Қазақстан Қор биржасы» АҚ, «БТА Банк» АҚ, «Темірбанк» АҚ, «Альянс Банк» АҚ Директорлар кеңесінде түрлі қызметтерді атқарды.

«Қазақстан Даму банкі» АҚ, «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «Қазақстан ипотека компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы болып табылады.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.



**Директорлар кеңесінің мүшесі,**
**Тәуелсіз директор**

## Жандосов
## Ораз Алиевич

(1961 ж.т., Директорлар кеңесіне алғаш сайлау күні – 2012 жылғы 24 қыркүйек, Директорлар кеңесіне ағымдағы сайлау күні – 2013 жылғы 15 сәуір)

1983 жылы М. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің экономика факультетін «Экономист- кибернетик» мамандығы бойынша үздік аяқтады.

Қазақстанның Ғылым академиясының Экономика институтында жұмыс жасады. Түрлі жылдары Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің Басқарма Төрағасы, Премьер-министрдің Бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасының инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетінің Төрағасы, «KEGOC» ААҚ Президенті, Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі, Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Төрағасы қызметтерін атқарды.

2008 жылдан бастап осы күнге дейін «РАКУРС» Экономикалық талдау орталығының Директоры, Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлердің ұлттық палатасының Президиумі мүшесі болып табылады.

«Қазпочта» АҚ, «Батыс Транзит» АҚ, «Golden Compass Capital» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директор-мүшесі болып табылады.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.







**Директорлар кеңесінің мүшесі,**
**Тәуелсіз директор**

## Ертлесова
## Жаннат Джургалиевна

(1956 ж.т., Директорлар кеңесіне алғаш сайлау күні – 2012 жылғы 26 наурыз, Директорлар кеңесіне ағымдағы сайлау күні – 2013 жылғы 15 сәуір).

1978 жылы С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін аяқтады, математик. Экономика ғылымдарының докторы, профессор, елуден астам ғылыми еңбектердің авторы.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінде басшылық қызметтерді (вице-министр, бірінші вице министр) атқарды, Қазақстан Республикасының Президент әкімшілігі басшысының орынбасары болды. «Қазақтелеком» ААҚ вице-президенті, Қазақстан Республикасының табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттік төрағасының бірінші орынбасары, «Қазмұнайгаз» ҰК АҚ корпоративтік даму бойынша басқарушы директоры болып жұмыс істеді. 2007 жылғы маусым және 2007 жылғы қыркүйек аралығында «Қазына» тұрақты даму қоры» АҚ Басқарма Төрағасының Орынбасары болып жұмыс жасады: 2007 жылғы ақпаннан бастап - «Қазына» тұрақты даму қоры» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі. 2007 жылғы ақпаннан бастап Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің шаттан тыс Кеңесшісі болып жұмыс жасайды. Қазақстанның Салық төлеушілер қауымдастығының Басқарушы кеңесінің Төрағасы.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.



**Директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз**
**директор**

## Бисекеев
## Серикбай Жолдыбаевич

(1971 ж.т., Директорлар кеңесіне сайлау күні – 2014 жылғы 31 шілде)

Ленинград политехникалық институтын аяқтады.

Энергетика және телекоммуникация саласындағы интеграциялық шешімдерді өндіруші және жеткізуші Arman Holding КТ негізін қалаушы және Президенті.

2000 жылдан бастап – осы күнге дейін - «Arman Holding» КТ Президенті. 2013 жылы «Ғалымдардың Еуразиялық экономикалық клубы» Қауымдастығының Оңтүстік Шығыс Азия тараптарымен серіктестік мәселелері жөніндегі Вице-президент мәртебесі берілді.

Азаматтығы: Ресей Федерациясы.

*Қордың Директорлар кеңесінің мүшелері Қор акцияларын, Қордың жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иемденушісі емес.*

# Басқарма құрамы



**Басқарма Төрағасы**

## Ибрагимова Ляззат Еркеновна

Қордың Басқарма Төрағасы орынбасарларына, басқарушы директорларға, Кепілдендіру департаментіне, Адам ресурстарын басқару жөніндегі департаментіне, Мониторинг департаментіне, Мемлекеттік органдармен байланыс бойынша департаментіне, аймақтық филиалдарға, Төраға кеңесшілері мен көмекшілеріне жетекшілік етеді.

Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі, коммерциялық «Кәсіпқор» холдингі» АҚ директорлар кеңесінің мүшесі, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссиясының мүшесі.



**Басқарма Төрағасының Орынбасары**

## Бейсембаев Мирас Берикович

«БЖК 2020» бағдарламасы шеңберінде субсидиялау бағдарламаларын іске асыру бойынша жұмыстарға, ақпараттық технологиялар, әкімшілік департаменті, аймақтық филиалдарды үйлестіру саласындағы жұмыстарға жетекшілік етеді. Субсидиялау департаментіне, Ақпараттық технологиялар департаментіне және Әкімшілік департаментіне, Аймақтық филиалдарды үйлестіру департаментіне жетекшілік етеді.



**Басқарма Төрағасының Орынбасары**

## Абилкаиров Даулет Максутович

Корпоративтік дамуға, тәуекел-менеджментке, ақпаратты-аналитикалық жұмыстарға жетекшілік етеді. Корпоративтік даму департаментіне, Тәуекел-менеджмент департаментіне, Ақпараттық-аналитикалық департаментке жетекшілік етеді.



**Басқарма Төрағасының Орынбасары**

### Ергусаева
### Салтанат Убеевна

Құқықтық мәселелер бойынша, қауіпсіздік мәселелері бойынша жұмыстарды, проблемалы активтермен жұмысты үйлестіреді және жетекшілік етеді. Заң департаментіне, Қауіпсіздік департаментіне және Проблемалы активтермен жұмыс жасау департаментіне жетекшілік етеді.



**Басқарушы Директор – Басқарма мүшесі**

### Уласбеков
### Куаныш Серикович

Қаржы бағдарламаларына мониторинг жүргізу, қаражатты шартты орналастыру бағдарламаларын іске асыру, адам ресурстарын басқару саласындағы жұмыстарға жетекшілік етеді. Мониторинг департаментіне, Бағдарламалық қарыздар департаментіне және Адам ресурстарын басқару департаментіне жетекшілік етеді.







**Басқарушы Директор – Басқарма мүшесі**

### Лесбеков
### Габит Абдимуталипович

Маркетинг және халықаралық ынтымақтастық, қоғаммен байланыс саласындағы жұмыстарға, оқыту және сервистік қолдау саласындағы мәселелер бойынша жұмыстарға жетекшілік етеді. Маркетинг және халықаралық ынтымақтастық департаментіне, Оқыту және сервистік қолдау департаментіне жетекшілік етеді.



**Басқарушы Директор – Басқарма мүшесі**

### Финогенова
### Алена Валерьевна

Қордың қаржылық мәселелеріне, с.і. бухгалтерлік, салықтық, статистикалық есеп, қаржылық, салықтық есептілік мәселелеріне, тиімді салық салу, бюджеттік жоспарлау мәселелеріне, уақытша-бос ақша қаражатарды тиімді орналастыру, олардың әдістемелері бойынша шараларға жетекшілік етеді. Бухгалтерлік есеп және есептілік департаментіне және Бюджеттік жоспарлау департаментіне жетекшілік етеді.

*Қор басқармасының мүшелері Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылады; Қор акцияларын, Қордың жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иеленбейді.*

## Ұйымдық құрылымы

Қордың ұйымдық құрылымы стратегиялық мақсаттар мен тапсырмаларды тиімді шешуге мүмкіндік береді. Қорда 20 құрылымдық бөлімше және 16 аймақтық филиал бар. Қор қызметкерлерінің жалпы штаттық саны 371 бірлікті құрайды.




## Қордың еншілес компанияларының тізімі

Қордың жарғылық капиталға қатысу үлесі бар, бірақ осы компаниялардың қызметіне елеулі әсер ете алмайтын компаниялар тізімі:

| № | Атауы | Жарғылық капитал, млн. теңге | Қатысу үлесі | Қызметінің негізгі түрі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | «АДАЛ-INVEST» МКҰ» ЖШС | 7 | 28,5% | микрокредит беру |
| 2 | **«Эконом» МКҰ» ЖШС** | 12 | 16,6% | **микрокредит беру** |
| 3 | «Вест Финанс» МКҰ» ЖШС | 5,06 | 39,5% | микрокредит беру |
| 4 | **«Жайнар» МКҰ» ЖШС** | 5,5 | 36,4% | **микрокредит беру** |

2015 жылдың 4 қыркүйегінде Қордың Директорлар кеңесінің шешімімен (№64 хаттама) «Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ (бұдан былай - АЕО) порталында тендерлер жүргізу арқылы МКҰ жарғылық капиталына қатысу үлестерін өткізу бекітілді. Осы шешімді орындау шеңберінде Қордың Проблемалы активтермен жұмыс жасау департаментімен тендерлерді дайындау және өткізу бойынша шаралар өткізілді: АЕО қызмет көрсету туралы келісім жасалды, Қормен үлестес заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарындағы қатысу үлесін іске асыру мәселелері жөніндегі комиссияның құрамын анықтау мақсатында Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігімен, ҚҰП және «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ хат-хабарлар жүргізілді, МКҰ басқа да қатысушыларымен және т.б. хат-хабарлар жүргізілді.

2015 жылғы 24 желтоқсанда Қордың директорлар кеңесі (№66 хаттама) «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ микрокредиттік ұйымдардың жарғылық капиталына қатысу үлесін өткізу бойынша әрекеттердің жаңа жоспары бекітілді (бұдан былай - Жоспар) және оған сәйкес әрекеттердің осыған дейін бекітілген Қордың Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 4 шілдедегі шешімінің күші жойылды (№52 хаттама).

2015 жылдың 29 желтоқсанында АЕО порталында алғашқы тендерлер өткізілді. Өткізу нәтижелері бойынша тендерлер өтініштердің болмауына байланысты тендер өткізілген жоқ деп танылды. Жоспарға сәйкес тендерлерді қайта өткізу жоспарлануда. МКҰ жарғылық капиталына қатысу үлесіне тендерді қайта жүргізу іске асырылмаған жағдайда Жоспарда Қор Басқармасының одан арғы әрекеттерді анықтау бойынша міндеттемелері бекітілді.

2015 жылғы 30 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Үкіметі 2015 жылғы 30 желтоқсандағы №1141 қаулыны қабылдады. Бұл ретте МКҰ жоғарыда аталған Қаулымен бәсекелестік ортасына жіберуге ұсынылмайтын Еншілес, тәуелді ұйымдар тізбесіне кірмейді. Осылайша, МКҰ жекешелендіру нысаны болып табылмайды және 2016-2020 жылдарға арналған Жекешелендірудің кешенді жоспарына кірмейді.

## КЛИЕНТ:

# «Chess Academy of Zhansaya Abdumalik» ЖШС




## *Шахмат ойнауға үйрету*

«Даму» Қоры Данияр Әшіровтің «Chess Academy of Zhansaya Abdumalik» бастапқы, ортаңғы және кәсіпқой деңгейде шахматқа оқыту бойынша жаңа академияны ашу үшін тұрғын емес жайды сатып алу бойынша бастамасын қолдады. алды. «Даму» Қоры да несиені субсидиялады және қарыз бойынша мөлшерлеме жылдық 7% құрайды. Академияны Жансая Әбдімәліктің, 2000 ж. 12 қаңтарда дүниеге келген, қазақстандық шахматшы, халықаралық әйелдер гроссмейстері (2014 ж.) гроссмейстерлердің құрметіне аталған, мектептің фойесінде танымал шахмат партиялары жазылған.

Жансая Әбдімәліктің Шахмат академиясында Грузияны, Әзірбайжанның, Украинаның және Алматы қ. үздік



*қарыз бойынша мөлшерлеме жылдық*

**7%**

*құрайды*




### *Жансая Әбдімәліктің Шахмат академиясында Грузияны, Әзірбайжанның, Украинаның және Алматы қ. үздік жаттықтырушылары сабақ береді.*

Жобаны іске асыру үшін кәсіпкер «CapitalBank» АҚ-на басым сектордың кәсіпкерлері үшін Қордың ішінара кепілдік беру өнімін тарта отырып, «Бизнестің жол картасы 2020» Бірыңғай бағдарламасының шеңберінде 120 900 000 теңге мөлшерінде қаржыландыруды тарту үшін өтініш білдірді. Несиенің нысаналы мақсаты инвестициялар болды. Несие сомасына Академия ғимаратты меншікке ала, қажетті жабдық пен керек-жарақты сатып ала және жөндеуді жүргізе құрметіне аталған.

Жаңа академия 2016 жылы 17 наурызда табысты ашылды. Академияны ашу үшін арнайы он екінші әлем чемпионы, әлемге әйгілі гроссмейстер Анатолий Карпов келді, ол бір мезгілде 11 жас оқушылармен шахмат ойнады.

Академияға кіре берістен бастап бәрінің мұқият ойластырылғанын, ата-аналардың күтіп отыруына арналған аймақтың ұйымдастырылғанын көруге болады, әрбір кабинет белгілі жаттықтырушылары сабақ береді. Академия өз алдына жоғары шахмат білімімен шахматшыларды шығару мақсатын қояды. Академия 500 адамға есептелген, шахматпен 4 жастан бастап айналысуға болады, ал аз қамтылған отбасынан шыққан балалар мектепте тегін оқи алады.



## КЛИЕНТ:

# «АЛПРОФ» ЖШС




## *Алюминий бейіндер мен конструкцияларды өндіруші*

«АЛПРОФ» ЖШС алюминий бейіндер мен конструкцияларды өндіру нарығында он бес жылдан астам уақыт жұмыс істеп келеді. Бұл кезең ішінде компания ауқамды өндірістік-техникалық қуатты құра және өзінің нарық секторында қуатты командалардың бірін құра алды.

Қазақстан Республикасында саланың көшбасшысы бола отырып, қоғам алдындағы өзінің жауапкершілігін сезіне отырып, «АЛПРОФ» швейцариялық өндірістің арканы ию білдегінде аркаларды дайындау.

Компанияда «ТЮФ Норд» неміс компаниясының украиндық филиалымен ISO 9001:2008 халықаралық стандарттың негізінде сапа менеджменті жүйесі ендірілген.

2015 жылы «АЛПРОФ» ЖШС өңдеу өнеркәсібі саласында шағын және орта кәсіпкерліктің субъектілеріне несие беру бағдарламасының







ЖШС басшылығы компанияның қызметінің нәтижесінің өзіне қабылдаған міндеттемелерін сапалы орындаудың эталоны болуы үшін, барынша күш-жігерлерін салады, білімі мен жинақталған тәжірибесін қолданады.

Негізгі қызметімен қатар, «АЛПРОФ» ЖШС әлеуметтік жауапкершілік сепгментіне барынша көп көңіл бөледі, оған іскерлік этика кодексін жетілдіру, өндірілетін өнім және көрсетілетін қызмет сапасын бақылау, ұжымның корпоративтік рухын күшейту, экологиялық қауіпсіз технологияны ендіру, мұқтаждарға қолдау көрсету кіреді.

«АЛПРОФ» ЖШС - келесі қызмет түрлерін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасындағы жалғыз өндіруші: «Schloe-mann» фирмасының неміс жабдығында кез келген конфигурациядағыалюминий бейінін экструдациялау; итальяндық технология бойынша алюминийді анодтау; алюминийді декорациялау; алюминий бейінді «Cisart» (Италия) өндірісінің бірегей жабдығында Ral бояу жүйесі бойынша полимерлік ұнтақты жабынмен бояу; терезе-есік жүйелері мен витраждарға арналған шеңберінде («Даму» КДҚ» АҚ) жеңілдікті қаржыландыруды алып, қолда бар жабдықты жаңартуды жүзеге асырды, бұл өнімді өндіру көлемін арттыруға мүмкіндік берді.

«АЛПРОФ» компаниялар тобымен пайдаланылатын заманауи техникалық жабдық, және Германияның, Италияның және Қытайдың озық зауыттарында оқудан және тағылымдамадан өткен, жоғары білікті қызметкерлер құрамы компанияның өндірістік қуатының барлық әлеуетін пайдаланудың ең жоғарғы тиімділігімен мүмкіндік береді, бұл ең қатал еуропалық стандарттарға жауап беретін бәсекеге қабілетті өнімді шығаруға мүмкіндік береді.

«АЛПРОФ» ЖШС миссиясы – Қазақстан Республикасының экономикасының шикізаттық бағыттан индустриалдық-инновациялық дамуға өтуіне себін тигізу. Компанияның мақсаты – халықтың тұтынушылық сұранымын, құрылыс секторын және еліміздің басқа өнеркәсіп салаларын қанағаттандыру үшін қажетті өнімді өндіру көлемін өсіру.







# 10 ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ЖӘНЕ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ КОМИТЕТТЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕСЕПТЕР

2015 жылы Директорлар кеңесінің 9 отырысы өткізілді, олардың 8 кезекті, 1 сырттай. 157 мәселе қарастырылды. Есептік кезеңде Директорлар кеңесі комитеттерінің 27 отырысы өткізілді.

## Директорлар кеңесі 2015 жылы қабылдаған негізгі шешімдері туралы ақпарат

| № | Мәселе атауы | Қабылданған шешімдер |
|---|---|---|
| 1 | Қордың Корпоративтік басқару кодексінде бекітілген принциптерді орындауы туралы есепті қарастыру туралы | Директорлар кеңесінің 16.02.2015 жылғы шешімімен назарға алынды |
| 2 | Қордың Ішкі аудит қызметі туралы ережені бекіту туралы | Директорлар кеңесінің 16.02.2015 жылғы шешімімен назарға алынды |
| 3 | Өңдеу өнеркәсібі саласында жұмыс істейтін шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қолдау бағдарламасын бекіту туралы (Ұлттық қордың ІІІ траншы) | Директорлар кеңесінің 10.03.2015 жылғы шешімімен бекітілді |
| 4 | Баланстық және баланстан тыс міндеттемелер бойынша банк-контрагенттерге лимит орнату ережелерін жаңа редакцияда бекіту туралы | Директорлар кеңесінің 10.03.2015 жылғы шешімімен бекітілді |
| 5 | Өңдеу өнеркәсібі саласында жұмыс істейтін шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қолдау бағдарламасын іске асыру нәтижелерін қарастыру туралы | Директорлар кеңесінің 20.05.2015 жылғы шешімімен назарға алынды |
| 6 | Қордың 2014-2023 жылдарға арналған даму стратегиясын іске асыру бойынша 2015-2016 жылдарға арналған шаралар жоспарын бекіту туралы | Директорлар кеңесінің 20.05.2015 жылғы шешімімен бекітілді |
| 7 | Қорды Корпоративтік басқару кодексін бекіту туралы | Директорлар кеңесінің жылғы шешімімен мақұлданды 20.05.2015 г. |
| 8 | Қордың директорлар кеңесінің қызметін бағалау нәтижелерін қарастыру туралы | Директорлар кеңесінің 20.05.2015 жылғы шешімімен назарға алынды |
| 9 | Міндеттемені Азия Даму Банкі қарызының 3 траншы шеңберінде Қордың жеке капиталының он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайтуға байланысты мәмілелер жасау туралы | Директорлар кеңесінің 07.07.2015 жылғы шешімімен бекітілді |
| 10 | Міндеттемені Еуропалық қайта құру және даму банкі қарызы бойынша толық коммерциялық кепілдік ұсыну шеңберінде Қордың жеке капиталының он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайтуға байланысты мәмілелер жасау туралы. | Директорлар кеңесінің 07.07.2015 жылғы шешімімен бекітілді |
| 11 | Екінші деңгейлі банктердің «Даму» қорының несиелік тәуекелдерін азайту механизмін бекіту туралы. | Директорлар кеңесінің 07.07.2015 жылғы шешімімен бекітілді |
| 12 | Қорда Омбудсмен тағайындау туралы | Директорлар кеңесінің 04.09.2015 жылғы шешімімен бекітілді |
| 13 | Қордың 2015 жылға арналған Басқарушы жұмыскерлерді қызметінің тиімділігінің негізгі көрсеткіштерінің картасын бекіту туралы | Директорлар кеңесінің 04.09.2015 жылғы шешімімен бекітілді |





| № | Мәселе атауы | Қабылданған шешімдер |
|---|---|---|
| 14 | «Даму» қорының микрокредиттік ұйымдардың жарғылық капиталдарына қатысу үлесін бәсекелес ортаға беру туралы | Директорлар кеңесінің 04.09.2015 жылғы шешімімен бекітілді |
| 15 | Қордың Кәсіпкерліктің құзыретін жоғарылатудың бірыңғай бағдарламасын бекіту туралы | Директорлар кеңесінің 30.10.2015 жылғы шешімімен бекітілді |
| 16 | Қордың Директорлар кеңесінің Тағайындаулар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитетінің ережесін жаңа редакцияда бекіту туралы | Директорлар кеңесінің 30.10.2015 жылғы шешімімен бекітілді |
| 17 | Қордың 2016-2018 жылдарға арналған Ішкі аудит қызметінің Стратегиялық жоспарын бекіту туралы | Директорлар кеңесінің 30.10.2015 жылғы шешімімен бекітілді |
| 18 | 2015 жылдың 1 жарты жылдығында Қордың 2014-2023 жылдарға арналған Даму стратегиясын іске асыру бойынша 2015-2016 жылдарға арналған шаралар жоспары орындау туралы есепті қарастыру туралы | Директорлар кеңесінің 24.12.2015 жылғы шешімімен назарға алынды |
| 19 | Қор Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар жобасын мақұлдау туралы | Директорлар кеңесінің 24.12.2015 жылғы шешімімен мақұлданды |
| 20 | Микро- және шағын кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру үшін қаражатты микроқаржылық ұйымдарға шартты орналастыру бағдарламасын бекіту туралы | Директорлар кеңесінің 24.12.2015 жылғы шешімімен бекітілді |
| 21 | Қордың Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің ережелерін жаңа редакцияда бекіту туралы | Директорлар кеңесінің 24.12.2015 жылғы шешімімен бекітілді |
| 22 | Қордың 2016 жылға арналған корпоративтік хатшы қызметінің негізгі көрсеткіштерін бекіту туралы | Директорлар кеңесінің 24.12.2015 жылғы шешімімен бекітілді |
| 23 | Қордың 2016 жылға арналған Ішкі аудит қызметінің Жылдық аудиторлық жоспарын бекіту туралы | Директорлар кеңесінің 24.12.2015 жылғы шешімімен бекітілді |
| 24 | Қордың 2014-2018 жылдарға арналған Даму жоспарын орындау туралы күнтізбелік есептерді қарастыру туралы | Директорлар кеңесінің тиісті шешімдерімен бекітілді |
| 25 | Қор тәуекелдерін басқару жөніндегі тоқсандық есептерді бекіту туралы | Директорлар кеңесінің тиісті шешімдерімен бекітілді |
| 26 | Қордың Ішкі аудит қызметтерінің регламентін бекіту туралы | Директорлар кеңесінің тиісті шешімдерімен бекітілді |
| 27 | Қор тәуекелдерін басқару бойынша регламенттерді бекіту туралы | Директорлар кеңесінің тиісті шешімдерімен бекітілді |
| 28 | Қордың Ішкі аудит қызметі қызметінің нәтижелері бойынша тоқсандық есептерді қайта қарау туралы | Директорлар кеңесінің тиісті шешімдерімен бекітілді |
| 29 | Қордың Директорлар кеңесінің, комитеттерінің және корпоративтік хатшысының қызметі туралы тоқсандық есептерді қарастыру туралы | Директорлар кеңесінің тиісті шешімдерімен бекітілді |

## Қордың 2015 жылы Директорлар кеңесі мүшелерінің отырыстарына қатысу

| р/т 9№ | Аты-жөні | ДК қатысу | % |
|---|---|---|---|
| 1 | Сагинтаев Бакытжан Абдирович | 9/9 | 100% |
| **2** | **Джолдыбаева Галия Тагибердиевна** | 5/9 | 60% |
| 3 | Алдамберген Алина Өтемісқызы | 8/9 | 90% |
| **4** | **Тулеушин Каныш Аманбаевич** | 9/9 | 100% |
| 5 | Жандосов Ораз Алиевич | 8/9 | 90% |
| **6** | **Ертлесова Жаннат Джургалиевна** | 5/9 | 60% |
| 7 | Бисекеев Серикбай Жолдыбаевич | 9/9 | 100% |
| **8** | **Ибрагимова Ляззат Еркеновна** | 9/9 | 100% |

## *Директорлар кеңесі жанындағы комитеттер жұмысы*

Қордың Директорлар кеңесінің 3 комитеттері жұмыс жасайды: стратегиялық және бюджеттік жоспарлау, аудит, тағайындаулар, сыйақылар мен әлеуметтік мәселелер бойынша. Корпоративтік басқарудың ең жақсы тәжірибесіне сәйкес Директорлар кеңесінің профильді комитеттерін тәуелсіз директорлар басқарады.

Комитеттер қызметі Қордың Директорлар кеңесінің шешімдерімен бекітілген тиісті ережелермен регламенттелген.

**Стратегиялық және бюджеттік жоспарлау комитеті** Қордың даму стратегиясын әзірлеуге және іске асыруға қатысты мәселелер бойынша ұсыныстар мен ұсынымдарды дайындайды, сонымен қатар бюджеттеу жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізеді және т.б.

2015 жылы Комитеттің 9 іштей отырысы өткізілді, оларда 70 мәселе қарастырылды, Директорлар кеңесі мен Қор Басқармасы тиісті ұсыныстарды қабылдады.

**Аудит жөніндегі комитет** Директорлар кеңесіне Қордың қаржылық-шаруашылық қызметін бақылаудың тиімді жүйесін бекіту, ішкі, сыртқы бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің тәуелсіздігі мен тиімділігіне, сонымен қатар корпоративтік саладағы құжаттардың орындалуына бақылау жүргізу және т.б. бойынша ұсыныстар әзірлеумен шұғылданады.

Қордағы корпоративтік басқаруды жетілдіру мақсатында 2015 жылы Қордың Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің ережесі жаңа редакцияда жарияланды.

2015 жылы Комитеттің 9 іштей отырысы өткізілді, оларда 74 мәселе қарастырылды, Қордың Директорлар кеңесі, Басқармасы және  мен Ішкі аудит қызметі тиісті ұсыныстарды қабылдады.

**Тағайындаулар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер комитеті**  Директорлар кеңесі мен Басқарма құрамына біліктілігі жоғары мамандарды тарту мәселелері бойынша ұсыныстарды әзірлеу және ұсыну; Жалғыз акционерге Директорлар кеңесінің сыйақыларын анықтау туралы және Директорлар кеңесіне Басқарманың және Корпоративтік хатшының сыйақыларын анықтау туралы ұсыныстарды жасау және т.б. мақсатында жасалған.

2015 жылы Тағайындаулар және сыйақылар комитеті атауы Тағайындаулар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер комитеті атауына ауыстырылды, сонымен қатар Директорлар кеңесі Тағайындаулар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер комитеті  туралы ережені жаңа редакцияда бекітті.

2015 жылы Комитеттің 9 іштей отырысы өткізілді, оларда 36 мәселе қарастырылды, Директорлар кеңесі және Басқарма тиісті ұсыныстарды қабылдады.





2016 жылғы 1 қаңтарда профильді комитеттердің құрамдары келесі түрде ұсынылды:

| | | |
|---|---|---|
| **Аудит жөніндегі комитет** | | |
| 1 | Комитет төрағасы | Ертлесова Ж.Д. – Директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директор |
| **2** | **Комитет мүшесі** | **Джолдыбаева Г.Т. – Директорлар кеңесінің мүшесі** |
| 3 | Комитет мүшесі | Алдамберген А.У. – Директорлар кеңесінің мүшесі, акционер өкілі |
| **4** | **Комитет мүшесі** | **Бисекеев С.Ж. - Директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директор** |
| **Стратегиялық және бюджеттік жоспарлау комитеті** | | |
| 1 | Комитет төрағасы | Жандосов О.А. - Директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директор |
| **2** | **Комитет мүшесі** | **Ертлесова Ж.Д. - Директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директор** |
| 3 | Комитет мүшесі | Джолдыбаева Г.Т. – Директорлар кеңесінің мүшесі |
| **4** | **Комитет мүшесі** | **Тулеушин К.А. – Директорлар кеңесінің мүшесі, акционер өкілі** |
| 5 | Комитет мүшесі | Бисекеев С.Ж. - Директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директор |
| **Тағайындаулар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер комитеті** | | |
| 1 | Комитет төрағасы | Бисекеев С.Ж. - Директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директор |
| **2** | **Комитет мүшесі** | **Жандосов О.А. - Директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директор** |
| 3 | Комитет мүшесі | Джолдыбаева Г.Т. – Директорлар кеңесінің мүшесі |
| **4** | **Комитет мүшесі** | **Тулеушин К.А. – Директорлар кеңесінің мүшесі, акционер өкілі** |

Есептік кезеңде Комитет құрамында өзгерістер болған жоқ.

Директорлар кеңесінің қарастыруына ұсынылатын мәселелерді алдын ала қарастыру бойынша негізгі функционалды орындаумен қатар 2015 жылы комитеттер шеңберінде тәуелсіз директор келесі бастамаларды жүзеге асырды:

**1.** ШОБ қолдаудың ең жақсы әлемдік тәжірибесін енгізуге екпін сала отырып, Қордың Даму стратегиясы жаңарту.

**2.** 2015 жылдың маусымында жоспарлау, кадрлық саясатты іске асыру, Қордың стратегиялық көрсеткіштеріне қол жеткізу, тәуекелдерді бақылау және т.б. бөлігінде Қор қызметінің негізгі мәселелерін талқылау бойынша тәуелсіз директорлардың қатысуымен стратегиялық сессия өткізу.

**3.** Директорлар кеңесі қарастырған және бекіткен тәуекелдерді азайту бойынша шаралар жоспарын әзірлеуге түрткі болу;

**4.** кәсіпкерлерді, Қор қызметкерлерін оқыту бағдарламаларын әзірлеу, соның ішінде веб-конференцияларды қолдану, Қор және Қордың аймақтық филиалдары басшылығы деңгейінде құзыреттер портретін әзірлеу;

**5.** Қордың кадрлық резервке кіретін жұмыскерлерімен кездесу;

**6.** Директорлар кеңесінің профильді комитетінде Қордың Омбудсмені есептерін мерзімді қарастыру қажеттілігі.

## Директорлар кеңесінің мүшелерін оқыту

Қордың директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін жоғарылату мақсатында 2015 жылдың екінші жарты жылдығында тәуелсіз директордың сұрауы бойынша тәуекел-менеджмент мәселелері бойынша оқыту ұйымдастырылды. Директорлар кеңесінің басқа мүшелерінен есептік кезеңде сұраныстар түскен жоқ. Сондай-ақ 2016 жылы директорлар кеңесінің тәуелді және тәуелсіз мүшелерін оқыту қажеттілігін анықтау бойынша жұмыстар жүргізілуде.

## Қор қызметін бақылау

Қорда ішкі аудитті ұйымдастыруға және жүзеге асыруға жауап беретін және Директорлар кеңесіне есеп беретін тәуелсіз құрылымдық бөлімше болып табылатын Ішкі аудит қызметі жұмыс жасайды. ІАҚ қызметіне жетекшілік етуді Қордың Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті жүзеге асырады.

2015 жылы ІАҚ келесі аудиторлық тексерулерді жүргізді:

- тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің тиімділігін бағалау;

- ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау;

- корпоративтік басқару кодексінде бекітілген принциптері орындауды бағалау;

- корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігін диагностикалау;

- қызметтері: Бюджеттік жоспарлау департаменті, Бағдарламалық қарыздар департаменті, «Кредиттік тәуекелдерді басқаруды бағалау» бизнес-процесі бойынша Тәуекел-менеджмент департаменті; Кепілдендіру департаменті; Субсидиялау департаменті; Алматы қ., Қарағанды, Солтүстік Қазақстан, Ақтөбе және Алматы облыстары бойынша аймақтық филиалдар;

- Қордың Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заңын және 2001-2010 жылдарға арналған Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын орындауды жоспардан тыс тексеру.

Осы тексерулер 2015 жылға арналған Жылдық аудиторлық жоспарға сәйкес аудиторлық тапсырмаларға сәйкес уақытылы және толық көлемде жүзеге асырылған. Ішкі аудит қызметінің тексеру нәтижелері бойынша тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін одан ары жетілдіру бойынша, ішкі бақылау жүйесін және анықталған құқық бұзушылықтарды жою ұсыныстарын жақсарту бойынша ұсыныстар берілді.

## Сыртқы аудит туралы ақпарат

2015 жылға арналған қаржылық есептілік аудитін «Прайсуотерхаус Куперс» ЖШС жүргізді. «Прайсуотерхаус Куперс» ЖШС-не 15 жылға арналған қаржылық есептілік аудиті бойынша қызметтері үшін төленген сыйақы мөлшерлемесі ҚҚС қоса алғанда 10 472 мың теңгені құрады.

Қордың қаржылық есептілігіне аудит жүргізу бойынша қызметтері осыған дейін келесі компаниялар көрсеткен:

- 2015 жыл – «Прайсуотерхаус Куперс» ЖШС;
- 2014 жыл – «Прайсуотерхаус Куперс» ЖШС;
- 2013 жыл – «Прайсуотерхаус Куперс» ЖШС;
- 2012 жыл – «Делойт» ЖШС;
- 2011 жыл – «Прайсуотерхаус Куперс» ЖШС;
- 2010 жыл – «КПМГ Аудит» ЖШС;
- 2009 жыл – «Эрнст энд Янг» ЖШС;
- 2008 жыл – «КПМГ Аудит» ЖШС.

2015 жылы қаржылық есептілікке аудит жүргізген аудиторлық ұйымдардың бұрынғы қызметкерлері Қорға жұмысқа қабылданған жоқ.





# 11

# БАСҚАРМА ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Қордың атқарушы органы болып 7 мүшеден тұратын Басқарма табылады. Қор Басқармасы аптай сайын отырыс өткізеді және Қорды шұғыл басқару бойынша шешімдер қабылдайды. 2015 жылы Басқарманың 80 отырысы өткізілді, оларда 1 219 мәселе қарастырылды.

## Басқарма 2015 жылы қабылдаған негізгі шешімдер туралы ақпарат

| № | Мәселе атауы | Орындау мәртебесі |
|---|---|---|
| 1 | «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ қазынашылық операцияларын жүзеге асыру регламенті бекітілді | Регламент Басқарманың 21.04.2015 жылғы шешімімен бекітілді |
| **2** | **«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ғы кепілдендірудің ішкі процедураларының регламенті бекітілді** | **Регламент Басқарманың 30.04.2015 жылғы шешімімен бекітілді** |
| 3 | «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ «Құс жолы қайырымдылық қоры» ҚҚ-мен бірлесіп физикалық мүмкіндіктері шектеулі кәсіпкерлігі белсенді адамдарды қолдау бойынша Жұлдыздарға қара» - «Посмотри на звезды» қайырымдылық байқау жобасы туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар бекітілді | Өзгерістер мен толықтырулар Басқарманың 18.05.2015 жылғы шешімімен бекітілді |
| **4** | **Мемлекет басшысының 2014 жылғы 11 қарашадағы "Нұрлы жол - болашаққа бастар жол" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде микро, шағын және орта кәсіпкерлікті қаржыландыру мақсатына тартылатын қарыздар бойынша «Банк ЦентрКредит» АҚ-нан Еуропалық Қайта құру және даму банкінің пайдасына толық коммерциялық кепілдік беру шарттары мақұлданды** | **Шарттар Басқарманың 21.05.2015 жылғы шешімімен бекітілді.** |
| 5 | «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ уақытша бос ақша қаражаттарын басқару ережелеріне өзгерістер мен толықтырулар мақұлданды | Өзгерістер мен толықтырулар Басқарманың 28.05.2015 жылғы шешімімен бекітілді. |
| **6** | **«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ «Шырақ» мүгедек әйелдер қауымдастығы» ҚБ-мен бірлесіп іске асыратын «Жеке бизнеске алты қадам» мүгедек әйелдерге қолдау көрсету жөніндегі бағдарлама мақұлданды** | **Бағдарлама Басқарманың 28.05.2015 жылғы шешімімен бекітілді.** |
| 7 | Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтарының, Кәсіпкерлікті қолдаудың мобильді орталықтарының жұмыс регламенті бекітілді | Регламент Басқарманың 04.06.2015 жылғы шешімімен бекітілді |
| **8** | **«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Активтері мен пассивтерін басқару жөніндегі комитет туралы ереже бекітілді** | **Ереже Басқарманың 12.06.2015 жылғы шешімімен бекітілді** |
| 9 | «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның 2015-2016 жылдарға арналған Бизнес-процестердің, тәуекелдер мен бақылаулардың матрицасы; Тәуекелдер регистрі және тәуекелдерді басқару бойынша шаралар жоспары; Тәуекелдер картасы және Негізгі тәуекел көрсеткіштерінің панелі (ТНИ) мақұлданды | Бизнес-процестердің, тәуекелдер мен бақылаулардың матрицасы; Тәуекелдер регистрі және тәуекелдерді басқару бойынша шаралар жоспары; Тәуекелдер картасы және Негізгі тәуекел көрсеткіштерінің панелі (ТНИ) Басқарманың 28.08.2015 жылғы шешімімен мақұлданды. |
| **10** | **«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Қазынашылық операцияларын жүзеге асыру регламентіне өзгерістер мен толықтырулар бекітілді** | **Өзгерістер мен толықтырулар Басқарманың 29.09.2015 жылғы шешімімен бекітілді.** |
| 11 | «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ іске асыратын бизнесті қолдау бағдарламалары шеңберінде шағын және микрокәсіпкерлік субъектілеріне екінші деңгейлі банктердің несие беру процесін ұйымдастыру регламенті бекітілді | Регламент Басқарманың 29.09.2015 жылғы шешімімен бекітілді |
| **12** | **«Факторингті қолдана отырып, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қаржылық қолдау» бағдарламасының жобасы мақұлданды** | **Бағдарлама жобасы Басқарманың 19.11.2015 жылғы шешімімен мақұлданды** |
| 13 | «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Іскерлік этика кодексіне өзгерістер мен толықтырулар мақұлданды | Өзгерістер мен толықтырулар Басқарманың 19.11.2015 жылғы шешімімен бекітілді. |
| **14** | **«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-да қаржылық есептілік жасау және кезеңді жылдам жабу процедурасы бойынша регламент бекітілді** | **Регламент Басқарманың 28.12.2015 жылғы шешімімен бекітілді** |
| 15 | «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ кәсіпкерлікті қаржылық қолдау бағдарламасы шеңберінде іске асырылатын жобалардың мониторингісі жөніндегі басшылыққа өзгерістер мен толықтырулар бекітілді | Өзгерістер мен толықтырулар Басқарманың 28.12.2015 жылғы шешімімен бекітілді. |
| **16** | **«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ 2015-2018 жылдарға арналған Ақпараттық технологияларды дамыту стратегиясы бекітілді** | **Стратегия Басқарманың 30.12.2015 жылғы шешімімен бекітілді** |





## *Басқарма Комитеттерінің жұмысы*

Қор Басқармасының жанында операциялық қызметтің түрлі аспектері бойынша мәселелерді қарастыратын және Басқармаға оларды тиімді шешу бойынша ұсыныстар беретін тұрақты әрекет етуші комитеттер мен комиссиялар құрылған.

**Активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі комитет.** Активтер мен пассивтерді басқару бойынша орта мерзімді және ұзақ мерзімді саясатты әзірлеу, баланстың оңтайлы құрылымын анықтау, Қордың қаржылық жағдайына, табыстылығының көрсеткіштеріне мониторинг жүргізу және Қордың уақытша бос қаражаттарын орналастыру операциялары бойынша табысты көбейту және тәуекелдерді шектеу бойынша қажетті түзету шараларын қабылдау мақсатында құрылған. 2015 жылы Комитет 21 отырыс өткізді.

**Кадрлық саясат жөніндегі комитет.** Басқарма құзыретіне кіретін кадрлық саясатты және ынталандыру саясатын іске асыру тиімділігін жоғарылату мақсатында құрылған. 2015 жылы Комитет 26 отырыс өткізді.

**Борышты қайтару жөніндегі комитет.** Несие саясатын тиімді іске асыру мақсатында құрылған. 2015 жылы Комитет 31 отырыс өткізді.

**Тәуекелдер жөніндегі комитет.** Тәуекелдерді басқару, тәуекелдерді басқару жүйесін нығайту бойынша тиімді шешімдерді әзірлеу мақсатында құрылған. 2015 жылы Комитет 20 отырыс өткізді.

**Стратегиялық даму жөніндегі комитет.** Ұзақ мерзімді кезеңде Қор қызметінің даму стратегиясын, мақсаттарын, міндеттерін және басым бағыттарын анықтау мәселелері бойынша ұсыныстарды әзірлеу және Басқармаға ұсыну арқылы Қор қызметінің тиімділігін арттыруға көмек көрсету мақсатында құрылған. 2015 жылы Комитет 9 отырыс өткізді.

**Контроллинг жөніндегі комитет.** Қордың құрылымдық бөлімшелері мен аймақтық филиалдарының ұсынылған есептер негізінде Қордың Даму стратегиясына сәйкес жоспарлы шараларды орындауына бақылау жүргізеді. 2015 жылы Комитет 14 отырыс өткізді.

**Несие комитеті.** Банк-контрагенттерден несиелер алу кезінде жеке кәсіпкерлік субъектілеріне кепілдік беруге байланысты шешімдер қабылдайды. 2015 жылы Комитет 84 отырыс өткізді.

**Бюджеттік комиссия.** Бюджет жобасын уақытылы және сапалы әзірлеуді қамтамасыз ету және қолданыстағы бюджетке түзетулер енгізу мақсатында құрылған. 2015 жылы Комитет 25 отырыс өткізді.

## *Корпоративтік дауларды және мүдде дауларын реттеу саясаты*

Қордың Корпоративтік дауларды және мүдде дауларын реттеу жөніндегі саясатының (бұдан былай – Саясат) мақсаты болып Қор және Қордың Жалғыз акционерінің мүддесінде шешімдер қабылдаудың ақиқат, объективті және тәуелсіз процестерін қабылдауды қамтамасыз ету есебінен Қор органдары қабылдайтын шешімдердің тиімділігін арттыру табылады.

Даулардың алдын алу мақсатында Қордың лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері өздерінің кәсіби функцияларын даулардың алдын ала отырып, Қор және Жалғыз акционер мүддесінде адал әрі орынды орындайды, сонымен қатар өз қызметтерінің заңнаманың, Қордың ішкі құжаттарының, Жалғыз акционер актілерінің, этикалық стандарттар мен жалпыға бірдей қабылданған Іскерлік этика нормаларының талаптарына толықтай сәйкес келуін қамтамасыз етеді.

Саясатқа сәйкес Қордың лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері мүдделер дауына жол бермеу үшін мүдделер дауына алып келуі ықтимал кез келген әрекеттер мен өзара қатынастардың алдын алуға міндетті.



# 12 БАСҚАРМА ЖӘНЕ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНЕ СЫЙАҚЫ ТАҒАЙЫНДАУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ

Тәуелсіз директорларды қоспағанда, Қордың Директорлар кеңесінің мүшелері өз қызметтерін өтеусіз негізде жүзеге асырады. Тәуелсіз директорларға сыйақы төлеу тәртібі Холдингтің еншілес ұйымдарының тәуелсіз директорларының шығындарын өтеу және сыйақы төлеу, іріктеу ережелеріне сәйкес анықталады.





Тәуелсіз директорларды қоспағанда, Қордың Директорлар кеңесінің мүшелері өз қызметін өтеусіз негізде жүзеге асырады. Тәуелсіз директорларға сыйақы төлеу тәртібі Холдингтің еншілес ұйымдарындағы Тәуелсіз директорларды іріктеу, сыйақы төлеу және шығындардың орнын толтыру ережелеріне сәйкес анықталады.

Тәуелсіз директорға сыйақының келесі түрлері бекітіледі:

**1)** Директорлар кеңесіндегі мүшелігі үшін бекітілген жылдық сыйақы;

**2)** Директорлар кеңесінің бір комитетіне комитет төрағасы ретінде мүше болу үшін бекітілген жылдық сыйақы;

**3)** Директорлар кеңесінің бір комитетіне мүше болу үшін бекітілген жылдық сыйақы.

2015 жылы Қордың Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорларына – мүшелерге төленген сыйақы мөлшері 9 372 тыс. теңгені құрады.

| Тәуелсіз директордың аты-жөні | Директорлар кеңесінің Комитеттерінде жұмыс жасау туралы ақпарат | Сыйақы | Соның ішінде (сыйақы құрылымы) | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Комитеттегі жұмысы үшін | |
| | | Дерек бойынша барлығы | Директорлар кеңесіндегі жұмысы үшін | Комитет төрағасы ретінде | Комитет мүшесі ретінде |
| Жандосов Ораз Алиевич | Стратегиялық және бюджеттік жоспарлау жөніндегі комитет төрағасы, Тағайындаулар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет мүшесі | 3 637 500 | 3 062 500 | 375 000 | 200 000 |
| **Ертлесова Жаннат Джургалиевна** | **Аудит жөніндегі комитет төрағасы, Стратегиялық және бюджеттік жоспарлау жөніндегі комитет мүшесі** | 1 896 875 | 1 562 500 | 234 375 | 100 000 |
| Бисекеев Серикбай Жолдыбаевич | Тағайындаулар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет төрағасы, Аудит жөніндегі комитет мүшесі, Стратегиялық және бюджеттік жоспарлау жөніндегі комитет мүшесі | 3 837 500 | 3 062 500 | 375 000 | 400 000 |

Бизнес-процестердің тиімділігін жоғарылату және жұмыскерлерді басым мақсаттарды орындауға ынталандыру бойынша жұмыстар шеңберінде Қор Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 30 қазандағы шешімімен (хаттама №65) «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ басқарушы жұмыскерлерінің еңбек ақысын төлеу, қызметін бағалау және сыйақылар ережесін (бұдан былай – Ереже) әзірледі және бекітті. Ереже мақсаты болып мақсаттарды басқару жобасы шеңберінде Қордың басқарушы жұмыскерлеріне сыйақы төлеу талаптары мен тәртібін регламенттеу табылады. Сондай-ақ ережелерде сыйақы жүйесі базаланатын негізгі қағидалар сипатталған:

- сыйақының Қордың және оның Жалғыз акционерінің мүддесіне сай келетін мақсаттары мен міндеттерін орындаумен өзара байланысы;

- сыйақы мөлшерін анықтау қағидаларының қарапайымдығы мен әділдігі;

- сыйақы мөлшерінің Қор қызметінің нәтижесіне және басқарушы жұмыскерлердің жеке нәтижелеріне тәуелділігі.

Басқарушы жұмыскерлердің қызметін бағалау үшін жоғарыда аталған қағидаларды жұмыста қолдануды барынша қамтамасыз ететін қызмет тиімділігінің негізгі көрсеткіштерінің (бұдан былай – ҚНК) жүйесі қолданылады. Сәйкесінше, жоспарлаудың тиімді процесі және мақсат қою, әр қызметкердің нәтижесін сенімді әрі адал бағалау арқылы Қордың қаржылық-өндірістік қызметінің тиімділігін арттыруға септігін тигізеді. Осы факторлар басқарушы жұмыскерлердің корпоративтік және жеке ҚКК жету дәрежесін айтарлықтай ұлғайтады.



**Қор қызметкерлердің ішкі әлеуетін барынша пайдалану және сабақтастық саясаттарын ұстанады.**





# 13 ҚОРДЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ

## *Адам ресурстарын басқару саясаты*

Қорда адам ресурстарын басқару саясаты келесі стратегиялық бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- адам ресурстарын басқарудың бірыңғай үлгісін жасау;
- еңбек тиімділігін арттыру саясаты;
- адам капиталы сапасын арттыру саясаты;
- корпоративтік мәдениетті дамыту.

Қор қызметкерлердің ішкі потенциалын барынша қолдану және сабақтастық саясатын ұстанады. Алмастыру сабақтастықты барынша тиімді жоспарлауға септігін тигізеді, ол болашақтағы басқарушыларды анықтаудың үздіксіз процесіне және олардың кәсіби, басқару және көшбасшы құзыреттерін дамыту бойына мақсатты жұмыстарға негізделген. Қордың жұмыскерлерді алмастыру арқылы қол жеткізетін міндеттері:

- жұмыскерлердің алмасу процесінде жаңа білім, дағды және іскерлік алуы есебінен адам капиталын жақсарту;
- «Балғын бас әсері» әсерімен Қордың бизнес-процестері мен қолданыстағы ішкі құжаттарын оңтайландыру;
- жұмыскерлерді материалдық емес ынталандыру;
- кадрлық резервті дамыту бағдарламасының тиімділігін жоғарылату.

Осы құрал жұмыста белсенді қолданылады. Адам ресурстарын басқару жөніндегі департамент алдағы уақытта, қажет болған кезде басқарушы лауазымын атқара алатын потенциалға ие жұмыскерлерді анықтайды.

## *Қызметкерлер саны және сапалық құрамы*

Қор жұмыскерлерінің жалпы саны 2015 жылғы 31 желтоқсанда 371 адамды құрады. 2014 жылмен салыстырғанда жұмыскерлердің жалпы саны өзгерген жоқ.

## *Кадрлық резерв*

Қорда құрылымдық бөлімше / аймақтық филиал басқарушысының жұмысын атқара алатын жұмыскерлерден тұратын кадрлық резерв құрылған. Жұмыскерді кадрлық резервке енгізу кезінде оның кәсіби құзыретіне назар аударылады. Бүгінгі таңда Бас кеңседе Кадрлық резервте 28 жұмыскер, аймақтық филиалдарда 23 жұмыскер тұр. 2015 жылы Кадрлық саясат комитетінде тағайындаулар бойынша 129 мәселе қарастырылды, олардың ішінде 60 кандидат Қордың ішкі ресурсынан тағайындалды (бұл жалпы санының 47% құрайды).

## *Жұмыскерлерді оқыту – біліктілігін жоғарылату*

Сабақтастық және адам ресурстарының сапасын арттыру бағдарламаларын сәтті енгізу үшін Қордың Кадрлық резервінде тұрған жұмыскерлер оқытылады. 2015 жылы Қордың 282 (бұл жұмыскерлердің жалпы санының 76% құрайды) жұмыскері жұмыскерлердің біліктілігін жоғарылату жүйесі шеңберінде оқудан өтті.

Сондай-ақ оқудың жаңа форматы іске қосылды – браузерлі онлайн-ойындар арқылы оқыту. Ойын артықшылығы оның бірден жұмыскерлерді оқытуға, білімін бекітуге және білімін тексеруге мүмкіндік беретіндей тәсілмен жасалуында. Мониторинг бойынша 75 жұмыскер және субсидиялау мен кепілдендіру бойынша 68 жұмыскер «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы», «Субсидиялау және кепілдендіру регламенттері» және «Қаржылық талдау» тақырыптары бойынша оқытылды.

## Алмастыру

2015 жылы Қорда 60 жұмыскер алмастырылды (олардың ішінде 33 әйел адам), соның ішінде 6 жұмыскер (олардың ішінде 1 әйел адам) жоғары тұрған басқару лауазымына тағайындалды, 9 басқарушы жұмыскер (олардың ішінде 2 әйел адам) Бас кеңсе мен Қордың аймақтық филиалдары арасында алмастырылды. 14 жұмыскер (олардың ішінде 3 әйел адам) жаңа тағайындамаға ие болды.

Тәжірибе көрсеткендей басқарылатын, қалыптасқан алмастырудың жоғары кадрлық тұрақтылыққа алып келетіндігін көрсетті.

## Қызметкерлердің тұрақтамауы

2015 жылы басқарушы құрамдағы тұрақтамау 14,28%, әкімшілік жұмыскерлер 20%-дық жоспарда 15,66% құрады. 2015 жылы қызметкерлердің жалпы тұрақтамауы 15,7% құрады. 2014 жылмен салыстырғанда қызметкерлердің тұрақтамау коэффициенті 2,6%-ға артты. Қызметкерлердің қанағаттану және еліктіру деңгейі 80% құрады.

## Қызметкерлерді ынталандыру және сыйақы

Қор жұмыскерлері Қор бюджетінде қарастырылған қаражат есебінен жыл сайынғы медициналық сақтандырумен қамтамасыз етіледі.

2014 жылдан бастап Қор жүктілікке және босануға байланысты табысын жоғалтқан жағдайда әлеуметтік төлем сомасын шегере отырып, орташа жалақыны сақтап қалу арқылы жүктілік және босану бойынша демалысты төлейді. Сондай-ақ 2015 жылы Қор жұмыскерлеріне некеге тұру кезінде (10 жағдай), бала тууға байланысты (45 жағдай), қызметкердің мерейтойлық салтанатына (1 жағдай), жұмыскердің (отбасы мүшелерінің) медициналық емін және отасын төлеу (3 жағдай), сонымен қатар отбасы мүшелерінің қаза болуына байланысты (8 жағдай) материалдық көмек көрсетілді.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ еншілес ұйымдарының қызметкерлері арасындағы 2015 жылғы қыркүйекте-қазанда болған «Қазақ хандығының 550-жылдығы» тақырыбына эссе жазу байқауында Қор жұмыскері бірінше жүлделі орынды алды.

2015 жылы Холдингтің «Baiterek Best Mind» интеллектуалды ойындары бойынша чемпионаты шеңберінде «Что? Где? Когда?» ойыны өтті, ойын нәтижесі бойынша Қор командасы 3 жүлделі орынға ие болады, сонымен қатар Қор жұмыскерлері «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ еншілес компаниялар арасында ұйымдастырған Күзгі және Қысқы спартакиадаларда жүлделі орындар алды.

2015 жылы «Даму» кәсіпкерлікті қолдау қоры» АҚ жұмыскерлерін материалдық емес ынталандыру туралы ереже бекітілді, осы ереже шеңберінде

**Персоналдың жалпы саны**




**Жұмыскерлерді оқыту – біліктілігін жоғарылату**




**Қызметкерлердің жалпы тұрақтамауы**




жұмыскерлерді ынталандыру мен сыйақы берудің келесі түрлері қарастырылды:

- күнтізбелік жыл ішінде жалақысын сақтай отырып, 1, 3 және 5 күндік демалысқа сертификат;
- ең жақсы жұмыскерге 1, 3 және 6 айға еркін жұмыс графигіне сертификат;
- кеңсе аумағында тегін тұрақ орнын ұсыну;
- шет тілін меңгеруге сертификат;
- басшылықпен ресми емес кешкі ас.





## Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік

Қор Қазақстанның кәсіпкерлігін қолдаудың мемлекеттік шараларының негізгі операторы және интеграторы ретінде әлеуметтік жауапкершілікті өз қызметінің негізгі бағыттарының бірі ретінде қарастырады.

Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті жүзеге асыру кезінде Қор Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы Саясатты (бұдан былай – Саясат) басшылыққа алады.

Саясат мақсаты болып Қор қызметін корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік (бұдан былай – КӘЖ) қағидаларына сәйкес қамтамасыз ету және барлық мүдделі тараптармен сенімгерлік қатынасты нығайту табылады.

Саясат КӘЖ және тұрақты даму саласындағы халықаралық стандарттармен бекітілген әрекеттер мен қағидалардың халықаралық нормаларын қолдана отырып, Қордың КӘЖ саласындағы қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған.

КӘЖ саласындағы қызмет тиімділігін бағалау кезінде Қор экономикалық көрсеткіштерді және қызметкерлермен жұмыс бойынша көрсеткіштерді басшылыққа алады.

Қор сатып алулардағы жергілікті құрам үлесін жоғарылату бойынша белсенді жұмыс жүргізуде. Жалпы алғанда 2015 жылы Қор сатып алуларындағы жергілікті құрам көрсеткіші 82% құрады, соның ішінде: жұмыстар бойынша – 95%, қызметтер бойынша - 97% және тауарлар бойынша – 14%.

Қор жұмыскерлерінің бастамасы бойынша жеке тәртіппен науқастар мен мұқтаж балаларға және ересектерге материалдық көмек көрсетіледі.

## Еңбекті қорғау

Қор жүйелі жұмысын қызметкерлердің қорғалуын арттыру бойынша реттік қадамға және қауіпсіз еңбек мәдениетін енгізуге бағыттады.

Қор еңбекті қорғау, өнеркәсіп және өрт қауіпсіздігі саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтайды, сонымен қатар апаттық емес жұмыстарды арттыру бойынша қосымша шараларды енгізеді. Қор қызметкерлері Қордың кеңсе қызметкерлерінің еңбегін қорғау бойынша Нұсқаулықты басшылыққа алады. Нұсқаулықтың талаптары жұмыс үдерісі кезінде, Қор кеңселерінде, қызметтік іссапарлар кезінде, сонымен қатар төтенше және апатты жағдайларда Қор қызметкерлері орындайтын барлық негізгі шараларға таралады.

## Қайырымдылық

2015 жылы материалдық көмек сұрап Қорға 4 ұйым («ҰОС ардагерлері, тыл еңбеккерлері және соғыс балалары Кеңесі» ҚҚ, «Сурдлимпиада Федерациясы» ҚҰ, Алматы қаласының №1 балалар үйі және «Счастье своими руками» АҚ) және 1 жеке тұлға (Абылова М.Қ.) жүгінді. Осы ұйымдар мен жеке тұлғаға көмекті Қор ерікті негізде жеке қаражаты есебінен көрсетілді.

Төменде КӘЖ саласында 2015 жылы қолжеткізілген нәтижелер берілген:

| № | Көрсеткіштер | Нәтиже |
|---|---|---|
| | **Экономикалық көрсеткіштер** | |
| 1 | Қор бюджетіндегі демеушілік / қайырымдылық көмекке көзделген қаражат көлемі | 8,4 млн. Теңге |
| **2** | **Оқыту бағдарламасына қатысушылар саны** | **27 916 адам** |
| 3 | Бизнес ашқан оқу бағдарламасына қатысушылар үлесі (Жастардың Старт-ап-жобаларын қолдау бағдарламасы шеңберінде) | 12% |
| **4** | **өткізілген оқытуға Кәсіпкерлердің қанағаттану дәрежесі** | **94,1 %** |
| | қашықтықтан қызмет алған клиенттер саны | 59 705 адам |
| 5 | «Даму-Көмек» бағдарламасы бойынша қолдау алған мүмкіндігі шектеулі кәсіпкерлер саны | 316 адам |
| **6** | **Қор сатып алуларындағы қазақстандық құрам үлесі** | **82%** |
| | **Қызметкерлермен жұмыс бойынша көрсеткіштер** | |
| 1 | Қызметкерлердің қызығушылық таныту дәрежесі (эмоционалды) | 93% |
| **2** | **Қызметкерлердің қызығушылық таныту дәрежесі (іс әрекеттік)** | **74%** |
| 3 | Қызметкерлердің қанағаттану дәрежесі | **72%** |
| **4** | **Оқудан өткен Қордың жұмыскерлерінің саны** | 282 жұмыскер |

## КЛИЕНТ:

# «Ак Желкен» мектепке дейінгі балалар мекемесі» ЖШС




## *Детский сад*

Қостанай қаласындағы балабақшаның директоры Инна Кусакпаева бұрыннан өз бизнесін бастауды және қалада балабақша ашуды армандаған болатын. Өйткені, жыл санап дүниеге келіп жатқан балалардың санының өсіп отырғаны және балабақшалардағы орындардың жетіспеушілігі ешкімге құпия емес. Қала нарығында мектепке дейінгі білім беру қызметін ұсыну бойынша қызмет қажетті болып табылады, міне тап осы

кәсіпкер өз қаражаттарының есебінен жөндейді, ал білім беру бөлімі балаларды мемлекеттік тапсырыс бойынша орналастырады».

Балабақшадағы орындардың жалпы саны – 200 адамаға дейін, балабақшадағы балалардың ең көп саны 250 адамаға дейін жетуі мүмкін. Балалардың топтары жас және білім беру белгілері бойынша құрылады: бұл бөбектер жасындағы балалар және балабақша жасындағы балалар.

*Кепілдің жеткіліксіздігімен байланысты Қор*
**14**
*млн теңге кепілдік берді*



*Балабақшадағы орындардың жалпы саны*
**200**
*адамаға дейін*

себепті де мұндай бизнес-идеяны дамытуды қалаған.

Инна Кусакпаева 2014 жылы «Даму» Қорында жаңа бастаған кәсіпкерлерге арналған курстан өтті, кейіннен өзінің ісін, «Ақ Желкен мектепке дейінгі балалар мекемесі» ЖШС ашты. Қордың менеджерлерінен толық кеңесті алып, кәсіпкер әйел АТФбанкке несие алу үшін өтініш берген. Несие қаражаттары, атап айтқанда 20 млн.теңге, негізгі құралдарды сатып алуға қажет болды: жиһаз, техника, ас үй керек-жарақтары және т.б. Кепілдің жеткіліксіздігімен байланысты Қор 14 млн. теңге кепілдік берді.

«Балабақша орналасқан ғимарат – бұл бұрынғы балабақшаның, ал кейіннен қалалық әскери комитеттің ғимараты болған – деп айтып өтті Инна Кусакпаева. – Ғимарат өте нашар күйде болды. Біз ғимаратқа толығымен күрделі жөндеуді жүргіздік, балабақша барлық қажетті жабдықтармен және жиһазбен жабдықталған. Біздің жоба жекешелік-мемлекеттік әріптестік нысанын пайдалана отырып, ведомстволық балабақшаларды қалпына келтіру саясатын іске асыру мақсатында әзірленген, бұл ретте жеке

Бұл топтар, өз кезегінде, мемлекеттік квотаға сәйкес электрондық үкіметтің мемлекеттік қызметінің тізімі бойынша кезекке тұрғандармен жиынтықталған топтарға және мемлекеттік квотаны алуға үміткер емес балалардың ата-аналарымен тікелей шарттық негіздегі топтарға бөлінеді.

Балабақшаның көрсететін қызметтерінің тізіміне кіреді: балаларды оқыту; сөйлеуін қалыптастыру және дұрыс жолға қою; балалардың зияткерлік дамуы; қазақ және ағылшын тілдеріне оқыту; мектепке даярлау; музыкалықсабақ; спорт сабақтары; логопед; хореография; сондай-ақ теңгерілген тамақтандыру – стандарттарға сәйкес және тағы да басқалар. Бос уақытта дамытушы ойындарды, үйірмелерді, дене жатығулары (жаттығу, спорт ойындары), балалар мерекелерін (Күзгі балл, Жаңа жыл, 8 наурыз, Балаларды қорғау күні, туған күндер) және таңертеңгіліктерді өткізу кіреді.

«Біз Қорға көрсеткен қолдауы үшін алғысымызды білдіреміз! – деп өз әсерлерімен бөлісті балабақшаның директоры Инна Кусакпаева.



## КЛИЕНТ:

# «Садовод» ШҚ




## *Көкөністерді өсіру*

«Садовод» шаруа қожалығы өзінің қызметін 27 жыл бойына жүзеге асырып келеді. Осы кезең ішінде компания көкөністерді сапалы өсіру және сақтау үшін барлық қажетті инфрақұрылымын қалыптастырды және Қостанай облысының аумағында

жерлер. Тұқымды сатып алу жергілікті де, шетелдік те компаниялардан жүзеге асырылады. Көшеттерге дейін жетуізу жекеменшік жылыжайларда жүргізіледі. Көкөністер шығындарды азайтуға мүкіндік беретін заманауи техникамен отырғызылады,

118-ден астам адам тұрақты қызметкерлер ретінде жұмыс істейді, сонымен қатар маусымдық жұмысшылар тартылады.

Қызметін кеңейтуге несие алу үшін кәсіпорын «Сбербанк» АҚ еншілес банкіне өтініш білдірген. Ақша қаражаттары



*«Даму» Қорының кепілдігі*
**12**
*млн теңгені құрады*



***Көкөністерді өсіру 1089 га аумағымен жекеменшік жер телімінде жүзеге асырылады, оның ішінде 379,8 га суарылатын жерлер.***

көшбасшы болып табылады. Бүгінгі таңда компанияда 6 000 тонна көкөністі сақтауға арналған көкөніс қоймасымен екі өндірістік базалар, ауыл шаруашылық техникасының ауқымды паркі, көкөністі қыста және жазда сақтауға мүмкіндік беретін жаңа тоңазыту жабдығы , жуу және басқа жабдықтар бар.

Көкөністерді өсіру 1089 га аумағымен жекеменшік жер телімінде жүзеге асырылады, оның ішінде 379,8 га суарылатын

суарылады және жиналады.

Өнімдерді өткізу екі жекеменшік дүкендер арқылы, сондай-ақ Скадская базарында және Бүркіт базарында көтерме-бөлшек базасында жалға алынған орындар арқылы жүзеге асырылады. Өнім мемлекеттік сатып алуларға қатысу арқылы да өткізіледі.

«Садовод» ШҚ еңбек ресурстарымен толығымен қамтамасыз етілген, онда

компанияға жалпы сомасы 50 млн.теңге болатын айналым қаражаттарын толықтыру үшін қажет болған. Кәсіпкер жылдық 14%-бен қаржыландырылады, олардың ішінде 7% мемлекетпен субсидияланады және 7% кәіпкердің өзі төлейді. «Даму» Қорының кепілдігі 12 млн.теңгені құрады.

Аталған несие желісі компанияға операциялық қызметте кассалық алшақтықты жоюға және кешіктірмей өнімді жинау компаниясын жүзеге асыруға, жұмыскерлерге жалақыларын уақытында төлеуге, тыңайтқыштарды, орам өнімдерін, ауыл шаруашылық техникасына қосалқы бөлшектерді сатып алуға және дағдарыс жағдайында 25 жаңа жұмыс орындарын құруға көмектесті.








# 14 ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК ЖӘНЕ АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

## Қаржылық жағдай туралы есеп (мың теңге)

| *(қазақстандық мың теңгемен)* | *Мыс.* | 2015 жылғы 31 желтоқсан | 2014 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|
| **АКТИВТЕР** | | | |
| Ақша қаражаттары және олардың баламалары | 7 | 33,252,986 | 20,831,371 |
| **Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар** | 8 | 6,322,142 | 9,605,641 |
| Қаржы мекемелеріндегі қаражаттар | 9 | 254,953,501 | 177,779,614 |
| **Субсидиялау бағдарламалары бойынша дебиторлық берешек** | | 42,508 | 38,552 |
| Клиенттерге несиелер менавансатар | 10 | 101,602 | 104,792 |
| **Сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар** | 11 | 2,661,023 | 2,538,843 |
| Негізгі құралдар | 12 | 3,206,146 | 2,657,308 |
| **Материалдық емес активтер** | | 276,324 | 203,724 |
| Табыс салығы бойынша ағымдағы міндеттемелердің алдын ала төлемі | | 7,402,353 | 5,271,880 |
| **Кейінге қалдырылған салық активі** | 26 | - | 440,574 |
| Басқа да активтер | 13 | 47,087,170 | 3,581,645 |
| **АКТИВТЕРДІҢ БАРЛЫҒЫ** | | **355,305,755** | **223,053,944** |
| **МІНДЕТТЕМЕЛЕР** | | | |
| Қарыз қаражаттары | 14 | 235,268,857 | 124,495,453 |
| **Субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттемелер** | 15 | 15,675,071 | 6,047,164 |
| Кейінге қалдырылған салық міндеттемесі | 26 | 3,561,258 | - |
| **Болашақ кезеңдердің табысы және несие сипаттағы міндеттемелер бойынша резерв** | 16 | 4,515,041 | 8,927,402 |
| Басқа міндеттемелер | 17 | 1,112,339 | 441,184 |
| **МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІҢ БАРЛЫҒЫ** | | **260,132,566** | **139,911,203** |
| **КАПИТАЛ** | | | |
| Акционерлік капитал | 18 | 72,920,273 | 72,920,273 |
| **Қосымша төленген капитал** | | 834,527 | 834,527 |
| Сату үшін қолданыста бар инвестициялық бағалы қағаздарды қайта бағалау қоры | | 123,219 | 5,447 |
| **Басқа резервтер** | | 316,430 | 316,430 |
| Бөлінбеген пайда | | 20,978,740 | 9,066,064 |
| **КАПИТАЛДЫҢ БАРЛЫҒЫ** | | **95,173,189** | **83,142,741** |
| **МІНДЕТТЕМЕЛЕР МЕН КАПИТАЛДЫҢ БАРЛЫҒЫ** | | **355,305,755** | **223,053,944** |

## Пайда немесе шығын және басқа да жиынтық табыс туралы есеп

| *(қазақстандық мың теңгемен)* | Мыс. | 2015 | 2014 |
|---|---|---|---|
| Пайыздық табыстар | 19 | 19,430,982 | 12,550,795 |
| Пайыздық шығындар | 19 | (7,102,103) | (5,062,080) |
| **Таза пайыздық табыстар** | | 12,328,879 | 7,488,715 |
| Клиенттерің несиелерінің және қаржылық ұйымдардағы қаражаттарының құнсыздану резервін қалпына келтіру | 9,10 | 833,934 | 612,366 |
| **Несиелік қоржынның құнсыздану резервін қалпына келтіруден кейінгі таза пайыздық табыстар** | | 13,162,813 | 8,101,081 |
| Комиссиялық табыстар | 20 | 2,153,545 | 2,529,635 |
| **Қаржылық туынды құралдармен операциялар шығындарын шегергендегі табыс** | 21 | 44,055,883 | 1,461,340 |
| Пайда немесе шығын арқылы ақиқат құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздарды қайта бағалау табысын шегергендегі шығындар | | (1,012,726) | 129,340 |
| **Шетелдік валютамен операцияларының табысын шегергендегі шығындар** | | (211,921) | 155,424 |
| Шетелдік валютаны қайта бағалаудан табыстарды шегергендегі шығындар | 22 | (32,119,787) | (212,879) |
| **Нарықтан төмен мөлшерлемелер бойынша қаржы құралдарын бастапқы мойындау кезінде туындайтын таза шығын** | 23 | (404,812) | (1,462,112) |
| Басқа активтерің құнсыздануының резерві | 13 | (114,428) | (76,258) |
| Несиелік сипаттағы міндеттемелер бойынша резерв | 28 | (1,056,091) | (40,200) |
| Сату үшін қолданыста бар инвестициялық бағалы қағаздарды қалпына келтіру | | 39,005 | 2,147 |
| Басқа операциялық табыстар | 24 | 106,686 | 102,965 |
| Жалпы және әкімшілік шығындар | 25 | (4,940,830) | (5,141,595) |
| **Салық салғанға дейінгі пайда** | | 19,657,337 | 5,548,888 |
| Пайдаға салынатын салық бойынша шығындар | 26 | (4,001,832) | (1,407,468) |
| БІР ЖЫЛДАҒЫ ПАЙДА | | 15,655,505 | 4,141,420 |
| **Басқа да жиынтық табыс**<br>*Салдарынан пайда немесе шығын құрамына қайта жіктелуі мүмкін баптар:* | | | |
| Сату үшін қолданыста бар инвестициялар: | | | |
| - Бір жылдағы шығындарды шегергендегі табыстар | | 156,777 | (19,866) |
| - Шығу немесе құнсыздану нәтижесінде табысқа немесе шығынға ауыстырылған шығындарды шегергендегі табыстар | | (39,005) | (2,147) |
| **Бір жылдағы басқа да жиынтық табыс** | | 117,772 | (22,013) |
| **БІР ЖЫЛДАҒЫ ЖИЫНТЫҚ ТАБЫСТЫҢ БАРЛЫҒЫ** | | 15,773,277 | 4,119,407 |





## Капиталдағы өзгерістер туралы есеп

| *(қазақстандық мың теңгемен)* | Акционерлік капитал | Қосымша төленген капитал | Сату үшін қолданыста бар инвестициялық бағалы қағаздарды қайта бағалау қоры | Басқа да резервтер | Таратылмаған пайда | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2014 жылғы 1 қаңтардағы қалдық | 72,920,273 | 834,527 | 27,460 | 316,430 | 5,971,230 | 80,069,920 |
| Бір жылдағы табыс | - | - | - | - | 4,141,420 | 4,141,420 |
| **Басқа жиынтық табыс** | - | - | (22,013) | - | - | (22,013) |
| Бір жылдағы жиынтық табыстың барлығы | - | - | (22,013) | - | 4,141,420 | 4,119,407 |
| **Төленген дивидендтер** | - | - | - | - | (1,046,586) | (1,046,586) |
| 2014 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық | 72,920,273 | 834,527 | 5,447 | 316,430 | 9,066,064 | 83,142,741 |
| Бір жылдағы пайда | - | - | - | - | 15,655,505 | 15,655,505 |
| **Басқа да жиынтық табыс** | - | - | 117,772 | - | - | 117,772 |
| Бір жылдағы жиынтық табыстың барлығы | - | - | 117,772 | - | 15,655,505 | 15,773,277 |
| **Төленген дивидендтер** | - | - | - | - | (3,742,829) | (3,742,829) |
| 2015 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық | 72,920,273 | 834,527 | 123,219 | 316,430 | 20,978,740 | 95,173,189 |

## Ақша қаражаттары қозғалысы туралы есеп

| (қазақстандық мың теңгемен) | 2015 | 2014 |
|---|---|---|
| **Операциялық қызметтен ақша қаражаттарының қозғалысы:** | | |
| Алынған пайыздар | 12,393,691 | 9,797,407 |
| **Төленген пайыздар** | (2,906,961) | (3,394,628) |
| Алынған комиссиялар | 3,873,034 | 1,570,206 |
| **Қаржылық туынды құралдармен жасалған операциялар бойынша алынған табыстар** | 727,266 | - |
| Басқа да операциялық қызметтен түсімдер | 105,713 | 98,194 |
| **Клиенттердің осыған дейін шегерілген несиелерді өтеу** | - | 358,271 |
| Еңбек ақы төлеу бойынша шығындар, төленген | (2,206,191) | (1,770,930) |
| **Жалпы және әкімшілік шығындар, төленген** | (1,460,109) | (1,472,800) |
| Төленген пайда салығы | - | - |
| **Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгертілупге дейінгі операциялық қызметтен алынған ақша қаражаттары** | 10,526,443 | 5,185,720 |
| Таза (өсім)/төмендеу: | | |
| **- табыс немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар** | 2,346,043 | 197,170 |
| - қаржы мекемелеріндегі қаражаттары бойынша | (114,045,580) | (141,509,617) |
| **- клиенттерге несиелер мен авансттар бойынша** | 520,408 | 274,413 |
| - басқа активтер бойынша | (1,094,703) | (1,625,497) |
| **Таза (өсім)/төмендеу:** | | |
| - басқа  қаржылық міндеттемелер бойынша | 9,922,216 | (1,783,835) |
| **- басқа міндеттемелер бойынша** | 262,448 | 466,844 |
| **Операциялық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаттары** | (91,562,725) | (138,794,802) |
| Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражаттары | | |
| **Сату үшін қолданыста бар инвестициялық бағалы қағаздарды өткізуден және өтеуден түсімдер** | - | 81,969 |
| Сату үшін қолданыста бар инвестициялық бағалы қағаздарды өткізуден түсімдер | 300 | 1,700 |
| **Негізгі құралдарды сатып алу** | (852,302) | (669,522) |
| Материалдық емес активтерді сатып алу | (146,372) | (133,990) |
| **Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаттары** | (998,374) | (719,843) |
| Қаржылық қызметтен ақша қаражаттары | | |
| **Қарыз қаражаттарын алу** | 115,365,480 | 172,646,140 |
| Қарыз қаражаттарын өтеу | (7,113,597) | (19,960,506) |
| **Бағынышты борышты өтеу** | - | (3,953,782) |
| Төленген дивидендтер | (3,742,829) | (1,046,586) |
| **Қаржылық қызметтен алынған таза ақшақаражаттары** | 104,509,054 | 147,685,266 |
| **Айырбастау бағамының өзгеруінің ақша қаражаттарына және олардың баламаларына әсері** | 473,660 | 91,786 |
| **Ақшалай қаражаттың және олардың баламаларының таза өсімі** | 12,421,615 | 8,262,407 |
| Кезеңнің басына ақша қаражаттары және олардың баламалары | 20,831,371 | 12,568,964 |
| **Кезең соңына ақша қаражаттары және олардың баламалары** | 33,252,986 | 20,831,371 |





## *Аудиторлық қорытынды («ПрайсУотерхаусКуперс» ЖШС тәуелсіз аудиторының есебі)*

**Қордың акционеріне және Директорлар кеңесіне**

Біз «Даму» қорының 2015 жылдың 31 желтоқсанына қаржылық жағдайы туралы есептен, табыстар мен шығындар және жиынтық табыс туралы есептерінен, аталған күні аяқталған бір жылда капиталдың өзгеру және ақша қаражаты қозғалысының есептерінен тұратын қаржылық есептілігіне, сонымен қатар саясат және өзге де түсініктеме ақпарат есебінен негізгі қағидаларға қысқаша шолудан тұратын ескертулерге аудит жүргіздік.

**Қаржылық есептілікке басшылықтың жауапкершілігі**

Басшылық Халықаралық қаржы есептілігінің стандарттарына сәйкес аталған қаржылық есептілікті жасауға және анық ұсынуға және ықылассыз әрекеттердің және басшылық қателердің салдарынан маңызды бұрмалаулардан тұрмайтын, қаржы есептілігін жасауға қажетті деп санайтын ішкі бақылауға жауап береді.

***Біздің жауапкершілігіміз біз жүргізген аудиттің негізінде осы қаржы есептілігі туралы көзқарасымызды білдіруден тұрады.***

**Аудитордың жауапкершілігі**

Біздің жауапкершілігіміз біз жүргізген аудиттің негізінде осы қаржы есептілігі туралы көзқарасымызды білдіруден тұрады. Біз Халықаралық аудит стандартына сәйкес аудит жүргіздік. Аталған стандарттар этикалық нормаларды сақтауды, сонымен қатар қаржылық есептіліктің маңызды бұрмалаулардан тұрмайтындығына орынды сенімділікке ие болу үшін аудитті жоспарлауды жүргізуді талап етеді.

Аудит қаржылық есептіліктің сандық көрсеткіштерін және ондағы ақпараттың ашылуын растайтын, аудиторлық дәлелдерді алуға бағытталған іс-шаралар жүргізуден тұрады. Шараларды таңдау ықылассыз әрекеттердің және пайымдаулардың салдарынан қаржы есептілігінің маңызды бұрмалану қаупін бағалаумен қоса, аудитордың кәсіптік ой-пікіріне байланысты болып келеді. Осы қауіптерді бағалау үдерісінде аудитор сәйкес жағдайларда, аудиторлық шаралар әзірлеу үшін қаржы есептілігін жасаудың және сенімді ұсынудың ішкі бақылау жүйесін қарастырады, алайда ұйымның ішкі бақылауының тиімділігі туралы өз ойын білдіру мақсатында емес. Аудит, сондай-ақ, басшылық жасаған, қолданылатын есептік саясаттың сипатын және бухгалтерлік бағалаудың негізділігін бағалаудан, сонымен қатар жалпы қаржылық есептілікті ұсыну бағасынан тұрады.

Біз алған аудиторлық дәлелдердің өз ойымызды жеткізуге жеткілікті және  тиісті  болып табылатындығын жобалаймыз.

***Осы қауіптерді бағалау үдерісінде аудитор сәйкес жағдайларда, аудиторлық шаралар әзірлеу үшін қаржы есептілігін жасаудың және сенімді ұсынудың ішкі бақылау жүйесін қарастырады, алайда ұйымның ішкі бақылауының тиімділігі туралы өз ойын білдіру мақсатында емес.***

**Ой-пікір**

Біздің пікірімізше, қаржылық есептілік 2015 жылдың 31 желтоқсанына барлық маңызды аспектілерде Қордың қаржылық жағдайын шынайы көрсетеді, сонымен қатар, көрсетілген күні аяқталған жылға оның қаржылық нәтижелері мен ақша қаражаттарының қозғалысы Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес келеді.

## *Мекенжайлар мен байланыстар*

**Бас кеңсе:**

050004, Қазақстан, Алматы қ., Гоголь к-сі, 111,
тел.: +7 (727) 244-55-66, факс: +7 (727) 278-07-76,
e-mail: info@fund.kz, Қордың сайты: www.damu.kz

Call-орталық: +7 (727) 244-55-77, қысқа нөмір 1408 (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін)

**Филиал желісі:**

**1. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы**

**Астана қаласы бойынша аймақтық филиал**

010000, Астана қ., Алматы ауданы, Қажымұқан к-сі, д. 8а, +7 (7172) 55-91-99, 55-94-34,
факс +7 (7172) 55-92-13, e-mail: astana@fund.kz

**2. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы**

**Алматы қаласы бойынша аймақтық филиал**

050004, Алматы қ., Гоголь к-сі, 111,
тел.: +7 (727) 244-55-66, 244-55-77,
факс: +7 (727) 278-07-76 (ішкі 3100),
e-mail: almaty@fund.kz

**3. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы**

**Ақмола облысы бойынша аймақтық филиал**

020000, Көкшетау қ., Ақан сері к-сі, 46 А/1 үй, тел.: +7 (7162) 55-11-16, 55-11-18,
факс: +7 (7162) 33-38-67, e-mail: akmola@fund.kz

**4. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы**

**Ақтөбе облысы бойынша аймақтық филиал**

030019, Ақтөбе қ., Әбілхайыр хан даңғ., 51-үй,
тел.: +7 (7132) 55-24-36, 70-38-08,
факс: 8 (7132) 55-24-35, e-mail: aktobe@fund.kz

**www.damu.kz**





**5. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы**

**Алматы облысы бойынша аймақтық филиал**

040000, Талдықорған қ., Төлебаев к-сі, 86,
тел.: +7 (7282) 24-24-30, 55-87-10,
факс: +7 (7282) 24-17-27, e-mail: taldyk@fund.kz

**6. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы**

**Атырау облысы бойынша аймақтық филиал**

060005, Атырау қ., Азаттық даңғ., 17,
тел.: +7 (7122) 55-81-01, 55-80-91
факс: +7 (7122) 35-46-51, e-mail: atyrau@fund.kz

**7. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы**

**Шығыс Қазақстан облысы бойынша аймақтық филиал**

070004, Өскемен қ., Победа даңғ., 6,
тел.: +7 (7232) 25-11-12, 56-05-90, 56-05-93;
факс: +7 (7232) 25-11-12, e-mail: vko@fund.kz

**8. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы**

**Жамбыл облысы бойынша аймақтық филиал**

080000, Тараз қ., Желтоқсан к-сі, 94,
тел.: +7 (7262) 24-11-50;
факс: +7 (7262) 54-11-51,
e-mail: damu-reception@fund.kz

**9. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы**

**Батыс Қазақстан облысы бойынша аймақтық филиал**

090000, Орал қ., Темір Масин к-сі, 67/2 құрылыс,
тел.: +7 (7112) 93-34-50, 93-34-54, 93-34-53,
93-34-48, e-mail: zko@fund.kz

**10. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы**

**Қарағанды облысы бойынша аймақтық филиал**

100026, Қарағанды қ., Құрылысшылар даңғ., 4,
тел.: +7 (7212) 40-09-68, 40-09-69,
факс: +7 (7212) 40-09-69, e-mail: karaganda@fund.kz

**11. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы**

**Қызылорда облысы бойынша аймақтық филиал**

120001, Қызылорда қ., Иван Журба к-сі, №12
тел.: +7 (7242) 55-11-12, 55-11-18,
e-mail: damu@list.ru

**12. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы**

**Қостанай облысы бойынша аймақтық филиал**

110000, Қостанай қ., Әл-Фараби даңғ., 65,
тел.: +7 (7142) 54-15-83, 54-24-41, 99-03-05,
54-03-06, факс: +7 (7142) 53-23-98,
e-mail: kostanay@fund.kz

**13. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы**

**Маңғыстау облысы бойынша аймақтық филиал**

130000, Ақтау қ., 16 шағ.ауд., 24-үй,
тел.: +7 (7292) 70-10-51; факс: +7 (7292) 30-43-04,
e-mail: aktau@fund.kz

**14. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы**

**Павлодар облысы бойынша аймақтық филиал**

140000, Павлодар қ., Короленко к-сі, 109,
тел.: +7 (7182) 70-38-02,70-38-10;
факс: +7 (7182) 20-83-53, e-mail: pavlodar@fund.kz

**15. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы**

**Солтүстік Қазақстан облысы бойынша аймақтық филиал**

150000, Петропавл қ., Жамбыл к-сі, 191,
тел.: +7 (7152) 55-98-10,
e-mail: Zh.Kazezova-Bebko@fund.kz

**16. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы**

**Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша аймақтық филиал**

160023, Шымкент қ., Әл-Фараби ауд., Рысқұлов к-сі, 8 А, тел.: +7 (7252) 99-70-49, 29-48-11.

**17. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы**

**Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласы бойынша Аймақтық филиалдың өкілдігі**

071400, Семей қ., Абай даңғ., 5,
тел.: +7 (7222) 52-01-59; e-mail: cppsemey@mail.ru

**18. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы**

161200, Түркістан қ., Қожанов к-сі, 7,
тел.: +7(72533)59-98-2

# 1-Қосымша

## Қор 2015 жылы жасаған мүдделі мәмілелер туралы ақпарат

| Шарт бойынша контрагент атауы | Шарт нөмірі және жасау күні | Шарттың мәні | Шарттың маңызды талаптары |
|---|---|---|---|
| «Қазақстан даму банкі» АҚ | 10.03.2015 жылғы №27-БЭ-А/21 | «Азия Даму банкі қаражаты есебінен ЕДБ арқылы ШОБ қаржыландыру» жобасына банктік сараптама жүргізу | Сумма - 463 000 теңге;<br><br>Қызмет көрсету мерзімі – 30 жұмыс күні |
| **«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ** | **13.03.2015 жылғы №39** | **Өңдеу өнеркәсібіндегі ШОБС несие беру үшін ЕДБ орналастыру үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық қоры қаражатынан несие беру** | **Сомасы - 50 000 000 000 теңге;**<br><br>**Мерзімі - 20 жыл;**<br><br>**Мөлшерлеме – жылдық 0,15%.** |
| «Алгоритм технопаркы» ЖШС | 29.01.2015 жылғы №40 | Кеңсе бөлмелерін жалғау алу бойынша қызметтер | Шарттың қолданылу мерзімі – 01.01.2015 жыл және 31.12.2015 жыл аралығында |
| **«Қазақстан даму банкі» АҚ, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі** | **12.08.2015 жылғы №4PPK022 мемлекеттік кепілдік беру туралы келісім** | **Азия Даму банкі қарыздары бойынша мемлекеттік кепілдік ұсыну (3 транш)** | **Келісім сомасы – 228 млн. АҚШ доллары;**<br><br>**Мемлекеттік кепілдік үшін бір жолғы алымды төлеу – мемлекеттік кепілдік сомасынан 0,2%.** |
| «Қазақстан даму банкі» АҚ | 11.09.2015 жылғы №042/2015 шарты салымның арнайы есебі шарты | Азия Даму банкі қарыздарының 3 траншы бойынша қаражат жинаудың арнайы шотын ашу | Шарты салымның арнайы шоты (Қызмет көрсету шоты) – Кепілдендірілген мемлекеттік қарыз бойынша болашақтағы Төлемдерді өтеуді қамтамасыз етуге арналған банктік шот. |
| **«Қазақстан даму банкі» АҚ** | **30.09.2015 жылғы №254-БЭ-А/21 Мемлекет кепілдік берген қарыздар есебінен қаржыландыруға ұсынылатын жобаларды (қайтарымды негізбен қаржыландыруға ұсынылатын республикалық және жергілікті бюджеттік инвестициялық жобаларды) банктік сараптау бойынша қызметтерді өтеусіз көрсету шарты** | **Бүкіл әлемдік банк қарызы бойынша банктік сараптама бойынша қызметтерді сатып алу** | **Сомасы 1 982 000 теңге;**<br><br>**Қызмет көрсету мерзімі 30 жұмыс күні ;**<br><br>**100% алдын ала төлем.** |



## Қор 2015 жылы жасаған ірі мәмілелер туралы ақпарат

| Шарт бойынша контрагент атауы | Шарт нөмірі және жасау күні | Шарттың мәні | Шарттың маңызды талаптары | Қордың мәмілені жасау туралы шешімді қабылдаған уәкілетті органының шешімінің күні және нөмірі |
|---|---|---|---|---|
| Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі | 12.08.2015 жылғы №4PPK022 | Қорға мем. кепілдік беру | Сомасы – 228 000 000 АҚШ долл.,<br>Валюта - доллар США,<br>Мөлшерлеме – 0,81470%<br>Мерзім – 15.09.2020ж. | Қордың ДК 07.07.2015 жылғы шешімі (№63 хаттама) |
| **Азия даму банкі** | **11.09.2015 жылғы №3231-KAZ 3261- KAZ** | **ЕДБ арқылы ШОБС қаржыландыру ұсыну** | **Сомасы - 228 000 000 АҚШ долл.**<br><br>**Мерзімі – 5 жыл Мөлшерлеме – 2,34%** | **Қордың ДК 16.02.2015 жылғы шешімі (№58 хаттама)** |

## Қор 2015 жылы жасаған байланысты тараптармен жасалатын операциялар туралы ақпарат

| № | Шарт бойынша контрагент атауы | Шарт нөмірі және жасау күні | Шарттың мәні | Шарттың маңызды талаптары | Қордың мәмілені жасау туралы шешімді қабылдаған уәкілетті органының шешімінің күні және нөмірі |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ | 13.03.2015 жылғы №39 | Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатынан ақша орналастыру | Сомасы - 50 млрд. теңге<br><br>Валютасы – теңге<br><br>Мөлшерлеме – 0,15%<br><br>Мерзімі – 20 жылға дейін | Қордың ДК отырысының 10.03.2015 жылғы шешімі (№59 хаттама) |
| 2 | **«Қазақстан даму банкі» АҚ (және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі)** | **12.08.2015 жылғы №4PPK022** | **Мемлекеттік кепілдік ұсыну және қаржы агенті қызметтерін көрсету.** | **Азия Даму банкінің қарызы бойынша мемлекеттік кепілдік ұсыну** | **Қордың ДК отырысының 07.07.15 жылғы шешімі (№63 хаттама) Директорлар кеңесінің 16.02.15 жылғы №58 шешімі** |
| 3 | «Қазақстан даму банкі» АҚ | 11.09.15 жылғы №042/2015 | Шарты салымның арнайы шотын ашу және банк қызметтерін ұсыну. | 40 күн бойы шотқа қаржы жинау | Директорлар кеңесінің 16.02.15 жылғы №58 шешімі |

© Designed by «Ready Steady» READY STEADY ART DIRECTION / GRAPHIC DESIGN

Отчет подготовлен RAEX («Эксперт РА Казахстан») RAEX ЭКСПЕРТ РА КАЗАХСТАН